БІЛІМ МӘРТЕБЕСІ

Республикалық педагогикалық ғылыми әдістемелік журнал

№12 (60) 2024 желтоқсан

МЕНШІК ИЕСІ
ЖК «БІЛІМ МӘРТЕБЕСІ»

ДИРЕКТОР
Ербол Түркмен

БАС РЕДАКТОР
Қанжар Мырқы

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық Ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік Бақылау комитетінде 10.10.2019 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №KZ47VPY00015867 куәлігі берілген

БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:
120014, Қызылорда қаласы,
Байсейітова көшесі 100 үй
Тел: 8 707 510 08 91,
8 778 380 53 74
E-mail: zhazi_0091@mail.ru
Таралымы - 1000 дана
Журнал «БІЛІМ КЕНІ» редакциясында теріліп, беттеліп, «Принт» баспаханасында басылды.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді.

Мақаладағы мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты.

Қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.

Редакция алқасы:

Боранбаева Айман Жұбатқанқызы - Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушысы

Жолшаева Майра Сатыбалдиевна - филология ғылымдарының докторы, доцент, Сулейман Демираль атындағы университеті

Ергебек Құлбек - филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Серікбаев Сәкен Карбозұлы - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты

Ш.И.Кубенова - М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент

Меншікті тілшілер:

Оразбекқызы Гүлжанат
Ақмола облысы

Абылшеева Мадина Карахожаевна
Ақтөбе облысы

Асқарқызы Салтанат
Алматы қаласы

Амантаева Жадыра Аманбайқызы
Түркістан облысы

Білім мәртебесі журналының айдарлары

Мектептегі мерекелер
Ағылшын тілі
Тәрбие сағаттары
География
Шәкірттер жетістіктері
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту
Қызықты мәліметтер
Информатика
Тарих
Менің мектебімнің тарихы
Қазақ тілі және әдебиеті
Білікті басшы
Математика
Әдістемелік қоржын
Ән-күй
Алғашқы әскери дайындық
Бастауыш сынып
Құқық негіздері
Ашық сабақтар
Орыс тілі және әдебиеті
Өзін-өзі тану
Тест жинағы ұстаз туралы жыр – шәкірт шығармашылығы
Технология – қолөнер
Физика – Химия
Дене тәрбиесі
Сурет және сызу
Өлкетану – экология

МАЗМҰНЫ

1. Сьезхан Жанибек. Жоғымызды түгендейтін кез келді... 4
2. Уринбасаров Бауыржан. Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы 5
3. Рахметов Абзалбек. Ауыл шаруашылық өндірістегі заманауи техникалар мен жабдықтар 7
4. Ильясова Ақгүл. Мендель ашқан белгілердің тұқым қуалау заңдылықтары 9
5. Алдабергенова Айжан. Әдебиеттану ғылымының рухани дамуы – халық өркениетінің кемел көкжиегі 11
6. Баймаханова Кемал. Ұлттық ойынды – ұлықтайық 13
7. Сембаев Акылбек. Бейнелеу өнерінің негізгі бағыттары 14
8. Ақниязова Динара. Қошқар мүйіз 15
9. Иебек Жәнібек. Функционалдық сауаттылықты арттыруда дүниежүзілік экономикалық және әлеуметтік география пәндерінің өзара байланысын бағалау 18
10. Пірмахан Мархабат. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс 20
11. Литвинова Екатерина. Информационные методы обучения математике 21
12. Тулегенова Асемгуль. Тарих пәні сабақтарында білім алушыларды интербелсенді оқыту әдістері арқылы сындарлы ойлауға үйрету 22
13. Уразова Салтанат. Жасуша әлеміне саяхат 24
14. Абуова Гүлжайна. «Құлагер» поэмасының тарихи және көркемдік құндылығы 27
15. Н.Амангелдиева, М.Аманбаева. Биолог студенттердің экологиялық білімін дамыту ерекшеліктері 30
16. Сыбанқұлова Мөлдір. Қазақ тілін жаңаша оқыту технологиялары 32
17. Байшекеева Акбота. Экологиялық жобалар арқылы ағылшын тілін қалай үйренуге болады? 34
18. Гасанова Лейла. Эффективные методы подготовки школьников к выполнению тестовых заданий ЕНТ по английскому языку: от базовых навыков к высоким результатам 35
19. Жанпеисова Баян. Адам және табиғат 36
20. С.Т.Бутаева. Как уменьшить мощность звука 38
21. Биданова Ләйлә. Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытудың маңызы мен ерекшеліктері 42
22. Әбдуәли Назерке. Гендік инженериядағы ЖИ: CRISPR технологиясы мен болашақ 43
23. Асанова Алия. Чисто жить – здоровым быть 45
24. Арыстанова Акерке. Фосфор және оның қосылыстары 48
25. Рсалиева Жұмагүл. Бастауыш сыныптардың шапшаң оқуға қызығушылықтарын арттыру 51
26. Тимурқызы Айжан. Химиялық реакциялардың типтері 54
27. Әбдіқадір Шыңғыс. Инклюзивті білім берудегі дене шынықтырудың рөлі 57
28. М.Н.Кершебаева. Зерттеу қызметін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұны моделі 59
29. Садирова Жанерке. Бастауыш сынып оқушыларының дамуы 62
30. Жоламанова Гулсим. Бейімбет Майлин шығармалары шыншылдыққа құрылған 63
31. Апбасов Мери. Мектептегі дене шынықтыру сабағында ақпараттық технологияларды қолдану ерекшеліктері . 64
32. Ертуғанова Әлия. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау 65
33. Төлепберген Жансая. Логопедияның мәні мен маңызы 67
34. Темірғалина Шырын. Лермонтов и Абай: два великих мыслителя и поэта 68
35. Омаров Еркин. Секіру және лақтыру: топтық дайындық жоспары 69
36. Ногаева Назгуль. Сыр өңіріндегі тарихы терең орындар 71
37. Адамбекова Ажар. Қазақстанның географиялық орны мен шекаралары 73
38. Маханбетова Қымбат. Бастауыш сынып оқушыларының дамуы 74
39. Шаймаганбетова Лаззат. Ұлттық рухты оятқан ұлы тұлға 75
40. Баймаханова Салтанат. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда және әлеуметтік бейімдеуде психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің маңызы 77
41. Арғымбаева Айсұлу. Бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу 79
42. Мырзабаев Нұрбол. Отанға қызмет ету – абыройлы міндет 81



Жоғымызды түгендейтін кез келді...

Сьезхан Жанибек
Алматы облысы, Үшқоңыр су шаруашылығы колледжінің арнайы пәндері оқытушысы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы ел жастарына үлкен серпін мен сенім беріп отыр.

«2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы» жастарға сенім артумен қатар, барлық еңбек адамына деген ерекше құрметтің белгісі.

Жұмысшы мамандықтарын дайындауда бірден бір күш кәсіптік техникалық білім беру жүйесіне, соның ішінде арнайы білім беретін оқытушыларға түседі. Биыл оқытушыларға өзгеріске тез бейімделуге, жаңашылдыққа бет бұруға, жан-жақты дамуға, жаңа қырынан көрінуге үлкен мүмкіндік туып отыр.

Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі – 80 жылдық тарихы бар, гидротехникалық құрылыс саласында кәсіби мамандар дайындап келе жатқан еліміздегі бірегей білім орны.

Колледжімізде жұмысшы мамандықтарын дайындауда, жұмыс берушілер әлеуметтік серіктестірмен бірге ықпалдаса жұмыс атқарып келеді. Білім беру бағдарламаларын да келісілген жүйеде дайындап, бірлесіп жұмыс атқарып жатыр.

Қазір жұмысшы мамандардың алға жылжуына кедергі болып отырған бірден бір жайт – еңбекақының төмендігі. Еңбекақының аздығы дипломын жаңа қолға алып, мамандығына қызығушылығы артып, жалындап-жанып тұрған талай жастың талпынысын жаншып басып, өз саласынан еріксіз кетуіне әкеп соғып отыр. Еселі еңбектің еленуі – еңбек адамына деген құрметпен қатар, еңбекақыныңда өсуі деп білемін. Алда жастарымызға да қолдау берілер деген сенімдемін.

Кәсіптік техникалық білім беру жүйесінде, кейбір колледждерде, жұмысшы мамандығын дайындауда зертханалық қондырғылар мен құрал саймандардың жетіспеуі (немесе тозып істен шығуы, заман талабына сай жаңаланбауы) ұстаздардың да кең көсіліп практикалық сабақтар өтуіне, білімді нақты да, нанымды етіп жеткізуге кедергісін келтіріп отырғаны жасырын емес. Бұл арада жоғарыда атап өткендей, «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы» деп атап қоймай, құр сөзбен орақ ормай, ескіміз жаңарып, жоғымыз түгенделеді деген үмітім бар.

«Болар істің басына жақсы келер қасына» дегендей, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев тікелей бастамасымен «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы қордаланып түйіткілін шешілмеген мәселердің шешімін таба отырып, алға қарай ілгері басуымызғы бағдар-бағытты айқындап берері анық.

«2025 жыл - Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарялау аясында Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі ұжымы «Гидротехникалық құрылыс» мамандығын дайындаймыз. Су құрылысы объектілерін салу: Көпір құрылысын салу, су қоймалары, су бөгегіш құрылымдар, магистралды каналдар, гидротораптар, бөгеттер және жалпы құрылыс жұмысын жүргізетін мамандар дайындаймыз. Сонымен қатар 2025-2026 оқу жылына «Гидротехникалық мелиорация» жаңа мамандығын ашуға тікелей ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі мен Білім басқармасының тапсырмасы негізінде бірлескен жұмыстар атқарып жатырмыз. «Гидротехникалық мелиорация» мамандығы – ауыл шаруашылығы саласында қажетті өміршең мамандық. Ауыл шаруашылығы жерлерін қалпына келтіру және қорғау, Ауыл шаруашылығы дақылдарына қажетті суды суғару мерзімінде әр дақылдарға қажетті судың мөлшерін нақты есептеп кедергісіз жеткізу. Жыл сайынғы болатын көктем мезгілдеріндегі тасқын селдің алдын алу. Суғарудың заманауи түрлерін кеңінен қолданысқа енгізіп, лиманды суғаруды жандандыруды қолға алу. Жайылымды жерлердің көлемін арттыру, егістікке берілетін гидротехникалық құрылымдардағы суды бөліп берудегі гидротехниктердің жетіспеуінің орнын осы «Гидротехникалық мелиорация» мамандығын тәмамдаған түлектер арқылы орнын толтыру.

Еліміздің су саласындағы гидротехникалық құрылымдардың 60-70 %-ына дейін тозуы, күрделі жөндеуді қажет етуі, тіптен кейбір гидротехникалық құрылымдарды қайта жобалау, құру кезінде гидротехникалық мамандар ауадай керек.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қазір су шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген мамандардың 50%-ы басқа саланың мамандары екенін, тіпті кей мамандардың арнайы орта білімінің болмауын ескерсек, еліміздегі су шаруашылығы саласының жай күйін айтпай-ақ түсініп, дағдарыста тұрғанын еріксіз мойындаймыз. Сол олқылықтардың орыны толтыруда Үшқоңыр су шаруашылығы колледжінің ұстаздары өз үлесін қосып, кәсіби мамандарды дайындап шығаруға күшін салып жатыр. Шымшық сойса да, қасапшы сойсын деген даналы сөзді назарға ала отырып, әр салада өз маманы еңбек етіп, қызмет атқарса, еңбек адамына деген сый да, құрмет те еселеп артары анық.

Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы

Уринбасаров Бауыржан Елубаевич
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №139 мектеп-гимназиясы»
КММ-нің Тарих пәнінің мұғалімі

Бөлім:	5.4.Ғұндар	
Педагогтің аты-жөні:	Уринбасаров Бауыржан Елубаевич «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №139 мектеп-гимназиясы» КММ. Тарих пәнінің мұғалімі	
Күні: **23.04.2024**		
Сынып: **5** Д	Қатысушылар саны: 28	Қатыспағандар саны: 1
Сабақтың тақырыбы:	Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы. Зерттеу сұрағы: Ғұндардың Батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету;	
Сабақтың мақсаты	Халықтардың ұлы қоныс аударуының нәтижесін анықтау.	
Құндылықтар	Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу: Талап:салауатты өмір салтын ұстану; Ар-ұят:Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру	Ұйымдастыру кезеңі. Мұғалім сабаққа кірген кезеңнен бастап білім алушылармен амандасып, сыныпта білім алушылардың толық екендігіне көз жеткізеді. «Сұрақ-жауап» әдісі. Мұғалім сабақ бастар алдында интерактивті тақтада оқушыларға сұрақтар береді. Сұрақтары: • Ғұн тайпасында қандай шаруашылық түрлері дамыды атаңыздар. 2. Ғұн тайпасының билеушісін не деп атайды? 3. Шаньюйдің билігі жасына қарай қалай беріліп отырылды? Мұғалім білім алушылардың үй тапсырмасын жеткілікті деңгейде орындағанына көз жеткізгеннен кейін жаңа тақырыпқа көшу мақсатында экраннан фото-суреттер көрсетіледі. Жаңа тақырып бойынша тақырыптың атауы, оқу мақсаттары, зерттеу сұрақтары, сабақ мақсатымен білім алушылар толық танысып шығады.	Сұрақтарға жауап беру. Оқушылар фото-суреттер арқылы өздерінің пікірлерін білдіріп, бүгінгі тақырыптың не туралы болатындығын болжап көреді.	Мадақ тау	Б. Е. Көмеков, Т. С. Жұмағанбетов К. С. Игілікова «Қазақстан тарихы» 5 сынып Алматы, «Атамұра» 2017 ж 

Жаңа білім	**1-тапсырма**. «Жылдар сөйлейді» әдісі **Б.з.д 2 ғасырында .....** 1926 жылы .... 375 жылы ..... 395 жылы ..... Дескрипторлар: Білім алушы оқулықтан жоғарыда көрсетілген жылдарда болып өткен тарихи оқиғаларды жазып айтады; **2-тапсырма.** Топтық жұмыс 1-топ: «Халықтардың ұлы қоныс аудару» себептері мен нәтижелерін көрсету. 2-топ: Ғұн шаньюй Мөденің тұсында болған өзгерістерді анықтау. 3-топ: Ғұн шаньюй Аттиланың өміріне сипаттама жасайды. Дескрипторлар: • **Білім алушылар ғұн тайпасының батысқа қоныс аудару себептерін, нәтижелерін анықтайды;** • **Ғұн билеушілері Мөде, Аттила шаньюйлерінің мемлекетті басқару жүйесіне сипаттама жасайды;** **3-тапсырма. «Кім жүйрік» әдісі** **Мұғалім әлеуметтік платформаны қолдану арқылы интерактивті тақтада балаларға ойын жүзіне топтық сұрақтар береді.** Дескрипторлар: **Білім алушы ғұн сөзінің шығу тарихын түсінеді және ойын тез жинақтап, есте қабілетін арттырады;**	Білім алушы тапсырманы орындау мақсатында оқулықтан ізденеді Білім алушылар әр топқа бөлініп берілген плакаттарға сызбанұсқа, суреттер сызу арқылы мәліметтерін қорғап шығады. Білім алушылар топ болып жарысып, пәнге деген қызығушылығын арттырады.	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Ең үздік жауап»	Ақпараттық мәтін Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. – Алматы, 2010 ж.
Бекіту	Сабақты қорытындылау Үйге тапсырма «Халықтардың ұлы қоныс аудару» ғұн мемлекетіне қандай пайда алып келді? – тақырыбында шағын эссе жазып келу.	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	«Өзін-өзі бағалау	Ақпараттық карточка
Кері байланыс	**Шашылған әріптер. Educaplay.com** сайты арқылы тақырыпқа байланысты сөздерді табу. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардан бүгінгі сабақтан қандай мәліметтер алғандығы туралы кері байланыс жасайды.	Білім алушы бүгінгі тақырыпқа байланысты шашылған әріптердің арасынан термин сөзді анықтайды.	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	Educaplay.com сайты

Ауыл шаруашылық өндірістегі заманауи техникалар мен жабдықтар



Рахметов Абзалбек Қазанғапұлы
Қызылорда қаласы №257 орте-мектебінің көркем еңбек мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:		**Мектеп: 257**	
Күні:11.04		**Мұғалімнің аты-жөні: Рахметов А**	
Сынып: 7		**Қатысқандар саны:**	**Қатысқандар саны:**
Сабақтың тақырыбы:	Ауыл шаруашылық өндірістегі заманауи техникалар мен жабдықтар		
Осы сабақ арқылы іске асатын оқыту мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	-сенімділік пен дербестігін көрсету, әртүрлі заманауи техникаларды сипаттау, жіктеу, бағалауды қолдана білу. -әртүрлі техникаларды заманауи сипаттау, жіктеу, бағалауды түсіну. - әртүрлі техникаларды заманауи сипаттауды, жіктеуді, бағалауды қолдану.		
Сабақ мақсаттары:	Ауыл шаруашылығындағы жабдықтарды және заманауи техникаларды сипаттау, жіктеу және бағалау		
Бағалау критерийлері:	• Қоршаған ортадағы заттардың түсін, фактурасын, пішінін анықтайды және сипаттайды • Қойылған мақсатқа өзінің көзқарасын білуі.		
Құндылықтарды бойға сіңіру.	Ұқыптылыққа, сабырлылыққа, еңбексүйгіштікке баулу.		
Пән аралық байланыс	Тракторлар мен автомобильдер , агрономия негіздері , қазақ тілі мен әдебиеті.		
АКТ пайдалану дағдылары	https://youtu.be/fxuhb5sf-6k		

Сабақ барысы

Жоспарланған сабақ кезеңдері	**Сабақта жоспарланған қызмет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 0-15 мин.	Сыныптың жиыны. Сәлемдесу, бағалау критерийлерді және оқу мақсатын хабарлау. **Тапсырма: кімнің ойы ұшқыр?** -егерде трактордың кішкентай дөңгелегі 102, үлкен артқы дөңгелегі 114 және 132 рулі болса, қанша трактор құрастырып шығаруға болады? Сөз жұмбақты шеш. 1.Үй жиһаздарының бірі. 2.Темір егейтін құрал. 3.Өлшеуіш құралдарға жататын. 4.Бұранданың пішіні қандай.	Ауыл шаруашылығы машиналарының макеттері, сызба плакаттар, буклеттер, интерактивті тақта.
Сабақтың ортасы 16-40 мин.	**Оқулықпен жұмыс:** 1. Суреттерде қандай ауыл шаруашылығытехникасы бейнеленген? 2. Сендерге олардың қалай жұмыс істейтінін бақылау сәті түсті ме? Көргендеріңді сыныпдастарыңмен бөлісіңдер  3. Егін жинайтын мәшинелер жұмыста сенімді, жоғары өндірімді болуы тиіс, өнімді зақымдамауы, шығындары барынша аз, әртүрлі жағдайда жұмыс істей алуы қажет. Астық жинайтын комбайн-әмбебап мәшине. ол әртүрлі бидай, қарабидай, сұлы, жүгері, нүнбағыс және т.б. сияқты дәнді және майлы дақылдарды жинай алады. Астық жинайтын комбайн жұмысының схемасы: Астық бункері; Сабансілікқі; Сабан шығаратын құрылғы: Тазалау механизмі; Бастыру ұұрылғысы; Орақ	Сүреттер.



Топырақ өңдейтін құралдар.
Топырақты өңдеу бірнеше бөлек операциялардан тұрады; жырту, сыдыра жырту, тырмалау, культиватор және домалатып өңдеу. Жер жырту соқаның көмегі орындалады. Соқалар жалпы мақсаттағы және арнайы болуы мүмкін. Егіндік дақылдар мен көкөністерді үлкен көлемде егуге арналған топырақты жалпы мақсаттағы соқамен жыртады. Арнайы мақсаттағы соқалармен бақтарда, жүзімдіктерде көшеттерді отырғызу үшін жерді 0,5 м-ге және одан да терең жыртады.









Сабақтың аяғы 41-45 мин.	Тапсырма: Ауыл шаруашылығындағы жабдықтарды сипаттаңыз, танысыңыз және жіктеңіз. **Дейін- кейін әдісі .** **Рефлексия (сұрақ, не үйрендім, не қиын болды); Ұжымдық**	Суреттер бойынша жұмыс.

Кері байланыс:
Келесі сұрақтарға жауаптар алу:
-Не білдім?
-Не үйрендім?
-Не білгім келеді?
Сабақ бойынша рефлексия
Сабақ мақсаттары/оқыту мақсаттары іске асырмалы болды ма?
Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?
Сабақтың уақыт кезеңдері сақталды ма?
Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды және не себепті?

Жалпыбағалау:
Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті (сабақ беру, сондай-ақ оқыту туралы ойланыңыз)?
1:
2:
Сабақты жақсартуға не ықпал етуші еді (сабақ беру, сондай-ақ оқыту туралы ойланыңыз)?
1:
2:
Мен сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені айқындадым, келесі сабақтарда неге назар аудару керек?

Мендель ашқан белгілердің тұқым қуалау заңдылықтары

Ильясова Ақгүл Омарбекқызы
Қызылорда қаласы №212 мектеп – гимназиясының мұғалімі

Бөлім:	Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні:		
Сынып: 9 «В»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Мендель ашқан белгілердің тұқым қуалау заңдылықтары. Тұқым қуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.2.4.1 – генетиканың дамуы мен қалыптасуындағы Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау	
Сабақтың мақсаты:	- генетиканың дамуы мен қалыптасуындағы Менделдің зерттеулерінің үлесін бағалау; - негізгі генетикалық түсініктерді, символдарды және терминологияны білу;	
Құндылықтарды дарыту:	**«Құрмет»** – Оқушылар топтық, жұптық жұмыс барысында бір-бірінің пікіріне құрметпен қарайды. **«Ынтымақтастық»** – Өзара қарым-қатынас орнатады, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырады, бір-біріне көмек көрсетеді. **«Еңбек және шығармашылық»** – Биологиялық заңдылықтарды талдайды.	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 3 минут 5 минут 2 минут	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу, түгендеу. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру:«Әліпбилік тілек» Үй тапсырмасын пысықтау. Белсенді оқыту әдісі: Серпілген сауал. Тәсіл: Пликерс Топқа бөлу: Онлайн генератор 1-топ: F1 2-топ: F2 3-топ: F3	Оқушылар өзінің есімінен басталатын әріптен көршісіне тілек айтады. Карточкалары арқылы тестке жауап береді Топқа бөлінеді	Мадақтау Дескриптор: -мейоз фазаларына қатысты сұрақтардың жауабын көрсетеді Бағалау: Домбыра әдісі (2 балл) Кері байланыс: асық (ең көп асық жинаған оқушы сабақ лидері атанады)	Жауап карточкалары https://qazmath.net/quraldar/top-ka-bolu/

Сабақтың ортасы 7 минут 10 минут 7 минут 8 минут	Жаңа сабақ. Мұғалімнің түсіндірмесі Мультимедиалық таныстырылым. «Стоп-кадр» әдісі Фенотип деген не? Мендель тәжірибесінде бірінші ұрпақтан қандай түсті бұршақтар пайда болды? Мендельдің екінші заңы қалай аталады? Мендельдің үшінші заңының ерекшелігі неде? **1-тапсырма:** Жұмыс формасы: Топтық жұмыс Белсенді оқыту әдісі: «Ой қозғау» Тәсіл: Mind map (ақыл картасы) **2-тапсырма:** Жұмыс формасы: Жеке Белсенді оқыту әдісі: Интербелсенді ойын Тәсіл: Пазлды викторина **3-тапсырма:** Белсенді оқыту әдісі: Сын тұрғысынан ойлау Тәсіл: ПОПС формуласы (Позиция Объяснение Пример Суждение) Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,....» Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...» Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....» Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...» 1-топ – Белгілердің ажырау заңы деген не? 2-топ – Біркелкілік заңы деген не? 3-топ – Мендель өз зерттеулері арқылы ғылымға қандай үлес қосты? 4-топ – Гибридологиялық әдістің генетикалық зерттеулердегі маңызы қандай?	Жаңа сабақ туралы мәлімет алады Оқушылар бейнедегі ақпаратпен танысады, сұрақтарға жауап береді Мендельдің үш заңын ақыл картасы форматында түсіндіреді Сұрақтарға жауап беру арқылы пазлдың артына жасырынған суретті ашады Берілген формула бойынша төрт сөйлем құрайды	Дескриптор: -Мендельдің заңдарын сипаттайды. Бағалау: Домбыра әдісі (2 балл) Кері байланыс: асық Дескриптор: -Мендель заңдарына қатысты сұрақтардың жауабын көрсетеді; Бағалау: Домбыра әдісі (2 балл) Кері байланыс: асық Дескриптор: -Біркелкілік заңын түсіндіреді; -Белгілердің ажырау заңын түсіндіреді; -Мендель зерттеулерінің мәнін ашады; -Гибридологиялық әдістің маңызын сипаттайды Бағалау: Домбыра әдісі (2 балл) Кері байланыс: асық	Презентация https://learningapps.org/watch?v=ptbv-v5jan25 Виртуалды шындық кубы  А3 қағазы, маркерлер, стикер https://view.genially.com/6795c3e6d-39c-2d497a810b70/interactive-content-9-s-3-p-mendel-zadary Презентация
Сабақтың соңы 3 минут	Рефлексия: «Кубок» **Үйге тапсырма**: «Гаметалар тазалығының табиғаттағы рөлі» тақырыбына эссе жазу	Стикерге сабақ бойынша пікірін жазып, кубокқа орналастырады		Стикер

Әдебиеттану ғылымының рухани дамуы — халық өркениетінің кемел көкжиегі



Алдабергенова Айжан Бериковна
Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылының «№7 ЖББМ» КММ қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта тарихымызға қайта үңілу қажеттілігі артып келеді. Қоғам өмірінде XX ғасырда 70 жылдан аса кеңестік идеологияның үстемдік алғанын ескеретін болсақ, бұл дәуір әдебиетін де, әдебиеттану ғылымын да сол қоғамнан бөлек сөз етуге болмайды. Олай болса, кеңестік дәуір тұсындағы әдебиеттану ғылымының қалыптасуы мен дамуын сөз ету – бүгінгі тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттану ғылымының негізгі өзекті мәселелерінің бірі. XX ғасырдың бірінші жартысындағы ел басына түскен аумалы-төкпелі ауыр жағдайлар әдебиеттану ғылымының да өсіп-өркендеуіне өз кесірін тигізіп бақты. Қазан төңкерісінен Ұлы Отан соғысы біткенге дейінгі аралықта қазақ әдебиеттану ғылымы қалыптасу кезеңін басынан өткізді. Оның өсіп-өркендеуі, дамуы мен әлемдік деңгейге көтерілуі XX ғасырдың екінші жартысы екендігін әдебиеттанушы ғалымдар ғылыми түрде дәлелдеп берді. Ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасуына А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сынды аға буын өкілдері көп еңбек сіңірді. Қалыптасқан осы үрдісті Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, М.Қаратаев, Ы.Дүйсенбаев, Х.Сүйіншалиев, М.С.Сильченко, Н.С.Смирнова сынды ірі ғалымдармен бірге З.Ахметов, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Бердібаев, Е.В.Лизунова, М.Базарбаев, А.Нұрқатов, С.Ордалиев, Ә.Дербісалин, Ш.Сәтбаева, Н.Ғабдуллин, Б.Уахатов, М.Дүйсенов, О.Нұрмағамбетова, Б.Наурызбаев, М.Хасенов, Т.Кәкішев, Ә.Нарымбетов сынды жас буын өкілдері жалғастырды. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы, өсіп-өркендеуі, қарыштап дамуы мен ұлттық әдебиетіміздің жекелеген жанрлар негізінде қарқынды дамуын жүйелі зерттеу нысанына алған еңбектерді де жаңаша саралайтын уақыт жетті. Ұлттық әдебиеттің тарихын егемен елдің талап-тілектеріне сай қайта жазу қажеттігі туған тұста С.Қирабаев: «Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көп ұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке жетуіміздің заңды жолын көрсетуге тиіспіз» деген болатын. Одан бергі уақытта мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» мен екі томдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» зерттелді. Ал, ұлттық әдебиеттану ғылымына еңбек сіңірген жекелеген ғалымдардың зерттеу еңбектерін саралау барысында қазақ әдебиеті тарихының зерттелу жолдары, ұлттық әдебиеттану ғылымының өткен жолы сарапқа түсері даусыз. Әдебиеттану ғылымына үлес қосқан әдебиеттанушы ғалымдардың өмірі мен зерттеулерін жеке зерттеу нысанасына алу, олардың ұлттық мұрамызға жасаған қамқорлығын көрсету, ұлттық ғылымның дамуына қосқан үлесін саралау – егемендік алған тәуелсіз еліміздің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі.

Қазіргі таңда қазақ әдебиеті мен ұлттық әдебиеттану ғылымына еңбегі сіңген қалам қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы жекелеген мәселелер төңірегінде зерттеліп жүр.

Кеңестік дәуір тұсында Одақтың құрамына енген халықтардың барлығы «кеңес халқы» ретінде танылғандықтан, олардың әдебиеті де кеңес әдебиетінің талап-тілектерінен шыға алмады. «Тілі басқа, тілегі бір» халықтар әдебиетінде ұлттық құндылықтан гөрі, кеңестік мүдде алғашқы орынға шығып, әдебиетте таптық көзқарас орын алды.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтеруге Ш. Мұртаза, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Б. Нұржекеұлы,

Т. Нұрмағанбетов, Қ. Түменбай, Ә. Тарази сынды қаламгерлер үлес қосты.

Ш. Мұртазаның шағын жанрды ұмыт қалдырмай, оған өзіндік үлес қосып жүргендігін «Алапар мен Динго», «Бұршақ», Тәуекел той» сықылды әңгімелері растайды. «Тәуекел той» әңгімесінің атының өзі айтып тұрғандай, шығармаға қазіргі замандағы бәсеке тойы арқау болған. Бақталастық пен күндестіктің шегінен асқынғандығы сонша той десе жанын салатын қазақ бүгінде дәстүрлі тойларды жоғалтып, тойдың өзін бәсекеге айналдыра бастады. Даңқ пен дақпыртқа мастанған жандардың өзгеден асып түсу мақсатында тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы – бүгінгі күннің шындығы.

Қ.Жұмаділовтің «Жалдамалы күйеу», «Жемдеген қырғауылдар», «Құдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші» (2000), «Бұқарбайдың бұқасы» (2000), «Ит базары» (2001) секілді әңгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқиғалары, кейіпкерлері жаңа заманның адамдары. «Жалдамалы күйеудегі» (инженер) Баймырзаның өз бала-шағасын тастап, басқа бір бай әйелге (Айсұлу) кетіп қалуы – өмірден алынған шындық. Сол секілді «Жемдеген қырғауылдардағы» аудан әкімі Нұрсаған Бектұрғановтың, «Құдайдың

үйіндегі» Әкпар молданың, «Бұқарбайдың бұқасындағы» кәсіпкер Бұқарбайдың іс-әрекеттерін суреттеу арқылы жаңарған қоғамның сипатын, кескін-келбетін, тынысын ашып көрсеткен.

Шағын әңгімелерінде ауыл өмірінің көркем суреттерін жасаған

Т. Нұрмағанбетовтің тәуелсіздік тұсында жазылған «Анасын сағынған бала» әңгімесі тоқсаныншы жылдардағы өмір шындығына негізделген. Шаруашылықтар тарап, ауылдағы ер-азаматтардың бәрі жұмыссыз қалған тұста бала-шағаны асырау қамымен әйел-аналардың ала қапты арқалап қалаға ағылғаны белгілі. Қала кезген ана мен ауылда қалып, Алматыдан келген Есмағанбеттен анасының хабарын күткен Сержанның үш күндік әңгімесімен сол тұстағы ауылдың халі көркем бейнеленген.

Тоқырау жылдарындағы және тәуелсіздік тұсындағы қазақ ауылдары мен қала тіршілігінің тұрмыс-күйі Қ. Найманбаев, Д. Досжан, С. Елубаев,

С. Балғабаев, М. Асылғазин, С. Асылбеков, Н. Ақыш, Д. Әшімханов,

Т. Мәмесейіт, т.б. жазушылардың әңгімелеріне негіз болды.

Ғасырлар бойындағы ұлт-азаттығы үшін дүркін-дүркін күрестердің соңғысы 1986 жылғы әйгілі Желтоқсан оқиғасы болды десек, жаңсақ айтпаспыз. Орталық Комитет Пленумының шешімдеріне өткір наразылықты арқау еткен сол кездегі Брежнев алаңындағы қазақ жастарының демонстрациясы тәуелсіздік биігінен осылайша өз бағасын алды. Ұлт намысы үшін иық тіресе бас көтерген ұл-қыздардың ашу-ызаға толы әрекеті шын мәнінде тұтас бір қазақ еліннің кемерінен асып төгілген толқуын білдірген еді. Кіріптарлыққа, кіші ұлт санатында тіршілік кешуге еті үйрене бастаған халықтың ар-намысы үшін күйінген жастардың сол уақыттағы әрекетшілдігі мен шешімталдығы, өршіл рухы таң қалдыра отырып, жүрек түкпірінде мақтаныш сезімін оятары анық. Елінің мүддесін қорғауға бел буған жалынды қазақ жастары, бәлкім, сол кезде алда қандай бейнетті күндер күтіп тұрғанын болжап жатпаған болар. Қалай дегенмен, 1986 жылдың ызғарлы желтоқсанында алаңда қайрат көрсетіп, ашық наразылық білдірген қазақ ұл-қыздарының қаһармандығы ұлтжанды ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері уақыт аралығында қазақ әдебиеті дамудың жаңа белесіне көтерілді. Бұл тұста қазақ жазушылары тоталитаризм қыспағынан босап, еркін тыныстауға бет алды. Тәуелсіздік жазушыларға сөз бостандығын алып келді. Сөз бостандығы қазақ жазушыларына кеңестік дәуірде еркін бара алмаған, кең қозғай алмаған тақырыптарға қайта үңілуге мүмкіндік берді. Сондай тыйым салынған тақырыптардың бірі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы еді.

Әр халық өз жоғын түгендеудің нәтижесінде өткен тарихымызды бүгінгі күн тұрғысынан қайта бағалау мүмкіндігі туды. Аталған кезең әдебиетін зерттеу барысында қаламгерлердің кеңестік дәуір тұсында бара алмаған, кең тоқтай алмаған тақырыптарына еркін барғанына көзіміз жетті. Бұл жылдардағы әдебиеттің басты ерекшелігінің бірі – қазақстандық халықтардың сан ғасырлық тарихының көркем шежіресі жасалуы. Сонымен бірге, ерекше назар аударуды қажет ететін тақырыптың бірі – кеше ғана тарих қойнауына енген, XX ғасырдағы сан алуан тарихи оқиғаларына жан бітіру. Бұлардың барлығы кез келген халықтың өзінің тарихын тереңірек білуге деген құштарлығынан туындап отырғаны анық. Тәуелсіздік тарихы біздің әдеби зерттеулеріміздің әрқашан негізгі назарында тұратыны хақ.

Шын мәніндегі асыл сөз біраз уақыт дағдарысты бастан өткергені жасырын емес. Не туралы, қалай жазу керек екенін ақындар ұзақ ойланды. Шығармашылық қауым тәуелсіздіктің ең бірінші, қуатты жаршысына айналса да, замана оларды арқадан қақпады. Бұрынғыдай қаламақы, табыс ентелеп тұрмады. Қандай қиындық арқаласа да, дәл осы жазушы деген мәрт халық туған жұртының азаттығын барлық тілек-мұраттан жоғары бағалады. Қазіргі өлеңде елдік, патриотизм деген ұран сөздер аз кездеседі. Оның есесіне, ақындар күнде көріп көзіміз үйренген қарапайым шындықты бейнелеп, содан сурет салып, сол арқылы өмір сырын терең танырлық оймен көмкеруді әдетке айналдырған.Ең бастысы – қазіргі қазақ қоғамында ұлттық рухтың, намыстың оянуы, біздің қазақтығымыз, ұлттық тарихымыздың барлығы деректі шындыққа сүйеніп айтыла бастады.

Қазіргі қазақ лирикасында рух тәуелсіздігінің ақыны – Н. Оразалин,

Т. Медетбек, С. Ақсұңқарұлы, Н. Айтов, С. Досанов, Ж. Дәрібаева,

М. Неталиев, М.Айтхожина, Н.Рафаэль өлеңдері оқырман жүректеріне жол табуда. Адамзатқа ортақ бостандық мәселесінің қазақ халқы үшін де орны ерекше. Бұл мәселені ақындар тарихи тақырыптарға жан бітіру, қазіргі қоғамда өмір сүріп жатқан замандастарымыздың тағдырын көркем бейнелеу арқылы шешуге тырысты. Олардың қатарында Қ. Мырза-Әли, К. Салықов, М. Рәш, Н. Ораз, Н. Айтұлы, А. Егеубаев, Т. Әбдірахманқызы, К. Ахметова сынды ақындарды атауға болады.

Тәуелсіздік дәуірі кезіндегі романның тұлғалық, ұлттық, адамзаттық мүдделерге көзқарасы қарастырылғанда, алдымен, тақырыпты құраушы элементтердің, сөз-ұғымдардың терминологиялық жай-жапсарын анықтап алу қажеттілігі байқалады. Тәуелсіздік дәуір романдары рухани өмірімізді байытқан үстіне байыта түсуде. Ұлттық тарихымыздың арғы қайнарларын ашып қалпына келтіруде. Тұлғалық, ұлттық, адамзаттық мүдделердің қыр-сырына қанықтыруда. Не тақырыпқа қалам тербетсе де, бәріне «тәуелсіздік көзімен» қарауда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Орда Г. (2010.) Мүслім Базарбаев зерттеулері және әдебиеттану ғылымының мәселелері(3-бет)

Ақыш Н. Б. (2014.) Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар (42,61,131,209-беттер)

Қирабаев С. С. (2011.) XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі(41,445,473,553-беттер)

Майтанов Б. Қ. (2011.) XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті 2001-2011 ж (8,99,168,213-беттер)

Ұлттық ойынды - ұлықтайық



Баймаханова Кемал Алшыновна
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Байқоңыр қаласы,
"№24 бөбекжай-бақшасы" тәрбиешісі

Ұйымдастырылған іс – әрекет: Дене тәрбиесі

Тақырыбы: «Ұлттық ойынды - ұлықтайық»

Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Ұлттық ойындарды дене шынықтыру ұйымдастырылған іс әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру. Ата – бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерін баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ұлттық ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке баулу. Қажетті құралдар: Арқан, жылқы, теңге, асықтар, тақия, жүргіншілер шелектері, қоржындар, эмблемалар

Балалар залға музыкамен кіріп бір қатарға тұрады.

Тәрбиеші балаларға түзел, тік тұр деп команда береді.

Тәрбиеші: Балалар, алдымен бой қыздыру жаттығуларын орындап алайық, экранға назар аудара қойыңдар.

Видеожаттығу орындау.

Видеороликте көрсетілген жаттығуларды балалар қайталайды.

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі «Ұлттық ойынды - ұлықтайық» атты спорттық жарысқа қош келдіңдер! Жарыс болғаннан кейін қарсылассыз болмайды, сол үшін үстіміздегі жейдеміздің түсіне сәйкес екі топқа бөлініп алайық.

Балалар топқа бөлініп өз орындарына тұрады. Тәрбиеші: Бүгінгі жарыстың жеңімпазын қалай анықтайтынымызды айта кеттейін, әр сайыста жеңіп шыққан командаға мынадай түрлі-түсті жалауша беріледі, ол жалаушаны топ капитаны өз тобының таңбасының тұсына тігеді. Ойын соңында жалаушалар саны саналып жеңімпаз анықталады.

- Ал енді балалар, бойларыңа күш-қуаттарыңды жинап, өздеріңді жігерлендіріп әр топ өз ұрандарыңды айта қойыңдар.

1 - топ «Дүлдүл»

1 топ капитаны:

Қатар өскен құрдасқа,
Жарыс ұнап тұрмас па!
Қуып жету жақсы ғой
Озып шығу бір басқа.

2 - топ «Байрақ»

2 топ капитаны:

Босқа қарап тұрмайық,
Бағымызды сынайық
Намысты қолдан бермейік
Жарыстан озып шығайық.

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі сайысымыз бес ойыннан тұрады.

1. «Бәйге тартыс» (Бел тартыс)
2. «Асық ату»
3. «Теңге алу»
4. «Тақияңды құлатпа»
5. «Епті бәшпай» дегендер ойындар.

Ал, енді сайысымыздағы бірінші ойынның шартымен таныстырайын.

1. «Бәйге тартыс» (Бел тартыс)

Ойын шарты: Екі ойыншы ортаға шығып арқанды кеуде тұсына қоя қолтық астынан өткізіп екі жаққа тартысып күш сынасады. Белгіленген сызықтан асырып сүйреп кеткен ойыншы жеңімпаз болады.

- Ойын шарты түсінікті ме балалар?

Сендерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды бастаймыз.

2. «Асық ату»

Ойын шарты: Ойыншылар кезекпен шығып алдарында тізбектеліп тұрған асықтарды қолдарындағы асықпен көздеп құлатып, құлатқан асықтарын жинап алып топ капитанының қоржынына салуы тиіс. Ойын соңында қоржындағы асықтар саналады, қай топтың балалары көп асық жинаса, сол топ жеңіске жетеді.

- Ойын шарты түсінікті ме балалар?
- Ендеше не тұрыс? Қалыспа, дайындал, алға.

3. «Теңге алу»

Ойын шарты: Алдын ала екі қатарға тізіліп қойған теңгелерді екі қатардағы ойыншылар атпен шауып жүріп жинап шығады. Қай топтың ойыншысы шапшаң ойнап, теңгені тез жинап шықса, сол топ жеңіске жетеді.

- Ойын шарты түсінікті ме балалар?
- Ендеше не тұрыс? Қалыспа, дайындал, алға.

4. «Тақияңды құлатпа»

Ойын шарты: Ойыншылар аяқтарына жүргіншілер шелектерін киіп алып басындағы тақияны түсіріп алмай белгіленген мәрені айналып шығады. Қай топ ойын шартын дұрыс орындап, шапшаң қимыл жасаса сол топ жеңіске жетеді.

- Ойын шарты түсінікті ме балалар?
- Ендеше не тұрыс? Қалыспа, дайындал, алға.

5. «Епті бәшпай»

Ойын шарты: Ойыншылар өз топтарымен бірлесе шеңбер жасап тұрады. Жерде шашылып жатқан асықтарды музыка қосылған сәттен бастап бәшпайларына қыстырып жинап шығады да музыка тоқтағанда ойынды да тоқтатады. Қай топ шапшаң қозғалып ойын шартын дұрыс орындап, асықты көп жинаса, сол топ жеңіске жетеді.

- Ойын шарты түсінікті ме балалар?
- Ендеше не тұрыс? Қалыспа, дайындал, алға.

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі «Ұлттық ойынды - ұлықтайық» атты спорттық кешімізді қорытындылап, шешімін айту үшін ойын барысында келіскеніміздей әр топтың жинаған түрлі түсті жалаушаларын санап шығайық. Жеңіске жеткен топ «Жарайсың!», қарсы топ «Талпын!» медальдарымен марапатталады.

- Осымен спорттық жарысымыз аяқталды.

Бейнелеу өнерінің негізгі бағыттары

Сембаев Акылбек Абнагиевич
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназияның көркем еңбек пәні мұғалімі

Кіріспе

Бейнелеу өнері – әлем мәдениетінің ажырамас бөлігі. Ол адамзаттың тарихы мен ой-санасының дамуын көрсететін маңызды өнер түрі. Кез келген кезеңде өнер өз заманының көрінісін бейнелеп, түрлі бағыттар мен стильдерге бөлінді. Бұл баяндамада бейнелеу өнерінің негізгі бағыттары туралы айтылады.

1. Реализм

Реализм – өнердегі шынайылықты барынша дәл жеткізуге ұмтылатын бағыт. Бұл стильдегі суреттерде табиғатты, адамдарды, тұрмысты және тарихи оқиғаларды шынайы етіп бейнелеу маңызды.

Өкілдері: Илья Репин, Гюстав Курбе, Василий Суриков.

2. Импрессионизм

Импрессионизм – XIX ғасырдың соңында Францияда пайда болған бағыт. Бұл стильде суретшілер жарық пен түстің ойнауын, сәттік әсерлерді бейнелеуге тырысты. Кескіндемеде ашық, таза түстер қолданылып, майлы бояумен жылдам әрі жеңіл қимылдар жасалды.

Өкілдері: Клод Моне, Эдуард Мане, Эдгар Дега.

3. Экспрессионизм

Экспрессионизм XX ғасырдың басында пайда болған. Бұл бағытта суретшілер өз эмоциялары мен ішкі жан дүниесін айқын жеткізуге тырысты. Олар түстерді, пішіндерді, сызықтарды ерекше мәнермен қолданды.

Өкілдері: Эдвард Мунк, Ван Гог, Эрнст Людвиг Кирхнер.

4. Сюрреализм

Сюрреализм – түс көру мен қиялға негізделген өнер бағыты. Бұл стильде шынайы өмір элементтері мен қиял араласып, ерекше, кейде тіпті таңқаларлық композициялар жасалады.

Өкілдері: Сальвадор Дали, Рене Магритт, Макс Эрнст.

5. Абстракционизм

Абстракционизм – нақты бейнелерден бас тартып, пішіндер, түстер және сызықтар арқылы ойды жеткізетін бағыт. Бұл стиль көрерменнің қиялы мен эмоциясына әсер етеді.

Өкілдері: Василий Кандинский, Пит Мондриан, Казимир Малевич.

6. Классицизм

Классицизм – антикалық өнер мен тәртіптілікке негізделген стиль. Бұл бағыттағы туындыларда симметрия, идеал пропорциялар, айқын сызықтар қолданылады.

Өкілдері: Жак-Луи Давид, Никола Пуссен.

7. Романтизм

Романтизм – адам сезімдері мен қиялын, табиғаттың әсемдігін, батырлық пен махаббатты ерекше бейнелейтін бағыт. Бұл стильде эмоция, драма, еркіндік сезімі басым.

Өкілдері: Франсиско Гойя, Эжен Делакруа, Уильям Тёрнер.

8. Поп-арт

Поп-арт – бұқаралық мәдениеттен алынған бейнелерді өнерге енгізетін бағыт. Бұл стиль жарнама, комикс, күнделікті тұтыну заттарын шығармашылықпен бейнелейді.

Өкілдері: Энди Уорхол, Рой Лихтенштейн.

Қорытынды

Бейнелеу өнерінің бағыттары әр кезеңнің көркемдік ізденістерін бейнелейді. Реализмнің шынайылығы, импрессионизмнің нәзіктігі, сюрреализмнің қиялы – бәрі де өнердің сан алуан түрлері мен мүмкіндіктерін көрсетеді. Өнерді зерттеу арқылы біз әр дәуірдің мәдениеті мен философиясын тереңірек түсіне аламыз.

Қошқар мүйіз

Ақниязова Динара
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылы
Ү.Түктібаев атындағы №24 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Пәні:	Бейнелеу өнері
Күні:	
Бөлім:	Бейнелеу өнері әлемі
Педагогтің аты-жөні:	Ақниязова Динара
Сынып: 1 « А»	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Қошқар мүйіз» Фетрден түрлі- түсті ою-өрнекті - дан жасау. Ұлттық ою-өрнектермен танысу.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.5.2 «Табиғи формалар» ұғымын білу және жұмысты орындаудың кейбір әдістерін білу.
Сабақтың мақсаты	берілген оюларды ұқсайтын затына қарай топтастырады сандықты ұлттық ою – өрнектермен безендіреді,таңдаған ою түріне түсіндіреді дайын жұмыстардан көрме ұйымдастырады жұмысымен таныстырады
Құндылықтар	шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (3 мин)	Ұйымдастыру кезеңі: 1. Сәлемдесу. 2. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату «Үш шапалақ» әдісі Көңіл күйіміз қандай? (1 шапалақ) Сабаққа дайынбыз ба? (2 шапалақ) Сабақты ойдағыдай аяқтаймыз ба ?(3 шапалақ)	Оқушылар сабаққа назар аударады. Оқушылар шапалақ соғады.		суреттер
Сабақтың ортасы (5 мин) **12 мин**	«Ой қозғау» әдіс Суреттегі заттардың ортақ белгілерін анықта. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау  « Мозайка» құрастыру арқылы тақырып ашылады. Мұғалім түсіндірмесі	Суреттегі заттардың ортақ белгілерін анықтайды	Мадақтау	Ту Сандық Киім Әшекейдің суреттері https://youtu.be/Ta8nylKGXwQ Әртүрлі 

	Қошқармүйіз оюы – қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келеді. Ол жануарлар тектес оюлар тобына жатады. Бейнекөрініс ұсынылады. Есіңде сақта! Сәндік – қолданбалы өнерде оюөрнектер жиі қолданылады. Ою – өрнек әр халықтың тарихын, дәстүрін, тұрмыс – тіршілігін көрсететін өнердің бірі **1-тапсырма** Ұжымдық жұмыс «Талқыла, қорытындыла» әдісі Берілген оюларды ұқсайтын затына қарай топтастыр. «Қошқармүйіз» «Гүл» «Ағаш» «Түйетабан» «Құсқанат» «Жапырақ» Дескриптор: - жануар тектес оюларды топтастырады - өсімдік тектес оюларды топтастырады - құстар тектес оюларды топтастырады -себебін түсіндіреді.	Бейнекөрініс тамашалайды 1. жануар тектес оюларды топтастырады 2.өсімдік тектес оюларды топтастырады 3. құстар тектес оюларды топтастырады 4.себебін түсіндіреді	Жұлдызша мен бағалау 	
Сергіту сәті **2 минут**	«Бас,иық,тізе,аяқ» Бейнефильм ұсыну	Балалар жаттығуды қайталап жасайды		https://youtu.be/by8NcRAsRAE
Сабақтың соңы **18 мин**	**2- тапсырма** Жеке жұмыс «Галерея аралау» әдісі Сандықты ұлттық ою – өрнектермен безендіріңдер. Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастырыңдар. Дескриптор: - сандықты ұлттық ою – өрнектермен безендіреді -таңдаған ою түріне түсіндіреді - жұмысымен таныстырады - дайын жұмыстардан көрме ұйымдастырады	1. сандықты ұлттық ою – өрнектермен безендіреді 2. таңдаған ою түріне түсіндіреді 3.жұмысымен таныстырады 4.дайын жұмыстардан көрме ұйымдастырады	«Басбармақ» арқылы бір-бірін бағалау» 	Сурет дәптер Түрлі –түсті қарындаштар. 
Рефлексия **5 мин**	«Білім заряды» әдісі (Бағалау) Бүгінгі сабақты толық түсіндім (8,9,10 заряд) Бүгінгі сабақты түсіндім, сұрағым бар(5,6,7) Бүгінгі сабақты түсінбедім (1,2,3,4)	Бүгінгі сабақтан алған білімдерін жинаған білім зарядтарының саны арқылы анықтайды.	«Комментарий» арқылы	Зарядтар, «Білім заряды» таратпасы 


Ою - өрнектер
түйетабан
көбелек
қошқар мүйіз
кемпірқосақ
құстұмсық
өркеш
құсқанаты
Мүйіз


Мүйіз тектес ою- өрнектер
“Қошқармүйіз” оюы
“Сыңар мүйіз” оюы
“Қосмүйіз” оюы
Сынықмүйіз” оюы
“Қыпықмүйіз”
“Арқар мүйіз” оюы


Зооморфты
Өсімдік пішіндес
Геометриялық
Космогониялық
Қошқар мүйіз
ағаш
ирек
шеңбер
Қыңыр мүйіз
жапырақ
балдақ
шимай
Қаз мойын
үш жапырақ
шынжара
бітпес
Түйе табан
гүл
қармақ
жұлдыз
Түйе өркеш
үш гүл
тұмарша
айшық
Атбас
жауқазын
төртқұлақ
шұғыла
Құсқанат
өткізбе
ботакөз
төртұшқы

Функционалдық сауаттылықты арттыруда дүниежүзілік экономикалық және әлеуметтік география пәндерінің өзара байланысын бағалау

Иебек Жәнібек Алмасұлы
Алматы қаласы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Абстракт. Мақалада меткеп географиясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда дүниежүзілік экономикалық және әлеуметтік география пәндерінің өзара байланысы мен маңызы атап көрсетілді. Бұл пәндерді оқыту барысында қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдер, мысалы, жоба жұмыстары, сыни ойлау тапсырмалары және шынайы өмір мысалдары, оқушылардың ақпараттық сауаттылығын нығайтуға ықпал етеді. Мақалада осы әдістердің маңызы мен тиімділігі, сондай-ақ екі пәннің өзара байланысы функционалдық сауаттылықты арттыруға қалай әсер ететіні туралы тұжырымдар жасалады.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, дүниежүзілік экономика, әлеуметтік география.

Қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты арттыру мақсатында жаңа тәсілдер мен әдістерді қолдану қажеттілігі артып келеді. Осы орайда дүниежүзілік экономикалық және әлеуметтік география пәндері оқушыларға кең ауқымды білім берудің маңызды құралы болып табылады. Бұл пәндер оқушылардың географиялық кеңістікті түсінуін ғана емес, сонымен бірге әлемнің экономикалық және әлеуметтік аспектілерін де түсінуге мүмкіндік береді. Бүгінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту қажеттілігі күн тәртібінде тұр, себебі бұл дағдылар өмірдің әртүрлі салаларында тиімді шешімдер қабылдауға, ақпаратты талдай білуге және қорытынды жасауға септігін тигізеді[1].

Функционалдық сауаттылық – бұл адамға күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі ақпаратты түсіну, талдау, қолдану және қажетті шешімдерді қабылдау қабілеті. Бұл ұғым тек оқу немесе білім алу дағдыларымен шектелмейді, ол қарым-қатынас, сыни ойлау, шығармашылық шешімдер қабылдау сияқты кешенді дағдыларды қамтиды. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, олардың өздігінен ойлау қабілетін, шешім қабылдау дағдыларын арттыруға ықпал етеді[2].

Дүниежүзілік экономикалық және әлеуметтік география пәндері осы функционалдық сауаттылықты дамытуда маңызды рөл атқарады, себебі олар оқушыларды тек теориялық біліммен ғана емес, практикалық дағдылармен де қаруландырады. Бұл пәндер әлемдегі экономикалық және әлеуметтік процестердің маңыздылығын, олардың өзара байланысын және ықпалын түсінуге көмектеседі[3].

Дүниежүзілік экономикалық және әлеуметтік география пәндері арасындағы өзара байланыс олардың оқушыларға жалпы әлемдік процестерді толық түсінуге мүмкіндік беруінде жатыр. Экономикалық география өндірістік, қаржылық, сауда және еңбек ресурстарының бөлінісін, сондай-ақ олардың елдер мен аймақтар арасында қалай үйлесетінін зерттейді. Әлеуметтік география болса, қоғамның әлеуметтік құрылымын, халықтың орналасуын, урбанизацияны және басқа да әлеуметтік құбылыстарды қарастырады[4].

Дүниежүзілік экономикалық және әлеуметтік география пәндерінің өзара байланысын талдай отырып, олардың бір-біріне қалай әсер ететінін көре аламыз. Экономикалық процестердің әлеуметтік құрылымға әсері мен керісінше әлеуметтік факторлардың экономикалық дамуға ықпалы осы екі пәннің маңызды өзара байланысын көрсетеді.

1.Экономикалық дамудың әлеуметтік салдары: Экономикалық даму қоғамның әлеуметтік құрылымына тікелей әсер етеді. Мысалы, дамыған елдердегі индустриализация мен урбанизация процесі қоғамның әлеуметтік құрылымын өзгертіп, жұмысшылар мен кәсіпкерлер арасындағы қатынастарды қалыптастырады. Бұл әлеуметтік географияның басты зерттеу нысаны болып табылады.

2.Әлеуметтік жағдайлар мен экономикалық даму: Әлеуметтік жағдайлардың жақсаруы, білім деңгейінің өсуі, денсаулық сақтау саласындағы жетістіктер экономикалық дамуға ықпал етеді. Әлеуметтік факторлар елдің еңбек ресурстарын тиімді пайдалануына, өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, жоғары білімді жұмыс күші бар елдерде экономика тез дамиды.

3.Жергілікті және жаһандық теңсіздік: Әлеуметтік және экономикалық география арасындағы байланыс экономикалық және әлеуметтік теңсіздікті зерттеуге мүмкіндік береді. Кейбір аймақтардағы дамудың баяу болуы, ал кейбір аймақтарда экономика мен әлеуметтік жағдайдың тез өсуі географиялық факторларға байланысты. Экономикалық және әлеуметтік теңсіздік көбінесе аймақтар арасындағы табиғи ресурстардың, өндірістік әлеуеттің және халықтың дамуының әртүрлі болуына байланысты туындайды.

4.Миграция және еңбек ресурстары: Әлеуметтік география тұрғысынан, халықтың миграциясы мен урбанизациясы экономикалық процестерге үлкен әсер етеді. Қалаларға көшу, жұмыс орындары мен тұрғын үй мәселелері әлеуметтік географияның зерттеу нысаны болып табылады. Ал экономикалық география тұрғысынан, миграция еңбек ресурстарының бір аймақтан екінші аймаққа көшуін және экономикалық теңсіздіктің туындауын талдайды.

Оқушылардың осы екі пәннің өзара байланысын түсінуіне, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік және экономикалық мәселелерді сыни тұрғыда талдау дағдыларын дамытуын кесте-1 көруге болады.

Кесте-1

Функционалдық сауаттылықты арттыруда дүниежүзілік экономикалық және әлеуметтік география пәндерінің өзара байланысы

№	Тақырыптар	Экономикалық География	Әлеуметтік География	Өзара Байланыс	Функционалдық Сауаттылыққа Қосатын Үлес
1	**Экономикалық процестер мен құрылымдар**	Өндіріс, сауда, қаржы жүйелері, халықаралық нарықтар	Қоғамның әлеуметтік құрылымы, халықтың бөлінуі	Экономикалық және әлеуметтік құрылымдар- дың байланысы	Экономикалық жағдайлар мен әлеуметтік құрылымдар-дың өзара әсерін талдау дағдысы
2	**Миграция мен урбанизация**	Қала экономикасы, жұмыс күшінің халықаралық миграциясы	Халықтың қала мен ауылға бөлінуі	Урбанизация процесінің әлеуметтік және экономикалық ықпалы	Миграция мен урбанизация-ның экономикалық және әлеуметтік әсерін талдау
3	**Әлеуметтік теңсіздік**	Экономикалық теңсіздік, өңірлік айырмашылық-тар	Әлеуметтік теңсіздік, табыс теңсіздігі	Экономика-лық теңсіздік пен әлеуметтік теңсіздіктің бір-біріне әсері	Әлеуметтік және экономикалық теңсіздік мәселелерін шешу жолдарын іздеу дағдысы
4	**Экономикалық даму мен тұрақты даму**	Экономикалық даму, индустриали-зация, жаһандану	Әлеуметтік даму, халықтың әл-ауқаты, білім мен денсаулық	Экономика-лық және әлеуметтік дамудың өзара байланысы	Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін экономикалық және әлеуметтік факторларды талдау
5	**Дүниежүзілік сауда және қаржы жүйесі**	Халықаралық сауда, глобализация, шетелдік инвестициялар	Әлеуметтік мобильді-лік, жұмыссыз-дық деңгейі	Әлеуметтік салдардың экономикалық өзгерістерге әсері	Халықаралық сауда мен экономикалық өзгерістердің әлеуметтік аспектілерін түсіну
6	**Қоршаған орта және экономикалық даму**	Қоршаған ортаға әсер ету, экологиялық экономикалық саясат	Экология-лық мәселелер мен әлеуметтік жауапкерші-лік	Экономика мен экологияның әлеуметтік жауапкерші-лікпен байланысы	Экологиялық және әлеуметтік салдарларды ескере отырып, шешімдер қабылдау дағдысы

(Кесте автормен құрастырылған)

Бұл екі пәннің өзара байланысы оқушыларға әлемдегі экономикалық және әлеуметтік үдерістердің бір-бірімен тығыз байланысты екендігін түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, дамушы елдердің экономикалық жағдайлары мен әлеуметтік мәселелері арасындағы байланыс немесе дамыған елдердегі жоғары технологиялық өндіріс пен әлеуметтік теңсіздіктің артуы сияқты мәселелерді қарастырған кезде экономикалық және әлеуметтік география бірін-бірі толықтырады және оқушыларды базалық біліммен қамтамасыз ету барысында функционалдық сауаттылықты арттыру үшін бірнеше қолдалбалы тәсілдерді атап өтуге болады:

-Сыни ойлау дағдыларын дамыту: Оқушыларды әлемдік экономика мен әлеуметтік мәселелерді сыни тұрғыдан қарауға үйрету маңызды. Мысалы, оқушыларға әртүрлі елдердегі экономикалық дағдарыстарды, миграциялық процестерді, әлеуметтік теңсіздік мәселелерін талдап, оларға шешімдер ұсыну тапсырылады.

-Деректермен жұмыс істеу: Географиялық ақпараттар, статистикалық мәліметтер мен карталар арқылы оқушылар өздігінен ақпарат жинап, оны талдай білу дағдыларын дамытады. Экономикалық және әлеуметтік мәселелерді талдау барысында карталарды қолдану, диаграммаларды түсіндіру оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттырады.

-Жоба жұмыстары мен пікірталастар: Оқушыларды топтық жұмыстарға тарту, пікірталастар өткізу арқылы олар бір-бірімен пікір алмасып, ойларын жүйелейді. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау, талқылау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытады.

-Шынайы өмір жағдайларын талдау: Әлемдік экономикалық және әлеуметтік мәселелерді оқушыларға шынайы өмірден алынған мысалдар арқылы түсіндіру олардың теориялық білімдерін өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, жаһандық жылыну мен оның экономикаға және қоғамға әсерін зерттеу[5].

Дүниежүзілік экономикалық және әлеуметтік география пәндері функционалдық сауаттылықты арттыруда ерекше орын алады, себебі олар оқушыларға әлемнің экономикалық және әлеуметтік үдерістерін терең түсінуге мүмкіндік береді[3]. Бұл пәндер оқушыларды сыни ойлауға, деректермен жұмыс істеуге, шешім қабылдауға үйретеді. Осы пәндердің үйлесімді түрде оқытылуы оқушылардың дүниежүзілік географиялық және әлеуметтік үдерістерді түсінуіне және олардың функционалдық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, олардың көмегімен оқушылардың ақпараттық және қаржылық сауаттылығы, қоғамдық мәселелерді талдау дағдылары дамиды. Сондықтан, осы пәндерді оқыту барысында функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған әдістемелерді қолдану – білім беру жүйесінің тиімділігін арттырудың маңызды қадамы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сулейменов, А. С. (2012). *Әлеуметтік география негіздері*. Алматы: Қазақ университеті.
2. Данилов, В. М., Кошман, Л. В. (2011). *География мира: учебник для студентов*. Москва: Академия.
3. Мельников, В. Л. (2008). *География и экономика: методы и практики*. Санкт-Петербург: ЛЕНАНД.
4. World Bank. (2020). *World Development Indicators*. World Bank.
5. Ritzer, G. (2011). *Globalization: A Basic Text*. Wiley-Blackwell.

Әлемдік экономика мен әлеуметтік құрылымдардың жаһануы мен өзгерістері туралы теориялық және практикалық ақпараттар.



Аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс

Пірмахан Мархабат Нұрлыбекқызы
Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданының "Психологиялық - педагогикалық түзету кабинеті" мекемесінің педагог - психологы

Аутизм спектрінің бұзылыстары (АСБ) – балаларда әлеуметтік қарым-қатынастың, коммуникацияның және мінез-құлықтың дамуында ерекшеліктермен сипатталатын жағдай. АСБ бар балалармен жұмыс істеу логопедтер, психологтар және арнайы педагогтар үшін ерекше маңызды, себебі олардың дамуында кешенді тәсілді талап етеді.

АСБ бар балалардың ерекшеліктері

Аутизм спектріндегі балалардың мінез-құлықтары мен дамуында әртүрлілік бар. Кейбір балалар тілдік дамуда қиындықтарға тап болады, ал басқалары коммуникативтік дағдыларын дамытуда кедергілерге ұшырайды. Әлеуметтік жағдайларда балалардың эмоцияларын түсіну және білдіруі, сондай-ақ, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеттері шектеулі болуы мүмкін [1].

Арнайы әдістер мен тәсілдер

АСБ бар балалармен жұмыс істеу үшін бірнеше арнайы әдістер мен тәсілдер бар. Олардың ішінде:

Когнитивті терапия: Бұл әдіс балалардың мінез-құлықтарын өзгертуге және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Терапия барысында балаларға әртүрлі жағдайларда қалай әрекет ету керектігін үйретеді [2].

Арт-терапия: Шығармашылық әрекеттер (сурет салу, мүсіндеу) арқылы балалардың эмоцияларын білдіруге және коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Арт-терапия балалардың өздерін еркін сезінуіне мүмкіндік береді [3].

Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Топтық жаттығулар мен ойындар арқылы балалардың әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Бұл балалардың достарымен қарым-қатынас жасауға және әлеуметтік ортада өзін-өзі ұстай білуіне мүмкіндік береді [4].

Көмекші технологиялар: Заманауи технологияларды (мысалы, арнайы мобильді қосымшалар) пайдалану балалардың коммуникация қабілеттерін жақсартуға көмектеседі. Бұл технологиялар балаларға өз ойларын білдіруге және әлеуметтік жағдайларда коммуникация жасауға мүмкіндік береді [5].

Зерттеулер мен тәжірибе

Аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеу тәжірибесі көрсеткендей, кешенді тәсілдер нәтижелі болып табылады. Зерттеулердің бірінде АСБ бар балаларға арналған арнайы бағдарламалардың тиімділігі анықталды, нәтижесінде балалардың әлеуметтік және коммуникациялық дағдылары айтарлықтай жақсарған [6]. Топтық терапия сессиялары, әсіресе, балалардың өзара қарым-қатынасын нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Қорытынды

Аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеу – жауапты және күрделі процесс. Логопедтер, психологтар және арнайы педагогтар АСБ бар балалардың қажеттіліктерін ескере отырып, тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы олардың дамуында оң өзгерістерге қол жеткізе алады. Бұл балалардың қоғамда өз орнын табуына және толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

Жолдасбаева, А. «Аутизм спектрі: түсінік және диагностика.» Алматы: Білім, 2019.

Сулейменова, А. «Когнитивті-поведенческая терапия аутизмда.» Астана: Фолиант, 2020.

Кенжебаева, Л. «Арт-терапия және оның пайдалы жақтары.» Шымкент: Кәсіпорын, 2018.

Токтарова, М. «Әлеуметтік дағдыларды дамыту: әдістер мен тәсілдер.» Алматы: Мектеп, 2021.

Иманалиева, Р. «Көмекші технологиялар аутизммен.» Алматы: Дәуір, 2022.

Нұрғалиева, А. «Аутизм спектрінің бұзылыстары: тәжірибе мен зерттеулер.» Астана: Арман, 2023.

Информационные методы обучения математике



Литвинова Екатерина Владимировна
Актюбинская область, Мартукский район, село Сарыжар КГУ «Хлебодаровская ОСШ» Учитель математики

Аннотация

В статье рассматриваются информационные методы обучения математике, которые играют ключевую роль в современном образовательном процессе. Обсуждаются преимущества использования информационных технологий, таких как доступность информации, индивидуализация обучения и интерактивность, которые способствуют повышению интереса учащихся к математике. Основные информационные методы, такие как электронные учебные пособия, онлайн-курсы, мультимедийные презентации и мобильные приложения, анализируются с точки зрения их практического применения в классе. Статья подчеркивает важность интеграции современных технологий в традиционное обучение для улучшения качества образования и формирования у обущающих устойчивого интереса к математике.

В современном образовательном процессе информационные технологии играют ключевую роль, особенно в преподавании таких дисциплин, как математика. Информационные методы обучения позволяют не только сделать процесс усвоения материала более эффективным, но и значительно повысить интерес учащихся к предмету. В данной статье мы рассмотрим основные информационные методы обучения математике, их преимущества и применение в образовательной практике.

1. Введение в информационные методы обучения

Информационные методы обучения представляют собой систему подходов и технологий, направленных на использование информационных ресурсов и средств для повышения качества образования. Эти методы включают в себя использование компьютерных программ, интернет-ресурсов, мультимедийных материалов и других современных технологий.

2. Преимущества информационных методов

• Доступность информации: Современные технологии позволяют учащимся получать доступ к обширным ресурсам, включая электронные учебники, онлайн-курсы и видеоуроки.

• Индивидуализация обучения: С помощью информационных технологий можно адаптировать учебный процесс под индивидуальные потребности каждого ученика, учитывая его уровень подготовки и стиль обучения.

• Интерактивность: Использование интерактивных платформ и приложений способствует более глубокому вовлечению учащихся в процесс обучения. Игровые элементы и задания повышают мотивацию и интерес к математике.

• Визуализация данных: Математика часто требует абстрактного мышления, и визуальные средства (графики, диаграммы, анимации) помогают учащимся лучше понимать сложные концепции.

3. Основные информационные методы обучения математике

• Электронные учебные пособия: Эти ресурсы могут содержать текстовые материалы, примеры задач, интерактивные задания и тесты. Они позволяют ученикам учиться в удобном для них темпе.

• Онлайн-курсы и платформы: Платформы, такие как Khan Academy, Coursera и другие, предлагают курсы по различным темам математики с возможностью самостоятельного изучения.

• Мультимедийные презентации: Использование видео и презентаций на уроках математики помогает сделать материал более доступным и понятным. Визуальные элементы привлекают внимание и способствуют лучшему запоминанию информации.

• Системы управления обучением (LMS): Платформы типа Moodle или Google Classroom позволяют организовать обучение, контролировать прогресс обучающих и предоставлять обратную связь.

• Использование мобильных приложений: Существуют различные приложения для смартфонов и планшетов, которые помогают учащимся решать математические задачи, учить теорию и практиковаться в решении примеров.

4. Применение информационных методов на практике

Информационные методы обучения могут быть эффективно интегрированы в традиционный образовательный процесс. Например, учитель может начать урок с обсуждения теоретического материала с использованием мультимедийной презентации, затем предложить учащимся решить задачи в группах с использованием электронных учебников или онлайн-ресурсов. В завершение урока можно провести тестирование через LMS, что позволит быстро оценить уровень усвоения материала.

Информационные методы обучения математике открывают новые горизонты для преподавателей и учащихся. Они делают обучение более доступным, интерактивным и увлекательным. Внедрение современных технологий в образовательный процесс способствует не только лучшему усвоению материала, но и формированию у учеников интереса к математике как к важной и увлекательной науке. Важно помнить, что успешное применение информационных методов требует от преподавателей постоянного профессионального роста и готовности к изменениям в образовательной среде.

Тарих пәні сабақтарында білім алушыларды интербелсенді оқыту әдістері арқылы сындарлы ойлауға үйрету

Тулегенова Асемгуль Куанышбековна
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Сұлукөл ЖОББМ
Тарих пәні мұғалімі

Қазіргі білім беруде әлеуметтік және экономикалық даму ерекшеліктерінің бірі ретінде автоматтандырылған және ақпараттық технологиялардың тегеурінін атауға болады. Мұндай жағдайда **үйрене білу** және **үйренуге ұмтылу** адамның ең басты қабілеттеріне айналуда, бүгінде **үйренуге үйрену** керек.

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру пороцесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

1. Барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;
2. Әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.

Интербелсенді оқу/оқыту **бірлесе үйрену** идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) мазмұны мен қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен түсінігімен алмасады, жоғары нәтижеге қалай жете алатындығын анықтайды. Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, жаңа білім игеруге жағдай жасайды.

Интербелсенді оқу/оқыту көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асырылады, мәселен: бірлескен жұмыстар(жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары, ситуативтік және рөлдік ойындар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, Интернет, құжаттар, мұрағат, басқа адамдар: оқушылар, мұғалімдер, мамандар, т.б.) шығармашылық жұмыстар, т.б[5;4]

Осындай интербелсенді әдістер мыналар: «Джигсо», «Тыңдап отырған үштік», «Өкіл», «Алтын балыққа арналған аквариум», «Ақылдың алты қақпағы», «Тв шоу».

«Джигсо» әдісінің артықшылығы - топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі. Оқытушы топты топшаларға бөліп, материалдың күрделілігіне байланысты тапсырмалар береді. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Нақты бір сұрақты немесе тапсырманы таңдаған топша Сарапшы топ деп аталып, ортақ проблеманың шешімін табу үшін бірлесе жұмыс істейді. Тапсырманы орындаудың бұл кезеңінің соңына қарай оқушы өзге «сарапшылармен» өзара қарым-қатынас жасап, мәселені талқылаудың арқасында өз сұрағы бойынша сарапшы болып қалыптасады. Оқушылар бастапқы топқа оралады. Бұл тапсырманың көздегені: тапсырманы сәтті аяқтау үшін оқушылар әрқайсысының сарапшы топтан алған мәліметтерін ескеріп, бастапқы топтың бірлескен ақылына сүйенуін қамтамасыз ету.

«Өкіл» әдісінің мақсаты: белсенді тыңдау, қауым алдында сөйлеу және анық баяндау, тәжірибе алмасу және өзара байланыста болу. Оқытушы топты үш-төрттен орналастырады. Топтар тапсырмаларды орындап болғаннан кейін топтың бір адамы «елші» болып сайланып, зерделенген материалды түсіну үшін немесе бұл туралы топтың ойын білу үшін топқа барады. Бұдан кейін елші өз тобына қайтып оралып, білгендерін айтып береді. Бұл – шаршататын және бір сарынды сабақтардан құтылуға мүмкіндік беретін тамаша әдіс. Сондай – ақ бұл әдіс елшінің тілді қолдану шеберлігін көрсетеді, әрі белсенді тыңдаушылар тобын қалыптастырады.

«Ақылдың алты қақпағы» әдісінің мақсаты: мәселені барынша мұқият талқылап, баланың жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолданылатын әдіс. Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі де, олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады.

«Тв шоу» әдісінің мақсаты: көптеген оқушылардың сөйлеу және тыңдау, көру және тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқытушы жүргізуші оқушылармен, түрлі кейіпкерлермен сөйлескендей тақырыпты талқылайды. аудитория сұрақтар қояды, талқылауға қатысады, құрдастар бағалайды.

Өзімнің сабақтарымда оқытудың заманауи әдістеін әр түлі қолдануға тырысамын. Мысалы: «**XIX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар»** тақырыбында сабақтың үй тапсырмасын сұрау кезеңінде венн диаграммасын қолданамын.

1- тапсырма:

Кіші жүздегі Сырым Датұлы көтерілісі мен Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістерінің ортақ сипаттары мен айырмашылықтары. (Венн диаграммасын толтыру)

Сабақтың тақырыбы: XIX ғасырдың II ж Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары. Сабақтың жаңа тақырыпты түсіндіру кезеңінде: «Джигсо» әдісін қолданамын. Интербелсенді әдістің бірі топтарды кездейсоқ бес топшаларға бөлемін. Таратпа қағаздарға өзі таңдаған санды жазып топтасады. Топ бес топшаға бөлінді. 1-топ «Реформа», 2- топ «Генерал-губернатор», 3- топ «Сот», 4-топ «Уезд», 5-топ «Округ». Жаңа

тақырыптың осы жоспар бойынша тақырыпты өздері игеріп, постерге қорғайды.

«ДЖИГСО» әдісі:

Жаңа сабақ «Джигсо» әдісі бойынша тақырыпты талдап, бірігіп жұмыс жасауына жол ашу. Тапсырмаларды оқытушы топтарға барып, бақылайды, бағыт береді.

- 1-топ: Ақпараттық жаналықтар бағдарламасы бойынша әкімшілік реформалар туралы ақпарат береді. (24кz жаңалықтар бағдарламасы) «Тв шоу» әдісі арқылы қорғайды;
- 2-топ: «Фишбоун» әдісі бойынша проблеманың себептерін анықтау, дәлелдер келтіру, нәтижесін шығарады.
- 3-топ: 1822/24 жылғы жарғылар мен 1867 -1868 ж реформаларды салыстыру.«SWOT» кестесі арқылы қорғайды;
- 4 топ: Халық шаруашылығында қалыптасқан жағдай, реформалардың отаршылдық мәні туралы әңгімелесу;

5-топ: Реформаның нәтижесі, салдары.

«Джигсо» әдісі бойынша, әр топтағы оқушылар берілген тақырыптарды топта талқылайды. Талқылап болған соң, тақырыпты басқа топ мүшелеріне түсіндіреді, қалған оқушылар басқа топтың тапсырмаларын тыңдайды, сұрақтар қояды, маңызды жерлерін дәптерлеріне жазып отырады. Әр топ берілген тапсырмаларын флипчартқа түсіреді, білімдерін жинақтап, ортақ шешімге келеді.

Қорыта айтқанда, жаңа әдістердің көмегімен білім алушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қазіргі интербелсенді оқыту әдістері бойынша жүргізілген сабақтар іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады.

Қарапайым сұрақтан күрделі сұрақтарды қоя білу арқылы студенттер ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта жасауға, кеңейтуге, өзіндік көзқарастарын білдіріп, бағалауға және талдауға жаттығады. Топтық жұмыс барысында да белсенділік таныту арқылы білім алушылардың дарындылығын байқата отырып, топта өзіндік пікірлерімен ғана емес, көшбасшылық қырымен де таныла бастады.

Оқытудың әдіс-тәсілдерін өз сабақтарымда қолдану барысында түсінгенім оқушылардың бірін - бірі тыңдап, құрметтеуіне үйретуі, бұрын үндемей отыратын оқушының сабақ барысында қызу араласуы сабақтың ерекше, олардың еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге мүмкіншілік туғызады. Мұндай әрекет сабақтың барлық үш кезеңінде байқалып отыратындығы сөзсіз. Білім беру процесі - ақпараттық қоғам жайындағы жас өспірімдерді жан-жақты даярлайтын процестер болуы қажет

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1.Интернет ресурсы: Қазақстан тарихын оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану- сапалы білім негізі. Кайсарова Гулдаурен Тураркызының мақаласы

2.ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. II деңгей. НЗМ ДББҰ, 2017. -139 б.

3.Қазақ тарихы № 2 (141), 2022 -44 б

4.Әлімов Асхат Қамзаұлы. – Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану: Оқу құралы.-А 2015-180 б

5.Қазақстан тарихы:әдістемелік журнал. №6, 2024ж., 25 б

Жасуша әлеміне саяхат

Уразова Салтанат
Қызылорда қаласы Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы	Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі	
Пәні:	Жаратылыстану	
Бөлім:	Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	
Педагогтің аты-жөні:	Уразова Салтанат	
Күні:	22.01.2024 жыл	
Сынып: **6** «И»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Жасуша әлеміне саяхат**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	6.4.2.1 жасуша компоненттерін анықтау	
Сабақтың мақсаты	**Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктері мен қызметтерін түсіндіреді**; Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын ажырата алады.	
Бағалау критерий	**Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктері мен қызметтерін түсінеді**; Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын ажыратады.	
Ойлау дағдысы	Білу, түсіну	
Құндылықтарды дарыту**:**	«Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына: топпен, жұппен жұмыс орындау барысында құрмет, серіктестік және жеке жұмыс орындау кезінде жауапкершілік, үздіксіз оқу құндылықтарын дарыту.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 7 мин	**(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:** 1.Оқушылармен амандасу, түгендеу. Сынып реттілігін қадағалау. 2. Ынтымақтастық атмосферасы қалыптастырады. Оқушыларға **«Көңілді ұшақ» әдісімен** көңіл күй сыйлау, бір-біріне жылы лебіз тілектерін білдіреді. 3.Топтық ережені еске түсіреді. Топтастыру. **Алдыңғы білімді** «Бір қадам артқа» әдісі **арқылы тексеру** 1. Химиялық реакция дегеніміз не? 2. Химия ғылымы нені зерттейді? 3. Химиялық реакциялардың белгілерін атаңыз? 4. Шегедегі тот қабатының түзілу үдерісін түсіндіріңіз? 5. Алма жемісіндегі өзгерісті түсіндіріңіз? 6. Табиғаттағы химиялық жолмен өзгеретін үдерістерді атаңыз?	Оқушылар зейіндерін сабаққа аударады.  Жасуша құрамындағы негізгі органоидтарға байланысты 3 топқа бөлінеді: 1-топ: Ядро 2-топ: Цитоплазма 3-топ: Пластид Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы өткен тақырып бойынша білімдерін еске түсіреді. 	Мақсаты: Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.	Түрлі түсті қағаздар Интерактивті тақта, **«Word wall» платфо-рмасы** https://wordwall.net/ru/ resource/ 66786842

	«Жасанды интеллект» әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашады: - Тірі ағзалардың қасиеттерін атаңыздар? «Кинометафора» тәсілі арқылы тыңдалым алды бейнеролик көруді ұсынады.	Проблемалық сұраққа жауап беру арқылы оқушылар жаңа тақырыпты анықтайды.  Оқушылар «Кинометафора» тәсілі арқылы бейнеролик тамашалайды, сұрақтарға жауап бере отырып, сабақтың мақсатын айқындайды. Жасуша құрылысына шолу.  Жасуша дегеніміз не ? (Тіршіліктің негізгі құрауышы - жасушаға кіріспе)	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға *«Жарайсың!»* деген *мадақтау сөзімен* ынталандыру. Кері байланыс: Мадақтау арқылы бағаланады. «Жарайсың!» «Тамаша жауап»	Интер-активті тақта, **“D-ID” жасанды интеллект** https://www. d-id. com/ Интер-активті тақта https://youtu. be/ fP3s EVjCTtY? feature= shared
Сабақтың ортасы 35 мин	Топтық жұмыс: «Графикалық органайзер» әдісі арқылы: **оқушылар** оқулықтағы мәтінді **және таратпа қағаздарды топта оқып, талдап, керекті мәліметтерді қағазға тірек сызба, кесте түрінде тізіп жазады**. Топтық жұмыс: **(функционалдық сауаттылықты арттыру тапсырмасы) практикалық жұмыс.** **«Сатылы әрекеттер» әдісі** **Пияз жасушасын микроскопта көрсетеді.** Сергіту сәті**: сергіту жаттығуларын орындатады.** Жұптық жұмыс**:** **«Квест» ойыны әдісі.** **Мұғалім дұрыс жауаптарын экранға шығарады, жұптар жұмыстарын тексереді.** 1. **Тек өсімдік жасушасында кездесетін органоид?** 2. **Жасушаның ең маңызды көбеюге қатысатын бөлігі?** 3. **Жасушаның тыныс алу процесін қамтамасыз ететін органоид?**	**Ядро** тобы**:** «Жасуша және оның ашылу тарихы» **Пластид тобы:** «Жануарлар жасушасының құрылысы мен қызметі». **Цитоплазма тобы:** «Өсімдіктер жасушасының құрылысы мен қызметі» Өз ойларымен бөліседі, таныстырылым жасайды **Пияз жасушасын микроскопта көреді.** **Практикалық жұмыс барысы:** **Заттық шыныға** 1**тамшы су тамызып, үстіне пияздың өңін орналастырады, бетін жабынды шынымен жабады. Микроскопта пияз жасушасын көреді**. Оқушылар сергіту жаттығуларын орындайды. Берілген тапсырма бойынша **оқушылар жұптасып, бөлмедегі жасырын сұрақтарды табады.**	Дескриптор - **Жасуша туралы түсіндіреді;** **Жасушаның ашылу тарихына мысал келтіреді;** - **Өсімдіктер мен жануарлар жасушасының құрылысы мен қызметін ажыратады;** Жалпы балл-2 Дескриптор - **Пияз жасушасын микроскоппен көреді**; Жалпы балл-2 Дескриптор - **Жасуша компо-ненттерін қызметтері бойынша анықтайды**; Жалпы балл-2	Оқулық, таратпа қағаздар Б.Ш.Әбдіманапов, С.Е.Нүркенова, А.Ұ.Әбілғазиев, Г.У.Әуезова Жаратылыстану, 6 сынып, 116-119бет Пияз, микроскоп, заттық шыны, жабынды шыны, қысқыш, сапты ине, су. Түрлі түсті қағаздар Интерактивті тақта, **«Joyteka» платформасы** https://joyteka. com/100507500

	Жеке жұмыс (жаңа сабақты бекіту): тест тапсырмалары. 1. **Жасуша атауын ғылымға кім және қай жылы енгізді?** *Дұрыс жауабы:* **А) Роберт Гук 1665жылы** 2. Жасушаның ішін толтырып тұратын тұтқыр сұйықтық? *Дұрыс жауабы:* **В)цитоплазма** 3. Жасушаны сыртқы ортаның әсерінен қорғайтын негізгі бөлігі? *Дұрыс жауабы:* D)жасуша қабық-шасы 4. Хлоропластар, хромопластар және лейкопластардан тұратын жасуша органоиды? Дұрыс жауабы: С)пластидтер 5. Жасушада тасымалдау қызметін атқаратын мүшесі? *Дұрыс жауабы:* А) **гольджи аппараты** 6. Жасуша ішіндегі сұйықтықтың қысымын реттейтін бөлігі? *Дұрыс жауабы:* С) вакуоль	 Оқушылар тест тапсырмаларын орындап, арнайы бланкіге белгілейді.	Дескриптор - **Жасуша компо-ненттерін анықтайды**; Жалпы балл-4	«**ZipGrade**» платформасы
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 3 мин.	Рефлексия: «Киіз үй» әдісі - **Не үйрендім?** - **Не білдім?** - **Не білгім келеді?**	   **Үйге тапсырма:** §33 мазмұндау	Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.	

«Құлагер» поэмасының тарихи және көркемдік құндылығы

Абуова Гүлжайна Оразбековна
Қызылорда қаласы №212 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Бөлім:	«Адам жанының құпиясы» бөлімі
Педагогтің аты-жөні:	Абуова Гүлжайна Оразбековна
Күні:	**24** қаңтар
Сыныбы:9 «Ә»	Қатысушылар саны: 29 Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	«Құлагер» поэмасының тарихи және көркемдік құндылығы. Құлагер – еркіндікке ұмтылған қазақ елінің символы
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар үшін: шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалай алады; білім алушылар шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин.	Ұйымдастыру кезеңі: **(Ұ) О**қушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. Мақсаты: оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. Тиімділігі: оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.			
Сабаққа кіріспе - ойлан	(Ұ)«Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. Үй тапсырмасы тексеріледі. 8-тапсырма. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.	Өткен сабақтың ақпаратын сұрақ-жауап әдісі бойынша еске түсіреді. Поэма кейіпкерлеріне мінездеме береді. Шығармадан үзінді алып толтырады.	Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	ҚБ: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.

Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 31мин. 	Топтық жұмыс. Сәйгүліктер тобы: Үзінділерде қандай көркемдегіш құралдар қолданылған. (Ережесін түсіндіру) Жүйріктер тобы: Өлең шумақтарындағы бос орынды мазмұнына сай қажет сөздермен толықтырыңыз. Тұлпарлар тобы: “Екі жақты күнделік” әдісі арқылы Күреңбай сыншының Құлагерге берген сынын оқып, аттың жүйріктігін білдіретін ерекше қасиеттеріне назар аудар.Абайдың «Шоқпардай кекілі бар...» деген өлеңімен салыстыр. **Сұңқарлар тобы:** **“Репортаж”** әдісі арқылы поэма сюжетінен алыстамай, Ақан мен Батырашқа сұрақтар қойыңыздар. Жеке жұмыс. Фильмнен алған әсерлеріңізді бөлісе отырып, төмендегі тақырыптардың біріне әдеби эссе жазыңыз. 1. Сүрінбе, Құлагерім! 2. Батыраштардың бағы жана ма? 3. Құлагер – **тағдыр**	Жазылым-айтылым: Осы тапсырмада көркемдегіш құралдарды тауып, ерекше белгісін айтып түсіндіреді. Поэма мазмұны бойынша үзінділердегі бос орындарды толтырады. Айтылым және жазылым дағдылары қалыптасады. . Поэмадағы Құлагерді Абай шығармаларымен салыстырады. (Шоқпардай кекілі бар...) Оқушылар Ақан мен Батырашқа сұрақтар дайындайды. Поэмадан үзінділер келтіреді. Автор стиліне сүйене отырып, шағын эссе жазады.	Топтар бір-бірін бағалайды Мұғалім мадақтау сөздер арқылы бағалайды. Мұғалім мадақтау сөздер арқылы бағалайды. Дескриптор арқылы бағалу.	Оқулық, жұмыс дәптері. Слайд, үлестірмелі парақшалар, Интербелсенді тақта.
	Жеке жұмыс. **Айтылым. Жұптық жұмыс.** **“Поэма ізімен...” әдісі** Поэма оқиғасын қалай аяқтар едіңіздер? .	Айтылым: Ақын ойын жалғастырып, поэманың оқиғасын өз сөзімен қайта баяндап шығады. Не себепті поэманың сюжетін өзгерткеніңді түсіндіреді. Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады.	Дескриптор: Жалпы - 5 балл. -Сұрақтарға жауап береді. - Ақын ойын жалғастырып, поэманың оқиғасын өз сөзімен қайта баяндап шығады.	ДК, оқулық.

Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин. 	«Репортаж» әдісі арқылы сұрақтар қойылып сабақты қорытындылау. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Ақанның сұм заманнан соққы жеп, жан серігі Құлагерден айрылу себебі неде? Поэманың негізгі идеясы қандай? Батырашқа ауыл ақсақалдары өз үкімін берді. Ал сендер қандай үкім шығарар едіңіздер. Біздің сабағымыз жылқы малының асылы болғандықтан, жылқы туралы не білесіздер? Қалай ойлайсыз, қазіргі заманда Құлагердей жүйрік аттар бар ма?Ат баптау,бәйге өнерінің бүгінгі заманда даму жағдайы қандай? Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді. Үйге тапсырма: 14-тапсырма 156-бет	Жеке жұмыс. Оқушылар берілген сұрақтарға өз ойын білдіре отырып жауап береді.	Мұғалім оқушыларды «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын! .	Микрафон

Биолог студенттердің экологиялық білімін дамыту ерекшеліктері

Н.Амангелдиева, М.Аманбаева
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті 2 қауымдастырылған профессор м.а., PhD Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 12-курс магистранты

Аннотация: Мақала биолог студенттердің экологиялық білімі мен оларды оқудың маңыздылығына негізделеді. Студенттердің экология, қоршаған орта, оның әртүрлі объектілері, жаратылыстану сабақтарында адамдарға әсер ететін экологиялық факторлар туралы алғашқы түсініктерін дамыту мүмкіндіктері мен жолдары көрсетілген. Сондай-ақ экология, өсімдіктер мен жануарларды қорғау әрі салауатты өмір салтын ұстану туралы білімдерін ояту мақсатында студенттерге педагог қызметінің нақты бағыттары келтіріледі. Осы мақсатта сыныптан тыс, сабақтан тыс сабақтар өткізу ұсынылады.

Кілт сөздер: экология, өсімдіктерді қорғау, жануарларды қорғау, салауатты өмір салты, экологиялық факторлар, өсімдік зиянкестері, өсімдіктерді бейімдеу, экологиялық білім.

Экологиялық білім мен дағдыларды қалыптастыру XXI ғасырдың тұлғасын қалыптастырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Осындай маңызды мәселені шешу басшылықтан бастап еліміздің әрбір азаматын толғандыратыны хақ. Экологиялық тәрбие балаларға жас кезінен бастап егілуі керек. Мәселені шешудегі басты жауапкершілік оқытушыларға жүктеледі. Сонымен, экологиялық білім мен дағдылар бастауыш сыныптардан бастап жоғары оқу орындары студенттеріне де сіңірілуі керек. Оқытушылар оқушылар мен студенттерге сіңірген қарапайым экологиялық ұғымдар жоғары сыныптар мен жоғары оқу орындарында жеке пәндерді оқыту кезінде одан әрі кеңейіп, іс жүзінде жүзеге асырылуы керек. Әр пәннің мазмұнында экологиялық мәселелерге белгілі бір орын беріледі. Оларды басшылыққа ала отырып, оқытушы тақырыптарды өмірмен, қоршаған ортада болып жатқан экологиялық оқиғалармен, қайшылықтармен байланыстырып, оларды шешу, пайдалы идеяларды ұсыну туралы ойлау дағдыларын қалыптастыруы керек.

Жоғары оқу орындарының оқыту процесінде, оның ішінде биологияның салалас пәндерін оқытуда экологиялық білімді сіңіру мүмкіндіктері кең, өйткені экология биологияның бір бөлігі ретінде дамып, дербес ғылымға айналды. Сондықтан жаратылыстану пәндерін оқыту кезінде экологиялық мәселелер туралы ақпарат беру және студенттерге экологиялық дағдарыстан шығу жолдарын үйрету мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану керек. Биологияны оқыту экологиялық білімді оқытуға мүмкіндік беріп қана қоймай, онсыз сабақтарды дұрыс ұйымдастыру мүмкін емес екендігін айқын көрсетіп отыр. Экологиялық білімді оқыту бойынша жұмысты сапалы ұйымдастыру оқытушыларға байланысты [1]. Экологияның, қоршаған ортаның, оның әртүрлі объектілері мен оқиғаларының, адамдарға әсер ететін экологиялық факторлардың алғашқы ұғымдары сияқты қарапайым ұғымдар оқыту процесінде өткізілген жаратылыстану сабақтарында студенттерге сіңірілуі керек.

"Өсімдіктер" курсын оқыту кезінде оқытушы тақырыптарды экологиялық білім мен дағдыларды қалыптастырумен байланыстыруы керек. Ол экологиялық факторлардың өсімдік құрылымына әсерін, олардағы физиологиялық процестерді, өсімдік мүшелерінің қоршаған орта жағдайларына бейімделуін, метаморфозды түсіндіруі керек. Сондай-ақ, оқытушы өсімдіктерге күтім жасаудың практикалық жүзеге асырылуын және оларды қорғау тәртібін, сондай-ақ тәжірибелер жүргізу арқылы экологиялық орта факторларының оларға әсерін түсіндіруі керек.

"Зоология" курсын оқыту кезінде жануарлардың құрылымы, олардың көбеюі, таралуы, өмір сүру үшін күрес, қоршаған ортаға бейімделу белгілері экологиямен байланысты болуы керек. Жануарларды қорғау, сондай-ақ зиянкестерді экологиялық тұрақтылығына сәйкес жою жұмыстарын жүргізу қажеттілігін түсіндіру қажет. Патогендік микробтармен және оны тарататын жануарлармен күресудің ең ұтымды жолдары көрсетілуі керек. Сондай-ақ, биолог студенттерге жануарлардың бір түрін жою онымен бірге азық-түлік және басқа да қатынастардағы жануарлардың дамуына, көбеюіне әсер ететінін және табиғи реттеу принципін бұзуға жағдай жасайтынын түсіндіру керек.

"Адам" курсын оқыту кезінде адамның басқа тірі организмдермен қарым-қатынасының денсаулыққа әсерін түсіндіруге болады. Адам денсаулығы үшін өсімдіктер мен жануарлардың ең маңызды түрлерін анықтап, зиянды түрлерін анықтап, биолог студенттерді олармен таныстыру маңызды. Сондай-ақ оларға абиотикалық факторлардың, адамдардың салауатты өмір салтына әсер ететін экологиялық ортаның рөлін түсіндіру де өте маңызды. Әркімге денсаулық сақтау дағдыларын, экологиялық ортаның ерекшеліктерін білуді үйрету оқытушылардың ең алдыңғы міндеттері болмақ. Студенттер салауатты өмір салты үшін айналып өтпейтін және зиянды экологиялық факторларды білуі керек. Олар пайдалыларды пайдалану дағдыларын игеріп, олардан аулақ болып, зиянды заттардың алдын алуы керек.

"Жалпы биология" курсын оқыту кезінде биолог студенттерге алған биологиялық және экологиялық білімдерін жалпылау, сондай-ақ олар оқитын жекелеген мәселелерді жүйелеу және қорытынды шығаруға жағдай жасау

қажет. Экология негіздері пәндерін оқыту кезінде студенттердің экологиялық білімі мен дағдылары одан әрі нығаюы тиіс. Рас, биологияны және басқа да жаратылыстану пәндерін оқыту кезінде студенттерге экологиялық білім мен дағдылар жеткілікті мөлшерде беріледі. Алайда, экологиялық тәрбие - бұл тек сабақ барысында қамтылатын процесс емес. Оны тұрақты процесс ретінде, сондай-ақ сыныптан тыс, сабақтан тыс, жоғары оқу орындарынан тыс сабақтар мен іс-шараларда өткізу қажет [2]. Биология бойынша сыныптан тыс жұмыстың жеке формаларын тәжірибелі биология мұғалімдері жақсы жүргізеді, олар, әдетте, студенттердің биологиялық қызығушылықтарын анықтайды, олар үшін жеке тапсырмаларды таңдайды. Жеке сыныптан тыс жұмыстың ең көп таралған түрлеріне өсімдіктер, табиғаттағы жануарлар туралы тәжірибелер мен бақылаулар, көрнекі құралдар жасау, баяндамалар, рефераттар дайындау және т.б. жатады [3]. Эпизодтық топтық жұмыс әдетте жоғары оқу орындарындағы бұқаралық іс-шараларды, мерекелерді және т. б. дайындауға және өткізуге байланысты ұйымдастырылады, әдетте, белгілі бір іс-шара аяқталғаннан кейін эпизодтық топ ыдырайды, содан кейін басқа жаппай іс-шараны дайындауға және өткізуге байланысты қайтадан құрылады.

Үйірме сабақтары сыныптан тыс жұмыстың негізгі түрі болып саналады. Үйірме жыл бойы жүйелі түрде жұмыс істейтін студенттерден тұрады. Үйірмеге тәжірибелер мен бақылаулар, табиғатқа экскурсиялар, кештер, конференциялар өткізу, баяндамалар, рефераттар дайындау, қабырға газеттерін шығару, көрнекі құралдар жасау, қолжазба журналдарын шығару және т.б. сияқты жұмыс түрлері тән. Көңіл көтеру биологиясының сағаттары әдетте әр сыныпта ұйымдастырылады. Бір сабақтың ұзақтығы – бір академиялық сағат. Студенттер ойын-сауық биологиясының әр сағатына алдын-ала дайындалады. Олар оқытушы ұсынған әдебиеттерден қажетті ақпаратты таңдайды, оларды құрастырады, көрнекі құралдар дайындайды. Сабақтың өзінде жүргізуші студенттерге саяхат жасауды ұсынады, аялдамаларды атайды, оның барысында алдын-ала дайындалған үйірмелер өсімдіктер, жануарлар және т.б. туралы қызықты мәліметтер береді. Бұқаралық іс-шараларға әр түрлі кештер де кіреді. Әр кештің алдында үлкен дайындық жұмыстары жүргізіледі: кеш бағдарламасы әзірленуде, баяндамалар мен хабарламалар тақырыптары ұйымдастырушылар арасында бөлінеді, оның қызықты эпизодтық бөлігі дайындалады (викторина сұрақтары, биологиялық ойындар, кроссвордтар, чинвордтар және т. б.), көркемөнерпаздар, өлеңдер,әндер, сахналау, музыкалық нөмірлер, билер), көркем безендіру, студенттердің жұмыстарының көрмесі [4].

Менің ойымша, биология студенттерінің экологиялық білімін дамыту табиғатты қорғау, тұрақты даму және табиғи ресурстарды басқару саласында жұмыс істейтін мамандарды даярлауда шешуші рөл атқарады. Экологиялық білім тек теориялық қана емес, сонымен қатар практикалық, болашақ мамандарды өзекті экологиялық мәселелерді шешу үшін қажетті біліммен қамтамасыз ете алатындығы маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Трайтак Д.И. «Как сделать интересной внеклассную работу по биологии». М.: Просвещение, 1970

2.Верзилин Н.М., Корсунская В.М. Общая методика преподавания биологии. М.: 1976

3.Внеклассная работа по биологии. Пособие для учи-телей. М.: Просвещение, 1984.

4.Балаев А.А. Активные методы обучения. М: 1986



Қазақ тілін жаңаша оқыту технологиялары

Сыбанқұлова Мөлдір Жаңабілқызы
Алматы облысы Қарасай ауданы «Жаңатұрмыс ауылындағы орта мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазіргі кездегі қоғамның ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әр түрлі саласына біртіндеп өзгерістер енгізуде. Қазіргі білім беру саласында өзгерістерді дұрыс қабылдап, оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу мүмкін емес. Ақпараттандыру ісі Қазақстанның білім беру жүйесінің білім жүйесінің даму жолына да ықпалын тигізуде. Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сәйкес оқытудың жаңа технологиясы қалыптасып нығая түсуде. Сондықтан педагогика ғылымының алдында электрондық ұстанымдарын анықтау және айқындауға байланысты бірқатар міндеттер қойылды. Сонымен қатар электрондық оқыту құрылымы мен мазмұнына, оқыту әдістеріне, оқытудың формасына және құрамына қойылатын кешен талаптарды анықтау қажеттігінен электрондық оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсаты туындап отыр. Дәстүрлі әдістемелік жүйеде оқу үрдісіндегі бөліктер бірдей және бір уақытта қатысады. Ал классикалық оқу үрдісінде әдістемелік тәсілге байланысты оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі формалары, әдістері мен оқыту құралдары қолданылуы мүмкін. Электрондық оқытудың әдістемелік оқыту моделінде оқыту құралдарының орын алуы өзгерді. Олар оқыту құрылымы мен мазмұнын, әдістерін және оқытудың формаларын анықтайды. Енді бүгінгі күнде электронды оқыту шеңберінде жиі қолданылатын оқыту әдістемелері мен формаларына тоқтала кетейік. Электрондық оқытудың әдістеріне топтық әдіс және жеке дара оқыту әдісі жатады. Бұларды кеңінен тараған оқыту формаларына жатқызуға болады Педагогикалық технология деп оқыту процесінің өзін жүйе ретінде құру мен басқару, диагностикалық мақсаттар қойып, соған тиімділікпен жету жолдарын ғылыми негізде ұйымдастыру барысында танылады. Біздің ұсынатын бағытымыз осы соңғы айтылғанымен тығыз байланысты. Бұл бағыттың ерекшелігі сонда, мұның түпнегізі оқыту үдерісінің жалпы заңдылықтары бар, соларды белгілі бір жүйеге түсіріп тану және нақты білім оқыту мақсатына лайықтап ұйымдастыру керек деген идеяға негізделеді. Бұл жерде білім берудің екі жақтылық болмысы да ғылыми негіздер арқылы танылып, жүйелеуі тиіс. Оның бір жағы берілетін білім мазмұнының теориялық деңгейде оқу мақсатына лайық жүйелеуі болса, екінші жағы соны оқыту үдерісін жүйелеп тану болмақ.

Электрондық оқыту құралдарына оқытуды ұйымдастыру және жүргізу үшін арналған бағдарламалық өнімдерді жатқызамыз. Электрондық оқыту жағдайында әр түрлі оқыту формалары мен әдістерін, мазмұнын қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау үшін оқыту құралдарын салыстыру және оларды бағалаудың негізгі бағыттарын ескеру қажет. Яғни, жасау және қолдану технологиясы, ұсынылатын аспаптар жиынтығы, ұсынылатын қызметтің іске асырылу деңгейі.

Нақты бағдарламалық өнімді жасау мен қолдану технологиясы жеке дара және топтық оқыту сияқты әр түрлі әдістерді қолдана отырып, оқытуды іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар — электрондық оқулықтар. Жаңа технологиямен оқыту жүйесі — сабақта барлық білім алушының белсенді қатысуымен ұйымдастырылатын оқу үдерісінің бірі. Бұл ретте оқытушы мен тіл үйренушінің коммуникативтік қатынасқа негізделген қарым-қатынасының өзгермей сақталуы талап етіледі. Қазақ тілін оқытуда жаңаша оқыту технологиясын қолдану арқылы қоршаған ортада болып жататын әр түрлі жағдаяттар тарапынан алғаннан соң, тілдік жағдаят жаттығуларына айналдыра білу керек. Жалпы, жаңаша технологияның түрлері өте көп. Мұның үстіне компьютерлік-ақпараттық технологиямен жасалатын жұмыс жүйелерін алатын болсақ, бұл технологияның сапалы білім беруде, танымдық қызығушылығын арттыруда алатын үлкен орны байқалады.

Қазақ тілін мектепте, жоғары оқу орнында, мемлекеттік қызметкерлерді оқыту курстарында оқыту жүйесі, жекелеген сабақ, бір қарағанда, күнделікті өтіп жататын жағдай сияқты. Бірақ тұтас оқыту жүйесі сияқты, бір сабақты өткізу барысында танымдық үдерістің небір күрделі түрлері өтіліп, адамның рухани әлемі қалыптасып жатады. Соныменде оқу үрдісінің танымдық үдеріс ретіндегі сыртқа қарапайым, ал ішкі мазмұны адам қалыптастыратын мүмкіншілігі айқындала түседі. Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен еркін сөйлеу тілін дамытуды маңызды орын алады.

Жаңа технологияларды қолдана отырып, оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен жақсы сөйлеу тілін дамытуда қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері айқындалуы тиіс. Әрбір берілген ұғым мен оның мазмұнын құрайтын білімдік ақпарат — оқушының ой-санасын өзгертуші, дамытушы құрал. Бірақ танымдық негіздері туралы бөлімде айтқанымыздай, оқушылардың даму барысында көп сүйеніп, талдаулар жасай беруге, білім мазмұнын жөнсіз көбейтуге немесе күрделендіруге болмайды. Тіл үйренушінің даму ерекшелігін оның жас ерекшелігімен байланыстыра қарау қағидаты басты назарда болуға тиісті.

Қазақ тілін жаңаша технологиямен оқыту — тіл үйренушілердің шығармашылық қызметін, сапалы білім ала білуін қалыптастыратын үдеріс. Тіл үйренушінің саналылығы қазақ тілінің төл дыбысының, сөзінің сөз тіркесінің, сөйлемнің өзіндік болмысын танып-білу барысында ғана және сол үшін ғана емес, жүйе теориясының заңдылықтарын ғылымның барлық саласында қолдану жолдарын меңгеру қажет екенін түйсігімен түйсінуі барысында ғана қалыптасады. Бұл ретте мұғалімнің дұрыс қойған талаптары мен тапсырманы орындау алгоритмдерінің бірізді тәртіптелген жүйесі оқушыны саналылықпен білім алуға дағдыландырады. Тіл үйренушінің саналылықпен білім алу ұстанымы толыққанды жүзеге асуында келесі ұстаныммен табиғи байланысты болуы үлкен рөл атқарады.

Қазақ тілінің жазу және сөйлеу заңдылықтарын іс-тәжірибе жүзінде танып-білу тіл үйренушілердің қазақша ойлау қабілетін қалыптастырады және біртіндеп дамуына ұласады. Оның өзі тіл үйренушінің ауызша және жазбаша тілі даму үдерісіне жалғасып, қазақ тілін үйреніп жүрген жеке адам жана сатыдағы дүниетанымдық аппаратын қалыптастыруға қызмет етеді.

Оқытушының басшылығымен меңгерілген танымдық әдістермен тоқтап қалмай, оларды қолдау мен тағы басқа

түрлерін іздеуі теориялық ойлауы мен сөйлеу тетіктерінің біртұтастықта дамыған тіл үйренушінің моделі болып табылады. Сондықтан бұл ұстаным қазақ тілін оқыту үдерісінде басшылыққа алынады.

Қазақ тілін оқытуда талдау әдісін оқушыға дұрыс үйрету арқылы қазақ тіліндегі дыбыстарды, сөз құрамын, сөз тіркесін, сөйлем мүшелерін т.б. өз бетімен анықтай білу дағдылары қалыптастырылады. Тіл үйренуде байқалатын түрлі заңдылықтар мен құбылыстарға бақылау жасату барысында жеке талдау жасатудың мәні зор. Талдау әдісін орынды, белгілі бір тәртіппен қолдана білу дағдылары қалыптасуы барысында, тіл үйренушінің теориялық ойлау дағдылары дамуы да жүзеге асады.

Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің мемлекеттік тілді жақсы меңгеруін ұйымдастыру қазақ тіліндегі жекелеген тіл бірліктерінің бірлесе келіп, жинақталған ұғым жасауына жетекші қызмет атқарады. Қазақ тіл бірліктерінің болмысы туралы жаңа аспектідегі білім мазмұнын алу тетіктері мен ұстанымдарын анықтау таным теориясын негіз ете отырып, жасалатын арнайы әдістеменің кешенді проблемаларын зерттеуге алып келеді. Тіл үйренушінің қазақша еркін де сауатты сөйлеуі мен жаза білу дағдыларын қалыптастыруды олардың ғылыми білім алуымен үйлесімді ұйымдастыруда таным теориясының ілімдері үлкен тірек болады. Қазақ тілі сабақтарының әдістемелік сценарийлерін әзірлеуде оқытудың технологиялық жабдықталуы да үлкен орын алатыны белгілі. Бұл ретте компьютерді қолданудың да маңыздылығы айқын. Оқушының өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыруда, білімін тексеруде, білімін бағалауда сабақтың компьютерлік жабдықталуы үлкен орын алады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мектептерді компьютерлендіру туралы бағдарламасы қазақ тілін оқытуды сапаландыруға, оқушылардың ойлау дәрежесін өсіруге заман жетістіктерін дұрыс пайдалана білуге бастайды. Сондықтан қазақ тілін оқытуда бұл бағыт та мүмкіндігінше қолданылғаны дұрыс. Қазақ тілін оқытудың технологиялық жабдықталуы мен техникалық құралдарды қолдану турасында екі бағыт бар: «техникалық құралдар — жанды оқу процесінен артық емес» деген болса, екіншісі — «техникалық құралдар — қазіргі кезеңдегі оқу процесінің басты жетекшісі» деп келеді. Екі бағыттың бірін ұстау — біржақтылыққа алып кететіні белгілі. Оқу-танымдық қызметті белсендіруге, оқушының теориялық ойлау дәрежесін дамытуда техникалық құралдардың беретін көмегі мен мүмкіншіліктерін пайдалану бар да, оларға тым әуестеніп кетпей, орындылық пен қолдану тәртіптілігін сақтай білу бар. Сонымен, қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздерін талдай келе, мынадай қорытындыға келдік. Жалпы, тілді оқыту теориясы адамның тілді меңгеруінің жалпы немесе жекелеген заңдылықтарын білдіреді. Осы ретте қазақ тілін оқыту теориясы, дидактикалық негіздері қазақ тілін оқыта отырып, қазақша сөйлеу мен сауатты жазу әдістерінің, оқыту мазмұны мен мақсат-міндеттерінің, уәжінің оқыту заңдылықтары жүйесіне шоғырлануын бейнелейді. Бағдарламалық өнімнің деңгейі оны қолдану кезіндегі нақты жұмыс істеу қабілеті мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етумен анықталады [2]. Бағдарламалық өнімнің жұмысы оның жылдамдығымен, сенімділігімен, интерфейсінің ыңғайлығымен сипатталады. Мәселен, бағдарламалық өнімнің деңгейін тек қана оны қолданған кезде анықтауға болады. Алайда электрондық оқыту құралдарын бағалап таңдауды естен шығармау қажет. Электрондық оқулықтың автоматтандырылған оқу үрдісі ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электрондық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып, әр түрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалар, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық сілтемелер беріледі. Электрондық оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады. Шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді, дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті ақпаратты тез табуға көмектеседі, гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді, қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды т.с.с. (мультимедиа технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді), әрбір студентке дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді, белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады. Электрондық оқытудың жаңа мүмкіндіктері арқылы қосымша білімдермен қаруланған қызметкерлер маңызды бәсекелестік артықшылыққа ие болады. Виртуалдық ұйымдардың жаңа үлгілері оқытудың қажеттігін арттыруда, оқытудың дәстүрлі бағдарламаларын қашықтықтан оқыту бағдарламалары барған сайын ығыстырып келеді және өз білімін басқарудың дамып келе жатқан жүйелі жинақталған тәжірибеден пайда табуға көмектеседі. Электрондық оқулық жас буынның жаңа әдебиеті болып есептелетіні даусыз. Сондай-ақ ол компьютер технологиясының мүмкіндіктері мен кәсіби оқулықтардың дәрежесін біріктіреді. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты — оқу үрдісін және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту. Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану студентердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай туғызады. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласындағы оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Қазіргі уақытта электрондық оқулықтың құрылысы сапалы және жаңа деңгейде болуы тиіс. Электронды оқулықтың ең қажет элементі аудиохабарлар болып табылады. Инновациялық білім беру құралдары, аудио-, видеоқұралдары компьютер, интерактивтік тақта, Интернет, компьютер мультимедиалық құралдар, электрондық оқулықтары мен оқу әдістемелік кешен, медиатека, инновациялық веб-сайт және т.б. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген веб-қосымшалар, интерактивтік бағдарламалық өнімдер, қозғалмалы нысандар құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық бағдарламалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда.

Қазақ тілін жаңаша оқыту барысында сабақта жаңжақты технологияларды ұтымды қолданып, студенттердің шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқыту кезең бойынша ұйымдастыру, сол арқылы әрбір кезеңде оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін және құралдарын сәйкестендіріп таңдап алуды, нәтижелерді кезең бойынша диагностикалауды есепке алу негізінде дидактикалық міндеттерді қою мен шешудің логикалық бірізділігін қамтамасыз ету керек. Жаңа технологиялар дәуірі жағдайында студенттерге қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, соңғы ғылыми жаңалықтар негізінде толықтырылады, білім берудің жаңа парадигмалары негізіндегі жеделдете оқытудың мәні айқындалып, ұстанымдары нақтыланады.Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әр түрлі суреттер, сұлба, тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түсініп оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалдық қорыту үрдісі ұтымды болады. Бұлар практикум компьютерлер көмегімен жүзеге асырылады. Ал білімді бағалау тестік жүйе бойынша, ал толықтырушы материалдар интерактивтік компьютерлер типте жүзеге асады.

Біздің ұсынатын бағытымыз осы соңғы айтылғанымен тығыз байланысты. Бұл бағыттың ерекшелігі сонда, мұның түпнегізі оқыту үдерісінің жалпы заңдылықтары бар, соларды белгілі бір жүйеге түсіріп тану және нақты оқыту мақсатына лайықтап ұйымдастыру керек деген идеяға негізделеді. Бұл жерде білім берудің екі жақтылық болмысы да ғылыми негіздер арқылы танылып, жүйеленуі тиіс. Оның бір жағы берілетін білім мазмұнының теориялық деңгейде оқу мақсатына лайық жүйеленуі болса, екінші жағы соны оқыту үдерісін жүйелеп тану болмақ.



Экологиялық жобалар арқылы ағылшын тілін қалай үйренуге болады?

Байшекеева Акбота Алмасбековна
Алматы облысы Қарасай ауданы "Жаңатұрмыс ауылындағы орта мектебі" КММ Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Қазіргі қоғам климаттың өзгеруі, ластану және биоәртүрліліктің жоғалуы сияқты бірқатар жаһандық қиындықтарға тап болады. Бұл проблемаларды тиімді шешу үшін инновациялық технологиялар мен заңнамалық бастамаларды енгізу ғана емес, сонымен қатар халықтың күнделікті өмірдегі экологиялық тәсілдің маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыру қажет. Экологиялық сананы қалыптастырудың бір жолы — экологиялық сана арқылы «Эко-Ағылшын» деп аталатын тұжырымдамамен ағылшын тілін оқыту.

Eco-English дегеніміз не?

Eco — English - бұл тілдік тәжірибені экологиялық тақырыппен біріктіретін ағылшын тілін оқыту тәсілі. Бұл әдіс әртүрлі экологиялық мәселелерді, тұрақты дамуды, табиғатты қорғауды және экологиялық қозғалыстарды зерттеу арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және студенттердің сөздік қорын кеңейтуге бағытталған. Оқушылар абстрактілі сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алудың орнына, нақты мәселелерге бой алдырып, оларды ағылшын тілінде талқылауды үйрене алады.

Неліктен экология арқылы ағылшын тілін үйрену керек?

Жаһандық экологиялық күн тәртібі: климаттың өзгеруі және ластану сияқты жаһандық экологиялық проблемалардың өсуімен ағылшын тілі сияқты халықаралық тілде экологиялық терминологияны білу қажет болады. Бұл адамдарға осы мәселелерді шешуге бағытталған әлемдік пікірталастар мен бастамаларға қатысуға мүмкіндік береді.

Қоршаған орта мәселелері туралы хабардарлықты арттыру: ағылшын тілінде экологиялық тақырыптарды зерттей отырып, оқушылар өзекті ақпаратқа және соңғы ғылыми зерттеулерге қол жеткізе алады. Бұл экологиялық хабардарлықты дамытуға және табиғатпен өзара әрекеттесуге неғұрлым саналы көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Мәдениетаралық өзара іс-қимыл сипатында экологиялық проблемалар халықаралық сипатқа ие. Ағылшын тілі мәдениеттер арасындағы көпір қызметін атқарады және планетаны сақтау үшін күресіп жатқан әлемнің түкпір-түкпірінен келген адамдарды біріктіруге көмектеседі. Ағылшын тіліндегі экологиялық күн тәртібін түсіну халықаралық форумдарға, конференцияларға және қозғалыстарға тиімдірек қатысуға мүмкіндік береді.

Нақты тақырыптар арқылы тілдік дағдыларды дамыту ол - оқу мәтіндерімен және ескірген тақырыптармен шектелудің орнына оқушылар қазіргі қоғамға қатысты экологиялық мәселелерді зерттей алады. Бұл оқуды қызықты әрі іс жүзінде пайдалы етеді.

Экология арқылы ағылшын тілін қалай үйренуге болады?

Экологиялық әдебиеттерді қолдану арқылы оқушылар экология тақырыбында кітаптар, мақалалар, ғылыми зерттеулер мен блогтар оқи алады. Мысалы, Джон Мюр кітаптары немесе мұхиттар мен құрып кету қаупі төнген құбылыстардың жағдайы туралы мақалалар сөздік қорын кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар маңызды экологиялық мәселелер туралы білуге көмектеседі.

Деректі фильмдер мен бейнелерді көру арқылы Дэвид Аттенборомен бірге «Біздің планета» сияқты ағылшын тіліндегі деректі фильмдер мен бейнелер табиғатты қорғау мәселесіне енуге мүмкіндік береді. Мұндай материалдар оқушылардың білімін байытады және осы саладағы сарапшылар қолданатын терминологияны естуге мүмкіндік береді.

Экологиялық тақырыптарды талқылау арқылы ағылшын тілінде экологиялық мәселелер бойынша пікірталастарды ұйымдастыру қарым-қатынас пен дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Тақырыптар әртүрлі болуы мүмкін: климаттың өзгеруі мен тұрақты ауыл шаруашылығынан бастап қайта өңдеу мен ормандарды қорғауға дейін.

Жобалар мен зерттеулер жүргізу арқылы оқушылар қоршаған ортаға қатысты жобалармен жұмыс істей алады, мысалы, жергілікті экологиялық мәселелерді зерттеу немесе қоғамдастықтың тұрақтылығын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу. Бұл тақырыпты терең зерттеуге және нақты деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік медианы пайдалану арқылы әлеуметтік желілерде экологиялық қауымдастықтар мен ағылшын тіліндегі топтарға қатысу соңғы экологиялық жаңалықтарды бақылауға және әлемнің түкпір-түкпірінен келген адамдармен пікір алмасуға мүмкіндік береді.

Eco-English артықшылықтары

Жаһандық сананың дамуы бұл - экология арқылы тіл үйрену әлемдік мәселелерді жақсы түсінуге мүмкіндік береді және планетаны сақтауға жауапкершілікпен қарауды ынталандырады.

Көкжиектің кеңеюі: оқушылар жаңа тілді үйреніп қана қоймайды, сонымен қатар олардың дүниетанымын байытатын тұрақты тұтыну, экотуризм, табиғатты қорғау және т.б. сияқты мәселелерді шешу туралы біледі.

Тұрақты ойлау - бұл тәсіл студенттердің күнделікті шешімдері мен әрекеттеріне әсер ететін тұрақты экологиялық сананы қалыптастыруға көмектеседі.

Қорытынды

«Eco — English» - бұл ағылшын тілін оқыту әдістемесі ғана емес, сонымен қатар саналы, жауапты және экологиялық бағдарланған қоғамды қалыптастырудағы маңызды құрал. Тілді және экологиялық мәселелерді зерттеу арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамытып қана қоймай, болашақ ұрпақ үшін планетаның сақталуына ықпал етуге болады. Күн сайын бізден тұрақтылыққа саналы қадамдар жасауды талап ететін әлемде экология арқылы ағылшын тілін білу жаһандық қоғамға сәтті бейімделудің және әлемдік экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысудың кілті болып табылады.

Эффективные методы подготовки школьников к выполнению тестовых заданий ЕНТ по английскому языку: от базовых навыков к высоким результатам

Гасанова Лейла Зульфикаровна
Учитель английского языка КГУ «Средняя школа села Жанатурмыс»

Все усилия учителя должны быть направлены на формирование у учащихся устойчивых знаний и навыков, необходимых для успешной сдачи ЕНТ по английскому языку. Основная цель — развить уверенность в своих силах, научить использовать языковые знания для выполнения типовых тестовых заданий, а также повысить общий уровень владения английским языком. Нужно сочетать инновационные подходы и проверенные методы обучения для достижения высоких результатов.

Учителю рекомендуется заранее составлять планы уроков, учитывая уровень подготовки учащихся и их индивидуальные потребности. Чередование теоретических и практических заданий поможет поддерживать мотивацию учащихся на протяжении всего учебного года.

Для повышения эффективности обучения полезно использовать интерактивные презентации, таблицы грамматических правил, видеоматериалы, а также образцы экзаменационных тестов. Это поможет учащимся лучше усваивать теоретический материал.

Работа в парах, дискуссии, ролевые игры и практические задания способствуют активному участию учащихся в процессе подготовки и помогают осваивать сложные темы. Учителю рекомендуется подбирать задания различной сложности, чтобы учитывать уровень знаний каждого учащегося. Это позволяет поддерживать мотивацию и обеспечить эффективное развитие навыков.

Основой подготовки являются учебники по английскому языку для 11 класса, а также материалы, включающие типовые задания ЕНТ.

Для углубленного изучения тем рекомендуется использовать сборники грамматических упражнений, книги по лексике, а также специализированные материалы по подготовке к экзаменам.

Платформы, такие как «BilimLand», «Daryn Online», Cambridge English и другие, помогут разнообразить процесс обучения через использование интерактивных заданий, аудио- и видеоматериалов.

Оценка знаний учащихся так же очень важна. Проверка выполнения практических заданий по грамматике и лексике. Проведение мини-тестов и заданий на аудирование, чтение и письмо. Регулярная оценка выполнения пробных тестов в формате ЕНТ. Устные опросы, небольшие тесты и письменные задания позволяют выявить прогресс учащихся и скорректировать процесс подготовки.

Итоговый тест нужно проводить в формате ЕНТ, охватывая все аспекты экзамена: грамматику, лексику, чтение, аудирование и письмо. Выполнение проектных работ (например, написание эссе).

Учителю рекомендуется объяснение теоретического материала с использованием мультимедийных презентаций, разбор грамматических правил и лексических тем.

Следует давать упражнение на выполнение заданий на преобразование предложений, работу с текстами, аудирование и написание эссе.

Учащиеся работают в парах или группах, обсуждают тестовые задания, разрабатывают стратегии их выполнения, готовят совместные проекты.

Учащиеся выполняют задания, направленные на закрепление конкретных навыков, таких как написание эссе или анализ текстов.

Следует регулярно информировать родителей о прогрессе учащихся, их успехах и возникающих трудностях. Необходима организация встреч с родителями, где обсуждаются методы подготовки к экзамену и способы поддержки учащихся дома. Поощрение родителей к участию в выполнении домашних заданий, помощь в создании графика подготовки к экзамену, организация комфортных условий для самостоятельной работы.

Разнообразие методов работы, использование интерактивных заданий и вовлечение родителей в процесс обучения способствуют достижению высоких результатов.



Адам және табиғат

Жанпеисова Баян Бияхметовна
Алматы облысы Қарасай ауданы «Жаңатұрмыс ауылындағы орта мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі

Жаратылыстану пәнінен **2-4 сынып оқушыларына арналған**
Жұмыс дәптері**: «Адам** және табиғат»

Бөлім **1:** Табиғатты таныстыру **(8** сағат**)**
1. 1-сабақ: Табиғат деген не?
- Сурет салыңыз: Табиғаттың көз тартар көрінісін.
- Сұрақ: Сіз үшін табиғаттың маңызы неде?

2. 2-сабақ: Табиғаттағы құбылыстар
- Табиғаттағы 5 құбылысты атаңыз.
- Құбылыстарға байланысты қысқа әңгіме жазыңыз.

3. 3-сабақ: Жер бетіндегі тіршілік
- Тіршілік иелері: жануарлар, өсімдіктер, адамдар.
- Кесте құрыңыз: Тірі организмдердің қасиеттері.

4. 4-сабақ: Табиғи ресурстар
- Табиғи ресурстардың түрлерін жазыңыз.
- Сіз білетін ресурстарды және олардың пайдалану тәсілдерін салыстырыңыз.

5. 5-сабақ: Табиғаттың қорғау шаралары
- Табиғатты қорғау үшін не істей аласыз?
- «Бір күн табиғат қорғаны» тақырыбында қысқа жоба.

6. 6-сабақ: Экожүйе
- Экожүйе туралы баяндау.
- Өз аулаңыздағы экожүйені зерттеңіз.

7. 7-сабақ: Табиғи тепе-теңдік
- Табиғи тепе-теңдіктің маңызы.
- «Табиғаттағы тепе-теңдік» суретті жобалаңыз.

8. 8-сабақ: Табиғатқа саяхат
- Саяхат жоспарлаңыз: қайда барасыз, не көресіз?
- «Менің табиғаттағы саяхатым» тақырыбына мәтін жазыңыз.

Бөлім **2: Адам** және табиғат **(13** сағат**)**
9. 9-сабақ: Адамның табиғаттағы орны
- Адам табыстың табиғата әсері.
- Табиғаттың адам өміріндегі рөлі.

10. 10-сабақ: Адам және экология
- Экологиялық проблемалар: себептері мен салдары.
- Табиғаттың экологиялық тепе-теңдігін сақтау жолдары.

11. 11-сабақ: Адамның табиғатқа әсері
- Кесте: Табиғатқа зиян келтіретін әрекеттер.
- Өзгерістерді қалай азайтуға болады?

12. 12-сабақ: Табиғат ресурстарын пайдалану
- Тұтыну мәдениеті.
- Энергияны үнемдеу жолдары.

13. 13-сабақ: Табиғатты қорғаудың жолдары
- Экологиялық ұйымдардың рөлі.
- «Табиғат қорғаушысы» рөлінде қысқа ойнау.

14. 14-сабақ: Адамзаттың жауапкершілігі
- Адамның табиғат алдындағы жауапкершілігі.
- Сіз табиғатқа не бересіз?

15. 15-сабақ: Адам мен табиғат арасындағы байланыс
- Табиғаттағы өзгерістердің адам өміріне әсері.
- «Табиғат өзгерістері» тақырыбында эссе жазыңыз.

Бөлім **3:** Тәжірибелік жұмыс **(7** сағат**)**
16. 16-сабақ: Экологиялық ойындар
- Экологиялық ойындар өткізу.
- Ойынға қатысқан әрбір бала өз пікірін жазады.

17. 17-сабақ: Табиғатпен танысу
- Аулаңыздағы өсімдіктер мен жануарларды бақылау.
- Нәтижелерді кесте ретінде жазыңыз.

18. 18-сабақ: Табиғат фотосуреттері
- «Табиғаттағы сұлулық» тақырыбында фотосуреттер жинаңыз.
- Суреттердің астына пікір жазыңыз.

19. 19-сабақ: Проект: Табиғатқа көмектес**!**
- Топтарға бөлініп, табиғатты қорғау жобасын жасаңыз.
- Нәтижені сыныпта қорғау.

20. 20-сабақ: Экологиялық тәжірибе
- Экологиялық тәжірибе жасау (мысалы, өсімдіктерді өсіру).
- Нәтижелерді жазыңыз.

21. 21-сабақ: Табиғатты суреттеу
- Табиғат көрінісін бейнелеу.
- Суреттеріңізді сыныпқа көрсетіңіз.

22. 22-сабақ: Нәтиже шығару
- Бағалау: өзіңіздің және достарыңыздың жобасын талқылау.
- «Мен табиғатты қорғаушы болар едім» эссесін жазыңыз.

Бөлім **4:** Қорытынды **(6** сағат**)**

23. 23-сабақ: Тест
- «Адам және табиғат» тақырыбы бойынша тест сұрақтарын жасаңыз.

24. 24-сабақ: Жұмыс дәптеріндегі үздік жұмыстарды ұсыну**.**
- Сыйлық беру рәсімі.

25. 25-сабақ: Жұмыс дәптері бойынша рефлексия
- Не үйрендіңіз?
- Келесі жолы не істегіңіз келеді?

26. 26-сабақ: Экологиялық фокус-проект
- «Табиғатты қорғау» тақырыбы бойынша көркем шығармашылық жұмысы.

27. 27-сабақ: Адам және табиғат байланысы
- «Менің табиғат туралы ойым» тақырыбында шығармашылық жұмыс.

28. 28-сабақ: Қорытынды рефлексия
- Жасырын пікірлер мен ұсыныстар.

29. 29-сабақ: Табиғат мейрамы
- Табиғат туралы жақсылықтар ұйымдастыру.

30. 30-сабақ: Аралық қорытындылар
- Сыныпта өткен жұмыстар мен жобаларды талқылау.

31. 31-сабақ: Оқушы шығармашылығын бағалау
- Жұмыстарды бағалау және марапаттау рәсімі.

32. 32-сабақ: Өзгерістерді бақылау
- Табиғаттағы өзгерістерді бақылау мен талдау.

33. 33-сабақ: Оқу қорытындыларын шығару
- Оқушылардың қатысуы мен үлес қосуын талқылау.

34. 34-сабақ: Экологиялық күн
- Оқушылар мен ата-аналардың қатысуымен экологиялық шара өткізу.

Жұмыс дәптері парақтарының шаблоны:
1. Тақырып:
2. Тапсырма:
3. Сурет немесе диаграмма (көрсету):
4. Жазу үшін орын:
5. Рефлексия бөлімі:
6. Бағалау (1-5):

Бұл программа «Адам және табиғат» тақырыбын терең зерттеуге бағытталған, балалардың табиғатты түсінуге, қорғауға және оған жауапкершілікпен қарауға үйретуге көмектеседі.

Как уменьшить мощность звука

С.Т.Бутаева
Алматы облысы Қарасай ауданы «Жаңатұрмыс ауылындағы орта мектебі» КММ орыс тілі пәні мұғалімі

Раздел:	Раздел 5 - Физика природы. Свет. Звук. Тепло. Электричество.		
Ф.И.О педагога:	Бутаева С.Т.		
Дата:	23.01.2025		
Класс: 4	Количество присутствующих:	Количество отсутствующих:	
Тема урока:	*Как уменьшить мощность звука*		
Цели обучения в соответствии с учебной программой:	4.5.3.1 исследовать и объяснять влияние определенных преград на громкость и распространение звука 4.1.2.2 представлять полученные результаты в форме по выбору учащегося		
Цели урока:	Научить учащихся исследовать и объяснять влияние определенных преград на громкость и распространение звука		

Ход урока:

Этап урока/ Время	Действия педагога	Действия ученика	Оценивание	Ресурсы
1.Начало урока. **0-5 мин**	Создание положительного эмоционального настроя: С добрым утром. Начат день, Первым делом гоним лень. На уроке не зевать, А работать и читать. На уроке будь старательным, Будь спокойным и внимательным. Всё пиши, не отставая, Слушай, не перебивая. Говорите чётко, внятно, Чтобы было всё понятно. Если хочешь отвечать Надо руку поднимать **- Бодрячок** **“Прорвись в круг”** Группа образует круг, взявшись за руки и плотно сдвинувшись. Один из участников (тот, который почему-либо оказался в ходе занятий в изоляции или наоборот лидер) остается за кругом и пытается прорваться в круг. Если ему это удается, группа приветствует его аплодисментами, если нет, то после нескольких попыток группа сама пропускает его в круг и тоже приветствует.	Приветствуют учителя. Организуют свое рабочее место, проверяют наличие индивидуальных учебных принадлежностей	ФО Оценивание эмоционального состояния   	Эмоц. **настрой**
2. Середина урока. 5 – 40 мин	**(К)** Актуализация знаний. Целепологание. - Проверка домашнего задания. Работа над лексической и грамматической темой урока. **(П) Формулирование темы и цели урока.** **Блиц-турнир** • Чем похожи явления отражения света и отражения звука? В чём их различие? • Какое явление возникает в горах из-за отражения звука? **(К)** Работа с учебником.	**Дескриптор:** Учащиеся слушают учителя, отвечают на вопросы **Дескриптор:** Формулируют тему урока, определяют цель урока **Дескриптор:** Отвечают на вопросы	 Оценивают работу сигналами светофора	Учебник

(II) Работа в парах.
Сравни
Рассмотри фотографии и опиши комнаты.
Как ты думаешь, в какой комнате может появиться эхо? Почему?
В какой комнате звук слышится приглушённо? Почему?



Поглощение – это ещё одно свойство звуковых волн. Звуковые волны хорошо поглощаются в помещениях, где есть мягкая мебель, ковёр или специальные звукопоглощающие покрытия для стен и пола.



Исследуй
Как можно уменьшить громкость звука?



Как используют звук?
Рассмотри фотографии. Расскажи, где используются отражение и поглощение звука?



Поглощение звука используется в разных ситуациях. Например, при строительстве, для того, чтобы уменьшить строительный шум в общественных местах, где много людей. В промышленных цехах, где работают мощные станки, тоже используют звукопоглощающие покрытия. Это помогает создать комфортные условия для работы людей.
Знаешь ли ты?
Летучая мышь издаёт ультразвуки. Человеческое ухо их не воспринимает.

Дескриптор:
Рассматривают фотографии
Описывают их
Отвечают на вопросы



Оценивают работу жестами

Тетрадь

Дескриптор:
Изучают новый материал

Учебник



Оценивают работу смайликами

Дескриптор:
Проводят исследование

Учебник
Доп. литература

Дескриптор:
Отвечают на вопросы



Оценивают работу хлопками **(тихо, громко)**

Музыка

Дескриптор:
Изучают дополнительный материал

	Мышь с помощью ультра- звука может определить препятствия перед собой и с ловкостью обойти их. Однако в тёмной пещере или в комнате испуганная летучая мышь может удариться о голову человека. Дело в том, что ультразвук поглощается волосами человека. Летучая мышь, не чувствуя отражения звука, считает, что на пути нет преграды.  **(К) Физминутка.** Мы тоже можем так. Смотри скорей, который час, Тик-так, тик-так, тик-так. Налево раз! Направо раз! Мы тоже можем так. Чтоб стать похожим на орла И запугать собак. Петух расправил два крыла. Мы тоже можем так. Пастух в лесу трубит в рожок – Пугается русак. Сейчас он сделает прыжок… Мы тоже можем так. Идёт медведь, шумит в кустах, Спускается в овраг. На двух ногах, на двух ногах Мы тоже можем так. Теперь пора и отдохнуть, Устали как-никак. Поесть, попить и снова в путь. Мы тоже можем так. (Разливают чай, пьют, маршируют.) **(К) Работа с учебником.** **Создай препятствие** Как ты думаешь, каким будет звук часов, изображённых на рисунках? Нарисуй преграду для звука. Что будет происходить со звуком? Изобрази с помощью стрелок. Сделай описание этого процесса. 1 2  _____ _____ _____ _____ _____ _____ _____ _____ **(П) Работа в парах.** **Опыты с часами** 1. Надуй воздушный шар. Возьми часы. Послушай тиканье часов через воздушный шар. Сделай вывод о звуках, которые удалось услышать. Запиши свой вывод. _____	Повторяют движения за учителем **Дескриптор:** Изучают новый материал **Дескриптор:** Делают описание процесса **Дескриптор:** Проводят опыты	 Оценивают работу сигналами светофора   Оценивают работу жестами	Карточки Муз. Сопровождение Рабочая тетрадь Карточки Муз. сопровождение Учебник

	2. Наполни воздушный шар водой. Послушай тиканье часов через шар с водой. Сделай вывод о звуках, которые удалось услышать. Запиши свой вывод. _____ _____ 3. Положи часы на парту. Приложи ухо к парте. Сделай вывод о звуках, которые удалось услышать. Запиши вывод. _____ _____ 4. Обсуди свои выводы с одноклассниками. Через какую среду звук распространяется быстрее? Запиши вывод. _____ **(К)** Пальчиковая гимнастика Каждый пальчик разотру, Каждый пальчик покручу… Разведу вперед, назад… И сожму их сильно. Здравствуйте, пальчики, Зверушки лесные! Здравствуйте, пальчики, Игрушки заводные! **(И) Самостоятельная работа.** **Оцени и отметь** **Рассмотри картинки. Отметь знаком плюс (+) те предметы и объекты, которые усиливают звук, и знаком минус (-) те, которые его поглощают.**  Выполнение заданий в тетради ученика. Дифференциация по усмотрению учителя.	Повторяют движения за учителем **Дескриптор:** Рассматривают картинки Отмечают верные и неверные утверждения **Дескриптор:** Выполняют задания в рабочей тетради	 Оценивают работу смайликами  Оценивают работу хлопками **(тихо, громко)**  Оценивают работу сигналами светофора	
3. Конец урока. **40 - 45** мин	Итог урока. **-**Какую цель мы поставили на сегодняшнем уроке? - Достигли ли мы этой цели? - Какие затруднения были у вас на уроке? - Что нужно сделать чтобы эти затруднения не повторялись? Рефлексия. Предлагает оценить свою работу при помощи линейки успеха.  	Отвечают на вопросы учителя, оценивают сою деятельность на уроке		Картинки к рефлексии.

Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытудың маңызы мен ерекшеліктері

Биданова Ләйлә Қасымханқызы
Алматы облысы Қарасай ауданы «Жаңатұрмыс ауылындағы орта мектебі» КММ ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

XXI ғасыр - білім мен ғылымның жаңа инновациялық технологиямен қарыштап дамитын заманы. Сондықтан еліміздің болашағы жас ұрпақтың білімді, тәрбиелі болуына тікелей байланысты. Ұрпақ білім мен ғылымды терең меңгерсе, халқымыздың болашағы жарқын болады. Тұңғыш президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың: «Біз алдағы уақытта осы алған бағытымыздан таймай әлемдік биіктерді бағындыра беретін боламыз. Сондай биік белестердің бірі – Қазақстанның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі. Ол мақсатқа жету үшін, ең алдымен, әрбір қазақстандық бәсекеге қабілетті болу керек», - деген сөзі білімі, ғылымы мықты ел болуымызға бағытталған. Елбасы жаңа өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың үш тіл білу керектігін баса айтты. Ағылшын тілін үйрену, оны жетік меңгеру - бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде маңызды.

Бастауыш сынып – білімнің алтын қазығы. Бастауыш сыныпта оқушылар мұғалімнің айтқанын тез меңгеріп, тез жадына сақтайды. Ағылшын тілін де бастауыш сынып оқушылары тез меңгереді. Қазіргі кезде ағылшын тілін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер бастап оқытады. Айту, есту арқылы білуге ынталанған балалардың есте сақтау қабілеті жоғары болады. СондыОқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін сабақта жаңа технология әдіс-тәсілдерін қолданып, білімдерін шыңдау әрбір мұғалімнің міндеті. Сабақта түрлі ойындар қолданып, оқушылардың ағылшын тіліне деген белсенділігін арттыруға болады. Бүгінгі таңда шет тілін бастауыш сыныптан бастап оқыту отандық және шетелдік мектептердегі бастауыш сатының айырылмас бөлігі деп сеніммен айтуға болады. Қазіргі тұлғалық бағытталған оқыту концепциясына сәйкес оқушы, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктері білім беру жүйесінің дәл ортасына қойылған.

Бастауыш этап маңыздылығы - әрі карай бұл пәнді меңгеру жетістіктері мен келесі этаптардағы білім дағдыларының қалыптасуы бұл этаптағы оқу үрдісінің қалай өткізілетіндігіне байланысты болады [5]. Оқытудың мақсаты оқу бағдарламасымен айқындалады. Сондықтан мұғалім өзінің оқыту-тәрбие жұмысын осы бағдарламаға сүйене отырып жоспарлап, жүзеге асыруы тиіс. Бағдарламаның түпкі және қосалқы мақсаттарын ажырата білу керек, себебі әр сабақтың негізгі және қосалқы мақсаттары болады.

Оқытудың бірінші сатысында келесі міндеттер орындалады:

1) шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде колданудың психологиялық барьерін сезінбеген кезде ерте жастай оқушыларды шет тілдік әлемге кірістіруге ықпал ету; балалардың шет тілде қарым-қатынас жасауға дайындықтарын және оны әрі қарай меңгеруге деген ерік-жігерлерін қалыптастыру;

2) сөйлеу қабілеттерінің мүмкіндіктері мен басты ерекшеліктері оқушының қажеттіліктерін ескере отырып сөйлеу әрекетінің 4 түрінде де элементарлық коммуникативтік қабілеттіліктерді қалыптастыру (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу);

3) балаларды шетел оқушыларының өмірімен, өлең, таппақ, ертегі түріндегі фольклорымен және балаларға арналған көркем әдебиет үлгілерімен таныстыру;

4) ана тілінде және шет тілінде көрініс табатын әмбебап лингвистикалық ұғымдарды, интеллектуалды және танымдық қабілеттіліктерді қалыптастыру;

5) балаларды жаңа әлеуметтік тәжірибеге қатынастыруды отбасылық, тұрмыстық, оқу қарым-қатынастарына катысты рөлдік ойындар арқылы, олардың ана тілі мен шет тілінде қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін, айырмашылықтарын ескере отырып ұйымдастыру.

Шет тіліне ерте жастан үйрену оқушыларға келесі мүмкіндіктерді береді:

1) шет тіліндегі дыбыстарды, сөздерді, сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс айту мен есту арқылы айыруға, сөйлемнің негізгі түрлерінің интонациясын сақтауға;

2) бастауыш сынып тақырыптары шегінде ең қолданбалы лексиканы үйрену. 500 лексикалық бірліктен кем емес продуктивті лексикалық минимумдарды игеру; лексиканың жалпы көлемі, рецептивті лексикалық минимумды қосқанда, 600 лексикалық бірліктен кем болмауы керек;

3) оқылып отырған тілдің негізгі грамматикалық категориялары жайлы ақпарат алу, оқыған лексиканы және грамматиканы оқу, тыңдау кезінде және қарым-қатынаста қолдануға;

4) мұғалімнің, сыныптастарының, көрнекіліктер мен тілдік болжамдар арқылы жеңілдетілген тексттердің мазмұнын есту арқылы түсінуге;

5) диалогтық қарым-қатынасқа қатысу: екі жақты және этикетті диалог жүргізуге;

Оқудың табыстылығы мен оқушылардың пәнге деген қатынасы мұғалімнің сабақты қаншалықты қызықты және эмоционалды өткізуіне байланысты. Әрине, шет тіліне бастауыш сынып оқушысын оқытуда ойындар маңызды рөл атқарады. Ұстаз қаншалықты ойындар мен көрнекілік-

терді сабакта жиі қолданса, соншалықты берік түрде материал меңгеріледі

Шет тілінде оқу, есту, көру, сөйлеу анализаторларын белсендендіріп, естің, ойлаудың, елестетудің дамуына маңызды үлес қосады. Бастауыш сынып оқушыларының ой-өрісі кең және бұл қабілетті оқыту тәрбиелік үрдісінде қолдану қажет, екінші жағынан - бұл қабілетке сүйену олардың ойлау қабілеттерін дамытады. Оқу-ұйымдастыру білігі мен дағдысын қалыптастыру дамытушылық мақсаттардың негізі болып табылады. Себебі, оқушының тіл білімі деңгейін жоғарылату және сол тілде ойлауды дамыту - тіл білімін дамытудың басты мақсаты.

Шет тілін бастауыш этапта оқыту оқушының логикалық ойлауын дамытуы мүмкін. Кітаптарда ойлау әрекеттерін жүзеге асыруды кажет ететін тапсырмалар беріледі. Мысалы:

Look at the picture and agree or disagree. – Талдау.

Choose the right sentence. – Салыстыру-талдау.

Arrange sentences in a logical order. – Талдау-салыстыру.

What do you think about Pit? Is it good to do things like that? – Талдау-саралау, ой-қорытындылау Ағылшын тілі – қазіргі ғасырдың тілі. Ағылшын тілінің маңызы ерекше. Қоғамның қай саласында қолданыс табуда. Шет елге шығатын студенттер, қызметкерлер үшін ең қажетті тіл – ағылшын тілі. Қазір тіпті мектеп оқушыларының ағылшын тіліне қызығушылықтары артып, соңғы жылдары көбі ағылшын тілін таңдап, оқуға түсіп, мамандықтарының иесі болып жатыр Болашағымыздың жарқын болуы білімнің қарыштап дамуына тікелей байланысты. Сондықтан білімді шәкірт – ел болашағының тұтқасы. Шәкірттерге сапалы білім мен саналы тәрбие беру – мұғалімдер еншісінде.

Гендік инженериядағы ЖИ: CRISPR технологиясы мен болашақ

Әбдуәли Назерке
Темірбек Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейі биология пәні мұғалімі

Гендік инженерияның қарқынды дамуы CRISPR технологиясының пайда болуымен жаңа деңгейге көтерілді. Жасанды интеллект (ЖИ) бұл процестерді жетілдіруге, генетикалық түзетулердің дәлдігін арттыруға және геномдық зерттеулерді жылдамдатуға ықпал етеді. CRISPR-Cas9 технологиясының жұмыс принциптері, ЖИ-дың гендік инженериядағы рөлі және болашақтағы ықтимал өзгерістер қарастырылды.

Гендік инженерия, CRISPR, жасанды интеллект, ДНҚ редакциялау, геном, биотехнология, медициналық инновациялар.

Қазіргі заманғы биотехнологияда CRISPR-Cas9 жүйесі генетикалық материалды дәл түзетуге мүмкіндік беретін ең тиімді құралдардың бірі болып табылады. Бұл әдіс бактериялардың табиғи қорғаныс механизмінен алынған және бүгінде медицина, ауыл шаруашылығы және биология ғылымында кеңінен қолданылады. Алайда, ДНҚ редакциялау кезінде қателіктер мен болжанбаған мутациялар қаупі бар. Осы мәселелерді шешуде жасанды интеллект маңызды рөл атқарады. ЖИ генетикалық түзетулердің дәлдігін арттыруға, мутациялардың ықтималдығын болжауға және жаңа терапевтикалық шешімдерді әзірлеуге көмектеседі.

1. CRISPR-Cas9 технологиясы және оның маңызы. CRISPR-Cas9 – генетикалық инженерия саласындағы ең ірі жаңалықтардың бірі. Бұл технология бактериялардағы табиғи қорғаныс жүйесінен алынған және ДНҚ-ны нақты өзгертуге мүмкіндік береді. Ғалымдар оны генетикалық ауруларды емдеу, ауыл шаруашылығында өсімдіктердің төзімділігін арттыру, биотехнологияда жасушаларды бағдарламалау үшін қолданады.

CRISPR технологиясының негізгі компоненттері:

- CRISPR тізбегі – бактерияларда кездесетін ДНҚ тізбегі, ол вирустардың шабуылын анықтап, есте сақтайды.
- Cas9 ферменті – ДНҚ-ны кесуге мүмкіндік беретін ақуыз.
- Гид-жасуша (guide RNA) – ДНҚ тізбегіндегі нақты нүктені анықтап, Cas9 ферментіне бағыт беретін РНҚ молекуласы.

CRISPR жұмыс принципі «гендік қайшы» қағидасына негізделген. Ол генетикалық кодтың бұзылған бөліктерін кесіп алып, қажет болған жағдайда жаңа гендерді енгізуге мүмкіндік береді. Бұл әдістің дәлдігі жоғары, бірақ кейбір жағдайларда қателіктер пайда болуы мүмкін. Жасанды интеллект осы жерде үлкен рөл атқарады, өйткені ол мутациялардың ықтималдығын азайтып, процестің қауіпсіздігін арттырады.

CRISPR-дің негізгі қолдану салалары: Медицина – тұқым қуалайтын ауруларды емдеу, қатерлі ісікті диагностикалау және гендік терапия жүргізу.

Ауыл шаруашылығы – өнімнің сапасын арттыру, зиянкестерге төзімді өсімдіктер жасау. Биотехнология – жасушаларды бағдарламалау, синтетикалық биологияны дамыту. Жасанды интеллект CRISPR технологиясының

дәлдігін арттыру үшін қолданылады. Бұл технологияның мүмкіндіктерін кеңейту үшін үлкен деректерді талдау, генетикалық мутацияларды болжау, генетикалық кодтың өзгеруін модельдеу қажет. Жасанды интеллект генетикалық инженерия саласында маңызды рөл атқарады. Ол үлкен көлемдегі геномдық деректерді өңдеуге, мутацияларды болжауға, гендік редакциялаудың тиімділігін арттыруға көмектеседі.

ЖИ-дың негізгі қолдану бағыттары:

2.1 Генетикалық мутацияларды болжау. CRISPR арқылы гендерді редакциялау кезінде мутациялар мен жанама әсерлер болуы мүмкін. ДНҚ құрылымы өте күрделі болғандықтан, кез келген өзгеріс күтпеген нәтижелерге әкелуі мүмкін. ЖИ бұл мәселені шешу үшін қолданылатын әдістерді жетілдіреді: Нейрондық желілер – генетикалық кодтағы өзгерістерді алдын ала болжайды. Үлкен деректерді талдау – ДНҚ тізбектеріндегі ықтимал мутацияларды есептейді. Симуляция жүйелері – генетикалық өзгерістердің болашақ әсерін модельдейді. IBM, Google DeepMind сияқты технологиялық компаниялар ЖИ-ды CRISPR технологиясымен біріктіру бағытында зерттеулер жүргізуде. Бұл әдістер гендік терапияны қауіпсіз және тиімді етуге көмектеседі.

2.2 Ген редакциялау қателіктерін азайту. CRISPR технологиясы өте дәл болғанымен, кейбір жағдайларда қажетті емес гендерге әсер етуі мүмкін. ЖИ қатені анықтау және болдырмау үшін қолданылады: Қателіктерді автоматты түрде анықтайтын алгоритмдер; CRISPR жүйесін оңтайландыратын үлгілер; ДНҚ редакциялау кезінде ықтимал қауіптерді алдын ала бағалау; Stanford университетінің зерттеушілері ЖИ-дың көмегімен CRISPR қателерін 50%-ға азайтатын жүйе әзірледі. Бұл биомедицинадағы үлкен серпіліс.

2.3 Жасанды интеллект ақуыз құрылымын болжауда қолданылады. Бұл CRISPR технологиясын жетілдіру үшін өте маңызды. DeepMind компаниясының AlphaFold бағдарламасы ақуыздардың үш өлшемді құрылымын дәл анықтайды. Бұл гендік терапияда қолданылатын жаңа ақуыздарды құруға мүмкіндік береді.

CRISPR және ЖИ-дың үйлесуі болашақ биотехнологияны жаңа деңгейге көтереді. Бұл технологияларды қолдану ауруларды емдеуде, өмірді ұзартуда, экологиялық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. ЖИ-дың көмегімен CRISPR технологиясы генетикалық ауруларды толық жоюға мүмкіндік береді. Бұл тұқым қуалайтын аурулардан арылуға, қатерлі ісікпен күресуге, иммундық жүйені нығайтуға жағдай жасайды.

Келешекте CRISPR + ЖИ комбинациясы: Генетикалық ақауларды түзету, адам ағзасын ауруларға төзімді ету, денсаулықты жақсарту үшін генетикалық терапияны жаппай қолдану, болашақта тұқым қуалайтын аурулар жойылуы мүмкін, бірақ бұл этикалық сұрақтар тудырады. CRISPR және ЖИ қартаю механизмдерін түсінуге және өмірді ұзартуға ықпал етуі мүмкін. Генетикалық модификация арқылы: қартаю процесін бәсеңдету, жасушалардың регенерациясын жылдамдату, иммундық жүйені күшейту процестері. MIT зерттеушілері қартаюды бәсеңдететін гендерді анықтау үшін ЖИ қолдануда. Бұл адам өмірінің ұзақтығын арттыруға бағытталған жаңа қадам. Гендік инженерияның болашағы өте жарқын, бірақ этикалық мәселелер маңызды. Гендік модификация адамзат эволюциясына әсер етуі мүмкін. Бұл қоғамда моральдық, заңдық және әлеуметтік сұрақтар туындатады: генетикалық модификация арқылы адамның болашақ өзгерістері, генетикалық теңсіздік: «жетілдірілген» және «қалыпты» адамдар арасында айырмашылықтың пайда болуы, жасанды интеллекттің генетикалық манипуляцияларды бақылаудағы рөлі, болашақта CRISPR мен ЖИ этикалық шекараларды сақтау арқылы дамуы қажет.

ЖИ-дың CRISPR технологиясымен интеграциясы биомедицинаның жаңа дәуірін ашады. Бұл әдістер ауруларды емдеудің тиімділігін арттырып қана қоймай, адамзаттың генетикалық болашағын түбегейлі өзгертеді. Алайда, гендік модификацияның этикалық және қауіпсіздік мәселелері басты назарда болуы тиіс. Болашақта ЖИ-дың көмегімен гендік инженерия қауіпсіз әрі тиімді бола түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дәуренбекова, Ж.Қ., & Сейітқалиева, Г.А. (2021). CRISPR-Cas9 технологиясының гендік инженериядағы рөлі. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары, 2(58), 25-34.

2. Иванов, М.Д., & Калашников, Р.Л. (2022). Применение CRISPR в медицине: от диагностики до терапии. Медицинская генетика и биоинформатика, 11(2), 95-108

3. Бекмұратов, Н.С., & Қасымжанова, А.Т. (2020). Жасанды интеллект және оның генетикалық зерттеулердегі қолданылуы. Қазақ ұлттық медицина университетінің еңбектері, 12(4), 89-97.

4. Қайратұлы, Ж., & Төлегенова, М. (2022). CRISPR-Cas9 және оның медицинадағы қолдану мүмкіндіктері. Қазақстан медицина ғылымдары журналы, 9(1), 77-85.

5. Оразбек, М. (2023). CRISPR және гендік терапия: болашағы мен қауіптері. Биомедицина және генетика журналы, 7(2), 55-63.

Чисто жить – здоровым быть

Асанова Алия Данишпановна
Учитель русского языка и литературы
Школа -лицей 101 имени Али Муслимова

Раздел	В здоровом теле-здоровый дух			
ФИО педагога Асанова А.Д.				
Дата 20.01.2024				
Класс 2 «Г»	Количество присутствующих:28	Количество отсутствующих:		
Тема урока	**УРОК 36. «Чисто жить – здоровым быть»**			
Цели обучения в соответствии с учебной программой	2.2.3.1 участвовать в речевой ситуации на определенную тему, понимать, о чем говорит собеседник; соблюдать речевые нормы; 2.3.3.1 определять жанры различных текстов (стихотворение, сказка, загадка, рассказ);			
Цели урока	учатся понимать значение слов и словосочетаний о личной гигиене ииспользовать их в речи, составляют вопросы к тексту.			
Ход урока				
Этап урока/ время	Действия педагога	Действия учеников	Ресурсы	Оценивание
Начало урока I.Организационный момент. 1 мин. **II.Актуализация знаний.** 5 мин.	***Учитель: - Прозвенел звонок и смолк!*** ***Начинается урок!*** ***Друг на друга посмотрели, улыбнулись, тихо сели!*** **Учащимся выдается листовой стикер**, на **стикере наносятся полезные для здоровья и вредные слова. Полезные слова прилипают к ветви дерева, бесполезные слова - к земле. Учащиеся в итоге выясняют, что нужно для здоровья.**	**Учащиеся отвечают на приветствие** **Учащиеся самостоятельно клеют стикеры на дерево здоровья**	«Дерево здоровья» Стикеры в виде листьев Слайд 3	Словесная похвала
Середина урока 15 мин.	**III. Изучение нового материала.** Для того, чтобы раскрыть тему, мы покажем школьникам фото грязной, больной, грустной Юли. Объясняя ученикам, как Юлия попала в такую ситуацию, мы спрашиваем, как мы отсюда выйдем. Учащиеся, отвечая на вопрос, открывают тему сегодняшнего урока. Тема урока: «Чисто жить – здоровым быть» Цель: 2.2.3.1 участвовать в речевой ситуации на определенную тему, понимать, о чем говорит собеседник; соблюдать речевые нормы;2.3.3.1 определять жанры различных текстов (стихотворение, сказка, загадка, рассказ); Учитель предлагает рассмотреть таблицу и подумать, какие гласные буквы **И,А,Я,Е** нужно вставить в клеточки. Что получилось?	**Учащиеся самостоятельно работают, вставляют гласные буквы, называют полученное слово.** Учащиеся описывают образ персонажа заданными словами.	Слайд 4 Слайд 5	

3.Усвоение новых знаний и способов действий.	Правила личной гигиены. Учащиеся, выполняя первое задание, вместе делают вывод о личной гигиене. Задание 1: » Картинки говорят « учащимся дается рисунок Талгата и Дианы, а также слова, определяющие картинки. Как вы думаете, какая из двух картин красивее? Ученики отвечают Диана. Ну что ж Юля думает. Я говорю, что Диана красивее, и я хочу быть как Диана. Хорошо, тогда давайте сделаем следующее задание. Работа с текстом. Учащиеся, читая и группируя текст, готовят к Юле вопрос. Чтобы Юля поняла, следующая группа отвечает на вопрос. Загадки 1. Много у меня зубков для кудрей и хохолков. И под каждым под зубком лягут волосы рядком. **(Ответ учащихся:** расчёска**)** 2.Говорит дорожка - Два вышитых конца: -Помойся хоть немножко, Чернила смой с лица! Иначе ты в полдня Испачкаешь меня. **(**Ответ учащихся: *полотенце***)** 3.Маленькой головкой в рот влезает ловко И считает зубы там по утрам и вечерам. **(Ответ учащихся:** зубная щетка**)** 4.Трудится ей совсем не лень, Одежду чистит каждый день, Не щадит свои щетинки, Не оставит и ворсинки. **(**Ответ учащихся: *щётка для одежды***)** 5.Ускользает, как живое, Но не выпущу его я. Белой пеной пенится, Руки мыть не ленится. **(**Ответ учащихся: *мыло***)** 6.Там, где губка не осилит, Не домоет, не домылит, На себя я труд беру: Пятки, локти с мылом тру, И коленки оттираю, Ничего не забываю. (Ответ учащихся: мочалка**)** 7. Есть в комнате портрет, Во всем на вас похожий. Засмейтесь – и в ответ Он засмеется тоже.**(**Ответ учащихся: *зеркало***)** А сейчас я проверю ваше внимание. Слушайте вопросы, которые я буду задавать вам. Если вы не согласны, то молчите**.** А если согласны, то отвечайте хором: «Это я, это я, это все мои друзья». Кто ватагою весёлой **К**аждый день шагает в школу? (Ответ учащихся: «Это я, это я, это все мои друзья».) **Кто из вас из малышей**	**Учащиеся читают текст . Называют тему текста - личная гигиена. Записывают вопрос к тексту . Задают составленный вопрос соседней группе.** Если ученики не согласны, то молчат**.** А если согласны, то отвечают хором: «Это я, это я, это все мои друзья».	Учебник, задание 1 Слайд 6 Видео-слайд 7 Слайд 9 слайд 11 Учебник, задание 3 Слайд 12-18	Прием «Устный комментарий» Стикеры в виде сердца
4.Физминутка Игра «Это я, это я, это все мои друзья».				

Конец урока 5 мин. **5.** Рефлексия. 4 мин.   <



Фосфор және оның қосылыстары

Арыстанова Акерке Казыбаевна
Қызылорда облысы Қызылорда қаласы Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің химия пән мұғалімі

Бөлім:	9.3А 17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV) -топ элементтері және олардың қосылыстары
Педагогтің аты-жөні:	Қызылорда облысы Қызылорда қаласы Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің химия пән мұғалімі Арыстанова Акерке Казыбаевна
Күні:	11.02.2025
Сынып: **9**	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Фосфор және оның қосылыстары
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	9.2.1.22-фосфордың аллотропиялық түрөзгерістерін салыстыру 9.4.2.2 -фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын атау 9.2.1.23-фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	-фосфордың аллотропиялық түрөзгерістерін салыстырады-15мин - фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын картада көрсетеді10мин -фосфор және оның қосылыстарының жалпы қасиеттерін түсіндіреді-10мин

Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 7 мин	**1.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық ахуал туғызу. Сәлемдесу. «Бір-біріңе күлімдеп қарандар» тәсілі арқылы оқушыларда жағымды психологиялық көңіл күй тудыру. Бүгінгі сабақтың мақсатын жүзеге асыру үшін бірнеше ереже қабылдауымыз керек.** 1.Сөйлегіңіз келсе, қолыңызды көтеріңіз. 2.Өзгелер сөйлегенде, тыңдаңыз. 3.Белсенді болу. Топқа бөлу «Фонарик» әдісі **Оқушыларға бағалау парағын таратады** «Wordwall» қосымшасымен өткен сабақты қайталау. 1. Қандай тұжырымдар азоттың периодтық кестедегі орнын және валентті электрондар санын дұрыс анықтайды: А. Екінші период, 15-топ, үш валентті электрон. В. Екінші период, 15-топ, бес валентті электрон. С. Екінші период, 5-топша, үш валентті электрон. Д. Екінші период, 15-топ, бес валентті электрон. 2. Азот молекуласы құрылысының ерекшеліктері туралы дұрыс жауапты таңда: А. Молекулада оң және теріс полюс бар.	Сәлемдеседі Өзіне ұнаған қағаз қиындыларды таңдап алып 3 топқа бөлінеді. Бағалау парағын алады Оқушылар өткен тақырып бойынша тапсырманы орындайды. Ұялы телефондарына жіберілген сілтеме арқылы кіріп жауап береді. 	Оқушылардың белсенділігі үшін «Жарайсың!», «Керемет!» деген мадақтау сөздерімен бағалайды.	Қағаз қиындыларыоқулық, жұмыс дәптері Қосымша 1 Ұялы телефон, интербелсенді тақта

3мин	В. Молекулада қос байланыс бар. С. Байланыс үзу энергиясы жоғары. Д. Ортақ электрондық жұбы тең қашықтықта. 3. Аммиакты зертханалық жағдайда аммоний хлориді мен … қыздыру арқылы алады. А) мырыш гидроксидін; В) азот қышқылын; С) суды; Д) натрий гидроксидін. 4. Тұншықтырғыш иісі бар, сілемейлі қабыққа әсер ететін түссіз улы газ: A) N2 B) NH3 C) NO Д) NH4CL **2.Сабақтың тақырыбын анықтау** ФС «Миға шабуыл» әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу. **(функционалдық сауаттылығын қалыптастыру)** Сұрақтар: - Слайдқа назар аударыңыз.Нені суреті көрсетілген? -Сіріңкенің қорабын ұстаған әр адамға таныс элемент? -Біз шырпының басын қорап қабырғасына үйкегенде не жүреді? (Химиялық реакция) -Сіріңкенің қорабына жағылған зат ол...? -Не туралы әңгіме жүреді? (Фосфор) Сабақтың тақырыбы: «Фосфор және оның қосылыстары» **3. Мақсат қою** Мұғалім оқушылармен бірге оқу мақсаттарына сүйене отырып, сабақтың мақсаттарын тұжырымдайды, күтілетін нәтижелерді анықтайды	 Оқушылар слайдтағы иллюстрацияларды қарастырады, сұрақтарға жауап береді. Сабақтың тақырыбын ашады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады. Оқушылар сабақтың мақсатын өздері айтады 1. Әр оқушы өз ойымен бөліседі. 2. Өзгенің пікірін толықтырады.	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға *«Жарайсың!»* деген *мадақтау сөзімен* ынталандыру.	
Сабақтың ортасы 5 мин   <

3мин	-Фосфорит минералына сипаттама береді -Географиялық картадан Еліміздегі фосфорит кен орындарын табады -адам ағзасында рөлін түсіндіреді -өсімдіктерге қажеттілігін айтады **3-топқа тапсырма** Фосфордың қасиеттері, алынуы -Фосфордың металдармен әрекеттесуі -Фосфордың бейметалдармен әрекеттесуі -Фосфордың алынуы **№3 тапсырма** **Фосфордың жануы-бейнежазба** **Сұрақтар:** -Қандай зат түзілді? -Түзілген зат сумен әрекеттесіп не түзеді? -Қандай қышқыл? -Қышқылдарға қандай қасиеттер тән?	1) Мазмұны толық болуы керек, яғни берілген тақырыптан ауытқымау 2) Әзірленуі дұрыс болуы керек, яғни түрлі түсті маркерлерді қолданып,безендірілген 3) Сөз мәдениеті сақталуы , яғни оқушы тіл байлығын көрсете алуы. «Диалог» әдісі Топ ішінен 1спикер шығып жұмысты қорғайды.	Спикерді бағалайды «Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»	Қосымша 4, оқулық 9-сынып химия Оқулық, 9-сынып химия Қосымша 5 Қосымша 6
7 мин	**Жеке жұмыс** **№4Тапсырма** 1.Реакцияны аяқтап, өнімдердің атауын жазыңыз: P+K → P+H2→ 2.Берілген теңдеулердегі X затын анықтаңыз: PH3 + X → P2O5 + H2O Na3PO4 + X → Ag3PO4 + NaNO3 3.Айналымдарды жүзеге асырып, заттардың атауын жазыңыз: P → P2O5 → H3PO4 → Li3PO4	Бейнежазбаны көреді, топ ішінде талқылайды, сұрақтарға жауап береді. 1. 4P+ 5O2= 2P2O5 2. P2O5+ 3H2O = 2H3PO4 3. 3Ca +2H3PO4= Ca3(PO4)2+3H2 Оқушылар дәптерлеріне реакция теңдеулерін жазады.	Дескриптор Білім алушы -фосфордың химиялық қасиеттеріне теңдеуді жазады; -фосфор қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін сипаттайды.	https://bilimland.kz/kk/subject/ximiya/9-synyp/fosfor-zhane-onyng-qosylystary?mid=ef27b604-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe
Қорытынды **1мин**	**Ерекше білімді қажет ететін оқушыға тапсырма береді. Жұмыс түрі-жеке** **№4Тапсырма** **1**.Мәтінді мұқият оқы. **Фосфорды 1669 жылы Х.Бранд ашқан. Азот тәрізді фосфор да бейметалл. Азоттан ерекшелігі – фосфор қатты зат. Фосфордың бірнеше аллотропиялық түрөзгерістері белгілі: ақ, қызыл, қара және т.б. Мұны фосфор атомдарының бір-бірімен қосылып, әртүрлі типтегі кристалдық тор түзуге бейімділігімен түсіндіруге болады.** 2.Фосфордың аллотропиялық түрөзгерістерін тауып астын сыз. 3.Фосфордың неше аллотропиялық түрөзгерісі бар? Түрлерін жаз. ---------- 4. Сіріңке қорабына жағылатын зат қалай аталады? Заттың атауын жаз. Мұғалім сабақтың қорытындысын жасайды	Оқушы жеке орындап болған соң,берілген жауаптары арқылы өз-өзін тексереді, бағалау парағына сәйкес балды қояды. Оқушы тапсырмасын мұғалімнің колдауымен орындайды Оқушылар өз өздерін бағалап,ұпайларын жинақтап бағалау парақтарын тапсырады.	«Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!» **Дескриптор** **Білім алушы** -фосфордың аллотропты түрөзгерістерін мәтіннен тауып анықтайды; -сіріңке қорабына жағылатын заттың атауын жазады Бағалау парағына сәйкес балл қойылады	Қосымша 7 Қосымша 8
Сабақтың соңы **3 мин** **1 мин**	«Padlet» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын тыңдайды. Өзін-өзі бағалау анализі. - Бүгінгі сабақтан өзіңе не алдың? - Бүгінгі сабақтың мақсаты қандай болды? - Қаншалықты сабақ мақсатына жетті? Мұғалім оқушылардың жұмыс парағындағы ұпайларын санайды, күнделікке қояды. Үй жұмысы 50 бет № 1 есеп , 53 бет № 3 (ә) есеп оқулықтан	Оқушылар Q-кодты сканерлеп «Padlet» тақтасына сабаққа комментарий жазады. Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту, сұрақтарға жауап беру арқылы сабаққа қорытынды жасайды.	Келесі сабақ оқушылардың кері байланысының нәтижесі бойынша жоспарланады. ҚБ 10 ұпай. Бүгінгі сабақ кезеңдерінен жинаған ұпайлар жиынтығы Kundelik.kz қойылады.	https://padlet.com/rzhukubaeva/padlet-l3d34k4e00zolhcb Химия 9 сынып, 2 бөлім, М.Қ Оспанова, Қ.С.Аухадиева,

Бастауыш сыныптардың шапшаң оқуға қызығушылықтарын арттыру



Рсалиева Жұмагүл Төленқызы
Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылының «№7 ЖББМ» КММ Бастауыш класс мұғалімі

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу сапасын жақсарту мұғалімдерге жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдістерін іздестіруді, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруді талап етеді. Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептердің алдында үлкен міндеттер тұр. Ол заман талабына сай, рухани дүниеге бай жас жеткіншектерді тәрбиелеп шығару. Бала өмірінде бастауыш сынып мұғалімінің алатын орны зор. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған жас ұланға білім беретін, оның ой-қиялын дамытатын, рухани дүниесін нұрландыратын бастауыш сынып мұғалімі. Кішкентай шәкірттер өзінің «Ана мектебінен» яғни, отбасы мектебінен алғанын енді мектепте өзінің ұстазы арқылы әрі қарай дамытады. Сөйтіп, олар мұғалімнің көмегімен оқудың, жазудың ойланудың дағдыларын қалыптастырады.

Қандай да болмасын дағдыға бала басқалармен қарым-қатынас жасау барысында үйренеді.Бала үлкендердің істеген әрекеттерін көріп бақылап,оған еліктейді, кейін оны өзі істей бастайды.Ал оқытуда мұғалім дағдыландыратын әрекеттерін әдейі көрсетеді,түсіндіреді,балалар оның орындалуын бақылайды.Осы процесс сыртқы әрекеттің адамның бойына сіңуі,ішкі психикалыққа айналуы интериоризация деп аталады,яғни сыртқы заттық әрекеттің ақыл-ойға, санаға өтуі.

Мектептегі оқу үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі.Сауат ашу жұмысының мақсаты-балаға хат таныту,яғни оған оқумен жазуды үйрету.Сауат ашу –аса жауапты да күрделі жұмыс.Қазіргі таңда мұғалім оқушыға бәрін алдын-ала өзі дайындап бермеуі тиіс,оқушы өзі ізденуі қажет.Ал мұғалім оқушының оқуын,ақыл-ой дамуын ұйымдастыруы,оған басшылық жасауы қажет. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек,жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселелердің бірі –білім беру,ғылымды дамыту,жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуАл бұл істің қайнар көзі-білім ордасы-мектеп, ал мектептің жаны-мұғалім.

Бастауыш сыныптан-ақ негізі қалануы тиіс маңызды міндеттің бірі-оқушылардың шапшаң оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру.

Дағды дегеніміз –ол автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген әрекет,көп рет қайталау жолымен қалыптасады,оқыту процесінде,әсіресе жалпы оқу дағдыларын қалыптастыру керек.Дағды жаттығу процесінде қалыптасады.Оны қалыптастыру үшін жай қайталау жеткіліксіз,оған арнайы жаттығу қажет.

Бастауыш сыныптарда шапшаң оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру мынадай талаптардан туындайды:

1. Оқу техникасы (дұрыс, тез қабылдау және сөздерді дыбыстау).
2. Мәтін мазмұнын түсіну (негізгі ойды, мазмұнын ажырату).

Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені, оқу техникасын жетілдірмей – түсіну, дұрыс оқу жүзеге аспайды.

Бастауыш сынып мұғалімдері үшін мынандай ***міндеттер*** туындайды:

- оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру;
- көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- шығарманың түпкі мазмұн-мәнін түсінуіне, сезімталдықпен қабылдауына қол жеткізу;
- мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлем мен сөйлем үлгілерін үйрете отырып, ана тіліміздегі сөз мағыналарыының түрленуіне көңіл аударту;
- ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- өзіндік ой-пікірін айта білуге баулу;
- оқушылардың бойына ізгілік пен имандылық, адалдық пен адамгершілік қасиеттерін дарыту.

2024-2025 оқу жылында «Бастауыш сыныптардың шапшаң оқуға қызығушылықтарын арттыру» тақырыбындағы авторлық бағдарламам халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде талқыланып, ұлттық кітаптар палатасына ISBN 978-601-7704-54-4 **номері алынып, 2024ж 15 қарашаның №713 хаттамасымен мақұлданып және «ALTYN QALAN» журнал баспаханасына**(тіркеу номері №2400588) **ұсынылды.**

Авторлық бағдарламаның өзектілігін ескере отырып, бастауыш класс оқушыларын шапшаң оқуға үйрету мақсатында түрлі әдістерді пайдалана отырып, шапшаң оқумен қатар оқу мәдениеттілігіне де баулыдым.

Осы авторлық құрал мұғалімге:

- оқу тәсілі,
- түсініп оқу,
- дұрыс оқу,
- оқу қарқыны,
- мәнерлеп оқу дағдыларының қалыптасуын тиімді тексеріп отыруға мүмкіндік береді.

Шапшаң оқуға балаларды 1 сыныптан бастап баулу керек.

Себебі, оқу жылдамдығы төмен бала □♂ Үй тапсырмаларын орындау барысында оқып-түсіну үшін көп уақыт жұмсайды.
□шаршайды
□оқуға деген ықыласы төмендеп,
□өзіне сенуден қалады. Нәтиежесінде баланың оқу көрсеткіштері нашарлап, эмоциональдық күйзеліске ұшырап, оқуға мүлдем құлқы болмайды. Сондықтан баланы алғашқы сабақтардан бастап әр түрлі әдістемелері арқылы тез оқу әдісіне машықтандырып, көп еңбек етіп, қызығушылығын тудыру керек.

□Шапшаң оқу дегеніміз
- тез оқу. яғни тез түсіну, тез ұғыну деген сөз. Тез оқи алатын адам әртүрлі ақпаратты тез игере алады. Олай болса, балаларды 1-сыныптан бастап шапшаң оқуға баулу керек.

□|-жартыжылдықта 1-сынып оқушыларының оқу жылдамдығы тексерілмейді. II -жартыжылдықтың соңында оқу дағдысының қалыптасу нормасы минутына 30-35 сөз және одан артық сөзді құрайды.

□Оқу техникасының нормалары: 2-сыныптар үшін Іжартыжылдықта 40-45сөз, IIжартыжылдықта 50-55сөз.

□3-сыныптар үшін Іжартыжылдықта 60-65сөз, IIжартыжылдықта 70-75сөз. □

4-сыныптар үшін Іжартыжылдықта 80-85сөз, IIжартыжылдықта 90-95сөз.

□Егер оқушы осы талапқа сай болмаса, өз сыныптастарына қарағанда оқып-түсіну үшін көп уақыт жұмсайды, шаршайды, оқуға деген ынтасы төмендеп, өзіне сенімсіз болады. Сондықтан дер кезінде көмектесіп, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, оқу дағдысын, шапшаң оқуын қалыптастыру керек!

Авторлық бағдарлама аясында, шапшаң оқуға баулу барысында мына міндеттерді нысанаға алдым:



1. Шапшаң оқуға деген қызығушылықтарын ойындар, тапсырмалар арқылы ояту;
2. Тиімді оқу техникасын қолдану;
3. Мәтінді түсіне отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту;
4. Оқу мотивацияларын дамыту үшін әдістерді жаңарту;
5. Әр оқушыға жеке әдістемелік көмек беру.

Бастауыш сыныптарда оқушылар ана тілі сабағында өздерінің білім мен тәрбие алуына қажетті әртүрлі оқу дағдыларын қалыптастырады. Оқу - өте күрделі психологиялық үрдіс. Оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру жалпы тіл дамуымен, оның ішінде әдеби жазба тілімен де, сөйлеу тілімен де тікелей қабысып жатыр. Оқу барысында көру, есту, сөйлеу мүшелерінің қызметі қатар жүргізіліп, ол түсіну әрекетімен тығыз байланысады. Кейбір жағдайда оқушылар мүдірмей шапшаң оқыса, осы қанағат етіп, оқу дағдысы қалыптастырылды деу қате. Себебі, үңіле қарасақ, бала шапшаң оқығанмен, оны саналы түрде түсініп, дауыс ырғағын келтіре мәнерлеп оқи алмауы мүмкін. Оқушымен жүргізілетін оқу дағдысын қалыптастыруға қажетті жаттығулар мұғалім тарапынан тілдің заңдылықтары, қасиеті, ережелері меңгерілген кезде ғана мүмкін болады. Яғни грамматиканың жеке бір ережелерін, орфографиялық және тыныс белгілерінің ережелерін жете білгенде ғана, оқу дағдысының жаттығуларын жүргізу мүмкіндігі туады. Оқу сабағын жүргізуде және оған қажетті әдіс-тәсілдерді іздестіру үстінде мыналарды ескеру қажет:

Біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысының жетілдірудің бір шарты – оқушының дұрыс және мүдірмей оқуын қамтамасыз ету. Олай етпеген жағдайда оқушының мәтінді толық түсінуі мүмкін емес. Мәтінді толық түсіну үшін сабақ үрдісінде оқудың мына түрлерін жүргізуге болады:

- мәтінді толық оқу;
- мәтінді бөлімдерге бөліп оқу;
- мәтінді дайын жоспар бойынша оқу;
- мәтін бойынша жоспар құру;
- абзац бойынша оқу;
- мәтінді жартылай дауыстап оқу;
- мәтінді рольге бөліп оқу;
- мәтінді оқып, мазмұндау;
- мәтінді қысқартып оқу;
- мәтіннің негізгі ойын білдіретін бөлікті тауып оқу
- ертегілерден қиял мен шындықты бейнелейтін үзіндіні түсініп оқу.

Екіншіден, оқу сабағында ойлау қабілетін, қызығушылығын, байқаушылығын, салыстыра білетін қабілетін, ой - өрісін дамыту үшін мына оқу түрлерін пайдалануға болады:

- мәтіннен қатты, ақырын, жылдам, баяу оқылатын сөйлемдерді табу;
- мәтіннен логикалық ықпалы бар сөйлемдерді тауып оқу;
- мәтіннен ереже бойынша сөйлем тауып оқу;
- мәтіннен нақыл сөздерді тауып оқу;
- мәтіннен көтеріңкі көңіл-күйге байланысты сөйлемдерді тауып оқу;
- мәтіннен мағынасы жақын сөздерді тауып оқу;
- мәтіннен автор сөзін алып тастап оқу;

Үшіншіден, оқу сабағында оқушының шығармашылық қиялына әсер ете білу үшін келесі оқу түрлерін қолдануға болады:

- мәтіннен суретке сәйкесті үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен сұрақтарға жауап тауып оқу;
- мәтіннен көркем бейнеленген үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен мақал-мәтелге сәйкес үзінді тауып оқу;

- мәтіннен кейіпкердің жағымды бейнесін суреттейтін үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен жағымсыз кейіпкерді суреттейтін үзіндіні тауып оқу;

Әрине, бағдарламаның міндеттерін оқушыларға игерту мақсатында мынадай **оқыту әдістері**н тиімді пайдаландым:

-Репродуктивтік;
-Эвристикалық
-Сөздік
-Бинаралық
-Әңгімелесу
-Көрнекілік
-Түсіндіру
-Ойын әдістерін қолдануға болады.

Репродуктивті әдіс арқылы оқушы дайын білімді есінде сақтап,ойын қатесіз айтып бергенімен,ақыл-ой белсенділігі төмен болады.

Эвристикалық әдіс арқылы ақыл-ой жұмысы күшейеді,оқушы білімді өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы алады.

Бинарлық әдістер бір-бірімен тығыз байланысты, оқыту мен оқудың тәсілдерін қолдануды талап етеді.

Көрнекілік әдістер:Иллюстрация (плакат,кесте,карт ина, карта ,суреттер)

Демонстрация(кино- фильмдер,диафильмдер теледидар,диалог құру,ертегілерді рольдік ойындармен ойнау) көрсету арқылы;

Ойын әдісі ойдан –ойға жетелейді,алысқа меңзейтін, өз бетінше күрделі мәселені шешеді,ынтымақтастықпен жұмыс жасайды, қызығушылық арттырады.

Оқушыларды дыбыстарды ажыратуға, одан кейін дыбыстарды біріктіріп дауыстап оқуға үйрете отырып, . жалпы оқудың 2 түрін – *дауыстап және іштей оқу форма ларын* қалыптастырдым. ***Дауыстап оқу*** – оның кідіріссіз және әрбір сабақ бағдарламасына сәйкес оқу темпінде, мәтінді мәнерлеп оқудан тұрады. ***Іштей оқу*** – көзбен оқудан тұрады. Балалардың шапшаң оқу техникасын жеделдетуге мынандай жаттығуларды күнделікті тәжірибеинен өткіздім және ұсынамын:

1. Қайталай бірнеше рет оқу.
2. Жаңылтпаш қарқынмен оқу.
3. Оқып келе жатып оқымаған бөлімге ауысып мәнерлеп оқу.
4. Қиын сөздер мен сөз тіркестерімен жұмыс.
5. Суреті көп кітаптарды көрсету, балалар оқығысы келеді.
6. Кластан тыс оқуды ұйымдастыру.
7. Слайдтарды пайдалану.
8. Ойын ойнату – сөйлемде қойылмай қалған сөздерді табу.
9. Жұптасып оқу. (2 адам оқу).
10. Сабақта үйге берілген текстен үзінді оқу.
11. Мәтінді түгел оқу.
12. Мәтінді оқу, бөлімдерге бөлу, жоспар құру.
13. Белгіленген жоспар бойынша оқу.
14. Мысалдардан мақал-мәтел, нақыл сөзге айналған жолды тауып оқу.
15. Мәтіннен лепті, сұраулы, хабарлы сөйлемдерді табу.
16. Мәтінді іріктеп көркем сөз, теңеулерді тауып оқу.
17. Мәтін ішіндегі ең ұзын сөзді оқу.
18. Мәтіннен 2,3,4 буынды сөздерді табу.
19. Мәтіннен сұраққа жауапты іздеу, үзіндіні табу.
20. Мәтінді оқу, әңгіме несімен ұнағанын, ұнамағанын айту.
21. Мәтінді оқу, оқығанын қимыл-қозғалыс арқылы әңгімелеу.
22. Мәтінді рөлге бөліп оқу.
23. Мәтіннен жылдам, жай, көтеріңкі дауыспен оқылатын сөйлемдерді табу.
24. Мәтінді оқу, шағын мазмұндама жазу.
25. Мәтінді оқу, шағын шығарма жазу.
26. Мәтінді оқу, жай, күрделі жоспар оқу.
27. Мәтінді оқу, мағынасы түсініксіз сөздерді белгілеу.
28. Мәтіннен өкінішті, аянышты, мысқылмен, қуаныш, ренжіп, т.б. эмоциалды кейіппен оқылатын сөйлем, үзіндіні тауып оқу.
29. Мәтіннен іріктеп көркем сөз, теңеулерді тауып оқу.
30. Оқу арқылы көру диктантын жаздыру.

Авторлық бағдарламаны оқыту барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздім:

- оқу шапшаңдығы біршама артты;
- мәтінді түсіну қабілеті дамыды;
- оқуға деген мотивациясы жоғары деңгейге жетті;
- есте сақтау, зейін қою қабілеттері дамыды;
- оқу үлгерімдері көтерілді.

Мақаламды қорытындай келе, бастауыш сыныптарда оқушылардың шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыруда оқушыны дұрыс түсініп, шапшаң және мәнерлеп оқуға үйрету керектігі анықталды. Осы талапты іске асыру, яғни жаттықтыру жұмысын жүргізу жолдары менің мектеп тәжірибесіндегі авторлық бағдарламаның жарыққа швғуына мол әсерін берді. Бағдарламадағы оқу дағдысының үш түрі *дұрыс оқу, түсініп оқу және шапшаң оқуды қалыптастыру, соның ішінде, шапшаң оқудың бастауыш класс оқушылары үшін тиімділігі* ғылыми – әдістемелік-практикалық жолмен анықталып отыр.

Авторлық бағдарламаның күтілетін нәтижедерін сараптай келе, бұл авторлық бағдарламаның оқушылардың білім сапасын арттыруға зор үлесін қосумен қатар бастауыш класс мұғалімдерінің әдістемелік қобдишаларын да тиімді әдістермен байытатынына сенім артамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.С.Рахметова.Бастауыш кластарда шапшаң оқыту методикасы.Алматы:Ана тілі.
2021ж-184б.
2.Ш.Сәтиева.Оқушылардың оқу техникасын дамыту. Ұлағат.-2024№4.
3.О.А.Анреев.Техника быстрого чтения.Ростов-на-Дону,2023.

Химиялық реакциялардың типтері

Тимурқызы Айжан
Қызылорда қаласы, №212 мектеп – гимназиясының химия пәні мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы	№212 мектеп - гимназия	
Пәні:	Химия	
Бөлім:	**8.1В Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері**	
Педагогтің аты-жөні:	Тимурқызы А	
Сынып: 8 «Ә»	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сабақтың тақырыбы:	Химиялық реакциялардың типтері	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	8.2.2.1 –бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу	
Сабақтың мақсаты	Реакция түрлерімен танысады; Орынбасу мен Алмасу реакцияларын анықтайды. Құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктейді.	
Бағалау критерийі	Реакция түрлерімен құрамы арқылы жіктей алады. Реакция типтерін ажырата алады.	
Ойлау дағдысы	Қолдану, талдау	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс
Сабақтың басы **5мин**	Оқушылармен сәлемдеседі; Сыныпты түгелдейді; Сыныпта жағымды ахуал туғызады. Үй тапсырмасын сұрау: Реакция теңдеулерін жазыңыздар және теңестіріңіздер. Миға шабыл: Химиялық реакция схемасы: A + ВД → АД + В типі ? АВ + СД → АС + ВД типі ? Сабақ мақсатымен таныстыру: Реакция түрлерімен танысады; Орынбасу мен Алмасу реакцияларын анықтайды. Құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктейді.	Сәлемдеседі Үй тапсырмасын орындайды. Реакцияны теңестіреді. Тапсырма Мына реакция теңдеулерінің коэффициенттерін қойыңыз: а) $N_2 + H_2 — NH_3$ ә) $CO + O_2 — CO_2$ б) $Al + Cl_2 — AlCl_3$ в) $KOH + H_2SO_4 — K_2SO_4 + H_2O$ г) $MnO_2 + H_2 — Mn + H_2O$ Типтерін анықтайды, сабақтың тақырыбын табады. Сабақ мақсатымен танысады.	Дұрыс жауап үлгісімен тексеру Бағалау: «Мадақтау» әдісі арқылы	Таратпа материалдар Қосымша №1

Сабақтың ортасы **4 минут**	Жаңа сабақты түсіндіру. Химиялық реакция типтерінің 4 түрімен таныстырады. 	Жаңа сабақты түсініп алады. Дәптермен жұмыс. Термин сөздерді жазады.	Бағалау: Мұғалімнің мадақтауы арқылы	ИБ тақта
4 минут	Термин сөзбен жұмыс: Реакция – reaction. Қосылу реакциясы – composition reaction. Айырылу реакциясы – decomposition reaction. Орынбасу реакциясы – single displacement reaction. Алмасу реакциясы – double displacement reaction. Жану реакциясы – combustion reaction.	.	Бағалау: Дұрыс жауап үлгісімен тексеру	ИБ тақта
5 минут 	Жұптық жұмыс Кестені толтырыңыз:	Оқушылар кестені толтырады.	Бағалау: Дайын жауап арқылы	Тарапта материалдар Қосымша №2
4 минут 	Жеке жұмыс: Оқулықпен жұмыс В деңгейіндегі №1 тапсырма	Тақтамен жұмыс жүргізеді.	Бағалау: Мұғалімнің мадақтауы арқылы	Оқулық 8 сынып 32 бет

Реакция теңдеуі	Реакция типтерін анықтаңыз
$Na_2O+H_2O=NaOH$	
$Fe(OH)_3=Fe_2O_3+H_2O$	
AI+HCI=A-ICI_3+H2	
NaOH+H-$_3PO_4=Na_3PO_4+H_2O$	
$Na+O_2=Na_2O$	

<table>
<tr>
<td>Жеке жұмыс

10 минут

</td>
<td>Функционалдық сауаттылықты дамытатын тапсырма
Деңгейлік тапсырма
Тапсырма №1
Сәйкестендіру кестесі
<table>
<tr><td>Zn+2HBr=Zn-Br$_2$+H2</td><td>Қосылу реакциясы</td></tr>
<tr><td>N$_2$+3H$_2$=2NH3</td><td>Айырылу реакциясы</td></tr>
<tr><td>3LiOH+H$_3$PO$_4$ =Li$_3$PO$_4$+3H$_2$O</td><td>Орынбасу реакциясы</td></tr>
<tr><td>CaCO$_3$=CaO+-CO2</td><td>Алмасу реакциясы</td></tr>
</table>
Тапсырма №2
Төменде берілген реакциялардың типін анықтаңыздар және реакцияны теңестіріңіздер:
K+O$_2$= K$_2$O –
Zn+HCI=ZnCI$_2$+H$_2$ -
AI(OH)$_3$= AI$_2$O$_3$+H$_2$O –
KOH+H$_3$PO$_4$=K$_3$PO$_4$+H$_2$O –
Тапсырма №3
Массасы 48 грамм магний оттекпен әрекеттескенде түзілген оксидтің массасын есептеңіздер.</td>
<td>Сараланған тапсырмаларды оқушылар өз деңгейлерінде орындайды.

Кестені сәйкестендіреді.

Химиялық реакция типтерін анықтайды, реакцияны теңестіреді.

Есепті шығарады. Дескриптор:
-Реакция теңдеуін жазыңыз;
- Анықталатын қосылысты анықтаңыз;
- Түзілген оксидті анықтаңыз;
- Түзілген оксидтің массасын есептеңіз.</td>
<td>Өзара дайын жауап үлгісімен тексеру</td>
<td>Қосымша №3

Таратпа материал

ИБ тақта</td>
</tr>
<tr>
<td>Жеке жұмыс

8 минут</td>
<td>«learningapps»</td>
<td>Ұялы телефонды қолдану арқылы. Жеке жұмыс жасайды.</td>
<td>Дайын жауап арқылы</td>
<td>https://learn-ingapps.org/view14718598</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы
5 минут
</td>
<td>Рефлексия.»Маңызды аймақ» әдісі. Бүгінгі сабақтағы ең маңызды екі нәрсе, маңызды екі нәрсе және маңыздылығы аз екі нәрсені жазу.
Үйге тапсырма:
Оқулықпен жұмыс: 9 тақырып, 33 беттегі С деңгейіндегі 1,2,3 тапсырмалар.</td>
<td></td>
<td>Сабақтан қандай әсер алғандарын, нені білгендерін, не маңызды болғанын білу</td>
<td></td>
</tr>
</table>

Инклюзивті білім берудегі дене шынықтырудың рөлі

Әбдіқадір Шыңғыс Ермағанбетұлы
Қызылорда қаласы №212 мектеп – гимназиясының дене шынықтыру пәні мұғалімі

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесі білім саласындағы басты бағыттардың бірі болып табылады. Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру мекемелерінде білім алуын қамтамасыз ететін жүйе. Мұндай оқыту формасы балалардың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етіп, олардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасайды.

Дене шынықтыру сабағы инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше рөл атқарады. Себебі дене жаттығулары тек физикалық даму құралы ғана емес, сондай-ақ балалардың әлеуметтік бейімделуі мен психологиялық әл-ауқатын нығайтуға ықпал етеді. Бұл баяндамада инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтырудың маңызы, оны ұйымдастырудың ерекшеліктері, кездесетін қиындықтар және оларды шешу жолдары қарастырылады.

Түйінді сөздер: Инклюзивті білім беру. Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕҚББ). Дене шынықтыру. Физикалық даму. Әлеуметтік бейімделу. Психологиялық қолдау. Спорттық инклюзия. Қозғалыс белсенділігі. Дене тәрбиесі. Арнайы спорт жабдықтары. Тең мүмкіндіктер. Командалық рух. Ерекше балалар. Ойын арқылы оқыту. Қарым-қатынас дағдылары

Инклюзивті білім берудің басты мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар балаларды (ЕҚББ) қоғамға толыққанды кіріктіру және олардың білім алуына кедергісіз жағдай жасау. Бұл жүйе: Барлық балаларға тең мүмкіндіктер беру;

Арнайы және жалпы білім беру мекемелерін біріктіру; Балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту; Ерекше қажеттіліктері бар балаларға кедергісіз орта қалыптастыруды көздейді. Инклюзивті білім беру балалардың өзара қарым-қатынасын жақсартып, олардың бойында өзара түсіністік, достық және жанашырлық қасиеттерін қалыптастырады. Дене шынықтыру сабағы – инклюзивті ортада оқитын оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына оң әсер ететін маңызды пәндердің бірі. Оның маңызы келесі факторлармен анықталады:

- Физикалық даму. Дене шынықтыру жаттығулары бұлшықеттерді нығайтып, дене қозғалысын жақсартады. Бұл әсіресе қозғалыс-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балалар үшін аса маңызды. Белсенді дене жаттығулары олардың қозғалыс координациясын жақсартуға, төзімділікті арттыруға және физикалық әлсіздіктің алдын алуға көмектеседі.

- Психологиялық әсері. Дене шынықтыру сабақтары ерекше қажеттіліктері бар балаларға өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға көмектеседі. Оқушылар өз жетістіктерін көрген сайын мотивациясы күшейіп, өз қабілеттеріне деген сенімі артады.

- Әлеуметтік бейімделу. Спорттық ойындар мен командалық жарыстар оқушылар арасында достық қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Бұл инклюзивті ортада оқитын балалардың қатарластары арасында өзін еркін сезінуіне ықпал етеді.

Инклюзивті сыныптарда дене шынықтыру сабағын өткізу барысында мұғалім ерекше әдістерді қолдануы қажет. Жекелендірілген тәсіл - әр оқушының физикалық мүмкіндіктеріне қарай жекелендірілген тапсырмалар берілуі керек. Кейбір балалар күрделі қозғалыстарды орындауға қиналуы мүмкін, сондықтан олардың жеке қабілеттеріне сай баламалы жаттығулар ұсынылады. Арнайы спорттық жабдықтарды қолдану - кейбір ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы спорттық құралдар қажет болуы мүмкін. Мысалы, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған жеңілдетілген спорттық түрлерін жасату. Ойын арқылы оқыту - спорттық ойындар мен эстафеталар ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін сабаққа қызығушылық тудырады. Мұндай ойындар балалардың белсенділігін арттырып, өзара көмек көрсету дағдыларын дамытады. Қарым-қатынас пен ынтымақтастықты дамыту - мұғалім сабақ барысында инклюзивті ортадағы оқушылардың өзара қарым-қатынасын жақсартуға бағытталған жаттығуларды қолдануы керек. Жұптық және топтық тапсырмалар балаларды біріктіріп, ұжымдық жауапкершілікті сезінуге көмектеседі.

Инклюзивті дене шынықтыруда кездесетін қиындықтар және шешу жолдары: Көптеген дене шынықтыру мұғалімдері ерекше балалармен жұмыс істеу әдістерін толық меңгермеген болуы мүмкін.

 Шешім: Мұғалімдерге арналған арнайы курстар ұйымдастыру, тәжірибелі мамандармен семинарлар өткізу. Спорттық инфрақұрылымның жетіспеушілігі. Кейбір мектептерде инклюзивті спорт жабдықтары жоқ немесе спорт залдары тиісті талаптарға сай келмейді.

 Шешім: Мектептерде арнайы спорттық құрылғылармен жабдықтау мәселесін көтеру, демеушілер тарту, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу.

Оқушылардың психологиялық дайындығы. Кейбір ерекше қажеттіліктері бар балалар өздерін өзгелерден кем

сезінуі мүмкін.

 Шешім: Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету, инклюзивті ортадағы балаларды қолдау мақсатында мотивациялық тренингтер өткізу.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы дене шынықтыру сабағы барлық оқушылар үшін пайдалы:

 Ерекше қажеттіліктері бар балалардың физикалық және психологиялық дамуын жақсартады.

 Жалпы сынып оқушыларына жанашырлық, төзімділік, бір-біріне қолдау көрсету дағдыларын қалыптастырады.

 Мұғалімдерге оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, жаңа әдістерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабақтарының рөлі зор. Ол балалардың физикалық дамуын ғана емес, сондай-ақ олардың әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етеді. Дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыруда мұғалімнің кәсіби дайындығы, арнайы әдістерді қолдануы және барлық балаларға тең жағдай жасауы маңызды.

Инклюзивті спорт арқылы әр бала өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезініп, өз қабілеттерін толық көрсете алады. Сондықтан мектептерде инклюзивті дене шынықтыру сабақтарын тиімді ұйымдастыру – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кульманова, Ш.Ж., & Дүйсембаева, А.Т. (2022). Инклюзивті білім берудің педагогикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті.

2. Жұмағұлова, А.М. (2021). Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

3. Шарипов, Т.К. (2020). Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің әдістемелік негіздері. – Шымкент: ОҚМПУ баспасы.

4. Мұхаметқалиева, З.Т. (2020). Дене тәрбиесі және инклюзивті оқыту. – Астана: Фолиант.

Зерттеу қызметін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұны моделі

М.Н.Кершебаева
Қызылорда қаласы №212 мектеп – гимназиясының мұғалімі

Оқытушылардың берген жауаптарын талдай отырып, олардың шығармашылық жұмыс жасауға деген ұмтылысы жоғары болғанымен, студенттерде жиі кездесетін қиыншылықтар анықталды. Оқытушылардың берген жауаптарына сәйкес, олар - 60,2% зерттеу тапсырмаларын орындай алады, алайда олар оны орындау барысында көп уақыт жұмысап, қиыналатындықтарын, ал - 39,8% - да зерттеушілік іс-әрекеттің қалыптасу деңгейінің төмендігі анықталды. Сауалнама жауаптарын талдау нәтижесінде, оқушылырдың көпшілігі зерттеу тапсырмаларын оқытушылардың көмегімен ғана орындай алады деген қорытындыға тоқталдық. Оқытушылардың пікірінше, оқу үдерісіндегі зерттеушілік іс- әрекетті дамыту барысындағы қиындықтардың туындауына әсер етуші себептер: оқушылырдың меңгеруге тиісті ақпаратты талдай алмауы (40,1%), материалдарды жүйелеу (20,3%), экспериментті жоспарлау және жүргізу, зерттеу жұмысы нәтижесі бойынша есеп дайындау және қорғау қабілетінің қажетті деңгейде емес екендігін көрсетті (90,0%).

Біздің байқағанымыз, оқушылырдың зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды орындауға арналған оқытушылар тарапынан ұсыныстардың жетіспеушілігі ол оқу үдерісін ұйымдастырудағы уақыттың тапшылығы. Осы мәселені анықтау үшін оқытушыларға төмендегідей сұрақтар ұсынылды:

1. Оқу үдерісінде төмендегі ұсынылған тапсырмалардың қай типін жиі қолданасыз?

а) репродуктивті тапсырмалар; ә) продуктивті тапсырмалар; б) зерттеушілік тапсырмалар.

2. Оқу үдерісінде зерттеушілік тапсырмаларды қандай жиілікте қолданасыз?

3. Қандай себептерге байланысты сіз оқу үдерісін ұйымдастыруда зерттеушілік іс-әрекетті пайдаланбайсыз? Оқытушылардың сауалнама нәтижесін талдау бойынша оқу үдерісінде негізінен репродуктивті типтегі тапсырмалар (63,8%) қолданылатындығын анықтадық.

Оқушылырдың сауалнамаға берген жауаптарын талдау нәтижесінде олардың қалыптасқан зерттеушілік іс-әрекет деңгейінің орташа есеппен алғанда, біз белгілеген көрсеткішке сәйкес жеткіліксіз деңгейде екендігін көрсетті және оны дамыту қажеттігі анықталды. Сонымен қатар, болашақ инженер мұғалімдерді даярлауда, жұмыс оқу жоспарындағы пәндердің мазмұнында инженериялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктері туралы материалды оқыту жеткіліксіздігі байқалды, оларды қосымша, мақсатты түрде жоспарланған пәндермен толықтыруға назар аудару қажет екендігі анықталды.

Анықтау экспериментінің бастапқы кезеңінде алынған сауалнамалар нәтижесін талдау бізге болашақ инженер мамандықтарының зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру мүмкіндіктерінің бастапқы деңгейін анықтауға және зерттеу жұмысымыздың проблемаларын шешудің нақты жолдарын жоспарлай отырып, құрылымдық - мазмұндық моделін құруға мүмкіндік берді.

Анықтау эксперименті кезеңінде алынған сауалнамалардың нәтижелерін талдау нәтижесі бізге болашақ мамандықтарының зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесінің бастапқы деңгейін анықтауға және зерттеу жұмысымыздың проблемаларын шешудің нақты жолдарын жоспарлауға, мазмұнын құруға мүмкіндік берді.

Мысалы, Сыр өңірінде біздің ата-бабаларымыздың 4 астанасы орналасқан. Олар: 1. Шірік-Рабат қаласы б.з.б. IV-II ғасырлармен б.з. X-XIII ғасырларға дейін өмір сүрген сақ-аппасиақтардың астанасы болған. Бұл қала бүкіл Еуразия құрлығындағы алғашқы қалалардың бірі болып

саналады. 2. Жанкент қаласы – Оғыз қағанатының астанасы X-XI ғасырларда өмір сүрген ірі қала. 3. Сығанақ – VI - XVIII ғасырларда өмір сүрген ірі қала, кезінде Қыпшақ хандығының, Ақ Орданың, Көшпелі қазақ-өзбек хандығының және Қазақ хандығының астанасы болған атақты қала. 4. Қызылорда қаласы – 1925-1929 жылдары Қазақ АКСР-нің астанасы.

Бұдан бөлек VIII-IX ғасырларда өмір сүрген Өзкент қаласы және X-XII ғасырларда өмір сүрген Жент қаласы заманында ірі саяси қалалар болған. Сондай-ақ Сыр өңірінде 50-ден аса басқа да маңызды қалалар болған, мысалы Келінтөбе, Аққорған, Ашнас, Құмиян, Күйік қалалар және әйгілі Жетіасар мәдениетіне жататын асарлар. Осылардың барлығы да біздің ұлттық құндылықтарымыз.

Тағы бір айта кетерлігі, Сыр өңірінде көне және ортағасырлық пантеондар орналасқан: 1. Қармақшы ауданындағы Түгіскенде 60 абыз әйел жерленген қорым. 2. Қармақшы ауданындағы Шірік-рабат қаласындағы көсемдер қорымы. 3. Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата қорымы. 4. Шиелі ауданындағы Оқшы Ата қорымы әулие, билер. 5. Жаңақорған ауданындағы Төлегетай-Қылышты Ата қорымы. 6. Жаңақорған ауданындағы Хорасан қорымы. 7. Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қаласындағы Ақ Орда хандарының қорымы. 8. Қармақшы ауданындағы Марал ишан қорымы. 9. Қазалы ауданындағы Жанқожа батыр қорымы. 10. Жаңақорған ауданындағы Аққорған қорымы. 11. Сырдария ауданындағы Қожжан қожа қорымы. 12. Қармақшы ауданындағы Қарақ тауындағы билер мен батырлар қорымы.

Сырдария ауданда көрікті орындар мен тарихи маңызы бар Сырлытам, Мүлкәлан әулие, Қалжан ахун мешіт-медресесі бар. Іңкәрдария ауылында Молқалан (Молла-Қалан) кесенесі орналасқан. Ежелгі озық ойлы әулие-әмбиелер жайында аңыздар бар. Қызылқұм жеріндегі Сырлытам кесенесі көне тарихтың куәсін қойнына жасырған ескерткіштің үлкені. Қарахан кесенесінен кейінгі Сыр еліндегі ортағасырлық сәулет ескерткішіне жатады. Тарихқа шегінсек, Хазар теңізінің жағалауын Қаңлы, Кердері, Дай ұрпақтары, кейінірек түрікмендер мен қарақалпақтар мекендеген. Кейбір дерек көздерінде Қамбар батыр мен Алпамыс батыр да (Бәміш) Сыр бойында туған делінеді. Қорқыт ата жырларындағы Қазан Салар, Бәміш, т.б. кейіпкерлер тарихта болған, Сыр бойында өмір сүрген адамдар. Баршын қыздың атымен аталған Баршындария Жетікөлден басталған көрінеді. Қазіргі Сырлытам ескерткіші осы Баршын қыздың құрметіне салынған-мыс. Сыр елінде екі Сырлытам бар. Бірі Қармақшы ауданында, екіншісі Сырдария ауданының Іңкәрдария ауылынан 29 шақырым жерде орналасқан. Көрнектірегі де осы. Сырлытам аталып кеткен Баршын қыз мазарының тарихы сонау XIII ғасырдан басталады. Ескерткіш портал күмбезді, шаршы үлгімен, қызыл кірпіштен тұрғызылған. Биіктігі 10 метр шамасында. Құмтөбе басына орнатылған Сырлытамның беті шығысқа қарап тұр. Сырлытам кесенесі ағашсыз салынған екен. Күмбездің бағаналары мен олардың арасына салынған бейнелер қазақтың ою-өрнегіне ұқсайды. Кірпіштері өте жұқа, шертсең, сыңғырлап тұр. Мазардың іші мен сыртындағы бейнелер мен белгілер бұл бейіттің қызға арналған ескерткіш екенін дәлелдей түседі. Ескерткіштің маңдайшасында «Ғамал Жай лахат» деген жазу болған. Бүгінде ол жазудан жұрнақ қана қалған. Бұл мазардың құнды сәулет ескерткіші екенін жете түсінбеген кейбіреулер түрлі нақыштарды бұзып әкеткен. Күмбез жанында төртқұлақты бейіт бар. Сырлытам мазарының ішінде сегіз қабір жатыр. Олар жайында: «Бәмсінің 7 қарындасы болған, сегізіншісі – әйелі Баршын (Бәну-шешек) болуға тиіс», – деп жазады түркітанушы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев. 19-шы ғасырдың ғұламасы, ағартушы Қалжан ахун Бөлекбайұлының медресесі Тереңөзек кентіне жақын жерде орналасқан. Өзі ғалым әрі діни ағартушы болған ол араб, парсы тілдерін жетік меңгеріп, Хиуа мен Бұхарада (Көкілташ медресесі) жоғары білім алып, ағартушылық қызметтермен айналысқан. Ислам дінін насихаттаумен шектелмей, өз шәкірттерін Шығыстың ғылыми және рухани бай мұрасымен де таныстырған. Ол халық арасында ақын және қоғам қайраткері ретінде де белгілі. Оның бастамасы бойынша 1916 жылы медресе тұрғызылды. Бұл жерде медреседен өзге ішкі кірпіштен тұрғызылған Қалжан ахунның өзі тұрған үйінің де орны бар.

Сыр топырағының тарихтың тұмарындай болған жауһарлы жәдігерлер көп. Өскелең ұрпаққа таныту, бабалар жүріп өткен даңғыл жолды насихаттау — біздің басты міндетіміз.

Қазақстанның географиялық орны мен шекаралары

Адамбекова Ажар Турсынбековна
"Жаңатұрмыс ауылындағы орта мектебі" КММ География пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан. Республиканың жерінің ауданы — 2 727 300 км². Жер шарының халық мекендеген құрлық бөлігінің 2%-ы және Еуразия ауданының 5%-ы елдің үлесіне тиеді. Аумағының өлшемі жөнінен ол әлем елдерінің алғашқы ондығына кіреді және ішкі құрлықтық мемлекеттердің ең ірісі болып саналады. Жерінің көлемі жөнінен дүние жүзінде 9-шы орын алады.

Қазақстанның жер бедері әр түрлі. Аумағының 63% — жазық дала алып жатыр. Кең байтақ қазақ жеріінің 25 пайызы шөлдер мен шөлейттерден құралса, 10 пайызы таулар. Республиканың солтүстігінде орманды дала 2 пайыз.

Ел аумағының 23 пайызы егіншілікке арналған орманды дала және суық дала. Қазақ жерінің 70 пайызы шалғайдағы мал шаруашылығына жарамды. Елдің батыстан шығысқа қарай ұзындығы 2900 км, оңтүстіктен солтүстікке қарай 1600 км.

Солтүстік-батыста Орал алдындағы Үстірт орналасқан. Елдің батысында Каспий маңы ойпаты жатыр. Оңтүстік-батысында-Маңғышлақ түбегі (Маңғыстау). Шығысында Үстірт үстірті орналасқан. Каспий ойпатының солтүстік-шығысында Мұғалжарлар, одан әрі Торғай үстірті орналасқан. Арал теңізінің жанында Қызылқұм шөлі мен құмды алқаптар — үлкен борсықтар, Кіші борсықтар және Арал маңындағы Қарақұмдар бар.

Солтүстік-батыста, солтүстікте және солтүстік-шығыста Қазақстан Ресеймен, оңтүстік — шығыста — Қытаймен, оңтүстікте-Қырғызстанмен, Өзбекстанмен және Түрікменстанмен шектеседі. Каспий теңізінің акваториясы Иран, Әзірбайжан, Ресей, Түркіменстанмен бөліседі.

Физика-географиялық тұрғыдан Қазақстанның шекарасы Каспий теңізінің акваториясы бойынша, содан кейін Еділ даласы, жалпы сырты, Жайық алды бойымен өтеді, Орал тауларының оңтүстік сілемдері мен олардың жалғасы Мұғалжарды кесіп өтеді. Одан әрі шығысқа қарай Батыс Сібір жазығы бойымен Алтайға дейін. Оңтүстік-шығыста шекара Тарбағатай мен Жоңғария жоталары, оңтүстігінде-Тянь-Шань таулары, Тұран ойпаты, Үстірт үстірті бойымен Каспий теңізіне дейін өтеді.

Қазақстан шекарасы заңды түрде ресімделген, оның ішінде Каспий бойынша шекарасы бар ауданы бойынша әлемдегі 9-шы ел. Қазақстан шекараларының жалпы ұзындығы 13 394,6 км құрайды.

Республика Еуразияның орталық бөлігінде (бір қызығы, континенттің географиялық орталығы 78 меридианның 50 параллельмен қиылысында, бұрынғы Семей атом полигонының эпицентрінде), Орал тауларының оңтүстігінде орналасқан.

Қазақстанның рельефі негізінен жазық-елдің 80%-дан астамын құрғақ дала, елдің оңтүстік - шығысы мен шығысында-Алтай, Тарбағатай, Жоңғар Алатауы және Тянь-Шань бөктері алып жатыр. Қазақстан мен Қырғызстан шекарасындағы Хан Тәңірі шыңы (7010 М.) еліміздің ең биік нүктесі болып табылады. Жалпы ауданы - 2717,3 мың шаршы км.

Қазақстан аумағында 8500 өзен ағып жатыр. Олардың жетеуінің ұзындығы (ең ұзыны) 1000 км-ден асады, оның ішінде Каспий теңізіне құятын Орал мен Ембі, Арал теңізі мен Ертіске құятын Сырдария, Есіл мен Тобыл өз суларын Солтүстік Мұзды мұхитқа апарады. Қазақстанда 48 мың көл бар. Олардың ішіндегі ең ірілері-Балқаш, Зайсан, Алакөл, Теңіз және Селетенгиз. Қазақстан Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауының жартысын алып жатыр. Каспий теңізінің қазақстандық жағалау сызығы 2340 км. Қазақстанның фаунасына құстардың 490 түрі, сүтқоректілердің 172 түрі, балықтың 100-ден астам түрі, 51 түрі кіреді. Бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділердің 12 түрі, омыртқасыздар дүниесі де өте бай – 50 мыңнан астам түрі (тек жәндіктердің 30 мыңнан астам түрі бар). Қазақстанда барлық белгілі жануарлармен, құстармен және жәндіктермен қатар тіршіліктің өте сирек түрлері бар: мысалы, данатина бақасы немесе Алай гологла сияқты бауырымен жорғалаушылар. Сирек кездесетін жануарлар түріне барыс, тас сусар, Түркістан сілеусіні, арқар жатады.

Жалпы Қазақстанның климаты күрт континенттік болып сипатталады. Елдің әртүрлі бөліктеріндегі ауа-райы үлкен аумаққа байланысты күрт өзгеруі мүмкін. Ел қоңыржай климаттық белдеудің оңтүстік бөлігінде орналасқан. Оның аумағында жыл мезгілдері нақты белгіленген.

Қазақстанда өсімдіктердің алты мыңнан астам түрі өседі, олардың 515-і эндемиктер.

Флорада ағаш түрлерінің 68 түрі, бұталардың 266 түрі, бұталар мен шөптердің 433 түрі, көпжылдық шөптердің 2598 түрі, жылдық шөптердің 849 түрі бар.

Қазақстандағы ормандар сексеуіл ормандары мен бұталарды ескере отырып, аумақтың 1,2% — 4 алып жатыр-4,2 %

Қазақстан өзінің жер қойнауының байлығымен әйгілі. Бұл Жер қыртысының геологиялық құрылысы мен даму ерекшеліктеріне байланысты. Тау түзілу, магмалық жыныстардың енуі және метаморфизм яғни эндогендік процестердің әртүрлілігі, солармен байланысты тау жыныстарының құрылымында, минералдық және химиялық құрылысында болған қандай да бір өзгерістер түрлі пайдалы қазбаларды түзеді.

Әртүрлі металдар — қорғасын, мырыш, хром, алтын, висмут, мыс, молибден, алюминий, темір, марганец, сирек жер элементтері мен жанғыш және металл емес пайдалы қазбалар — көмір, фосфориттер және т. б. кендерінің бай кен орындары бар.

Бастауыш сынып оқушыларының дамуы

Маханбетова Қымбат Мұсақызы
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы Тұрсынбай Датқа ауылы
"№228 Шәймерден Бәкіров атындағы орта мектебі" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш оқушысының жасы (6-7 жастан 8-9 жасқа дейін). Бала бұл жаста көптеген балалық қасиеттерді сақтайды: шапшаң, аңғалдық, ересектерге балалық көзқараспен қарау байқалады. Мінез-құлқы ортаға бейімделуі үшін оған білім қажет. Мектепте ол жаңа білім алып, әрі белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болады. Баланың мүдделері, құндылықтары, оның бүкіл өмір салты өзгереді.

4-сыныпқа қарай табысты оқытуды ынталандыратын маңызды фактор сынып ұжымының пікірі болады. Оқушылардың өз мүдделері, құрдастарымен қарым-қатынас саласы бар. Сондықтан ілімнің оң немесе теріс мотивтері көбінесе сынып ұжымының көңіл-күйіне байланысты: егер сынып ұжымы оқудағы жетістіктерге немқұрайлы қарайтын болса, онда жекелеген оқушылар бұл жағдайға тез бой алдырады. Бірте-бірте бала оқу міндеттерін өз бетінше қоюға және оларды шешуге бағытталған әрекеттерді орындауға үйренеді. Балада Тәуелсіз оқу қызметі қалыптасады, яғни оқу қабілеті. Оқу іс-әрекетінің негізгі артықшылықтары:

• білімді игеруге бағытталған;

• теориялық ойлауды дамыту;

• қалыптастырушы өзін-өзі бақылау білімнің игерілуін және осы білімді алу тәсілдерін бақылауға бағытталған;

* Өзін-өзі бағалау баланың оқудағы жетістіктерін бағалау ретінде қызмет етеді. Оқу іс-әрекетінің әсерінен баланың танымдық саласында үлкен өзгерістер болады, ең маңыздыларын ойлау саласында байқауға болады. Бала жасөспірім кезінде ойлаудың негізіне айналатын ғылыми ұғымдармен ойлауды үйренеді.

Қабылдау саласында еріксіз қабылдаудан белгілі бір тапсырмаға бағынатын объектіні мақсатты ерікті бақылауға көшу жүреді. Жад айқын сипатқа ие болады. Осы жастағы есте сақтау қабілетінің өзгеруі баланың, ең алдымен, ерекше мнемикалық тапсырманы біле бастауымен байланысты. Ол бұл тапсырманы басқалардан ажыратады. Екіншіден, бастауыш сынып жасында есте сақтау әдістері қарқынды қалыптасуда. Бастауыш сынып жасында зейін дамиды. Егер 1-сыныпта еріксіз назар басым болса, онда 3-сыныпқа ол ерікті болады. Зейіннің еріктілігі, оны белгілі бір тапсырмаға әдейі бағыттай білу-бастауыш мектеп жасын алу. Бастапқыда оқушылардың назарын мұғалім басқарады, содан кейін оқушы тапсырманы өз бетінше орындай алады.

Оқу іс-әрекетінің қалыптасуы барлық балаларда бірдей дамымайды. Оқуда қиындықтары бар балалар топтары бар, олар "тәуекел топтары" деп аталады, олар мектепте оқуға әрең бейімделеді. Дезаптацияға ұшырауы мүмкін балалар назар тапшылығы бар, солақай балалар, сондай-ақ эмоционалды бұзылулары бар балалар. Солақайларда мектеп өміріне ену көптеген құрдастарына қарағанда әлдеқайда баяу және ауыр болады. Сондықтан сол қолды бірінші сынып оқушылары мұғалімнің, ата-аналардың және мектеп психологтарының назарын талап етеді.

Бастауыш сынып жасында мінез-құлықтың моральдық мотивтері айтарлықтай дамиды.

* Бала кейіпкерлерге еліктеуді мақсат ете алады, бірақ олардың іс-әрекеттерінің сыртқы жағына ғана. Баланың эмоционалды саласы өзгереді. Бұл өзгеріс мектепке келуімен оның қайғысы мен қуанышы балалармен ойнау мен қарым-қатынасты емес, оқу іс-әрекетінің процесі мен нәтижесін анықтайтындығына байланысты. Ең алдымен, мұғалімнің оның жетістіктері мен сәтсіздіктерін бағалауы, ол белгілеген белгі және басқалардың онымен байланысты қатынасы. Сондықтан, баланың мектепте болған алғашқы кезеңінде сабақта ойын жағдайларын енгізу, дидактикалық, интеллектуалды және басқа ойындарды қолдану маңызды фактор болып табылады. Еңбек қызметі екі бағытта жүреді: өзіне-өзі қызмет көрсету және қолөнер жасау. Балалардың өзіне – өзі қызмет көрсетуге деген талабы және оны нақты ұйымдастыру-еңбек дағдыларын тәрбиелеудің маңызды шарттары. Бастауыш сынып оқушыларының еңбек қызметі Адамның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін үлкен маңызға ие.

Ұлттық рухты оятқан ұлы тұлға

Шаймаганбетова Лаззат Абибуллаевна
Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, №31 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

"Өлсең де қадіріңді біліп , атыңды ұмытпайтын
ел-жұртың мен ұрпағың болса ,
өлімнің несі үрей, несі қиянат..."
Әбіш Кекілбайұлы

Биыл Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбайұлының туғанына 85 жыл. Заманында қара сөзбен тарихтың шырауын қазған жазушы қаламының сиясын сарқып, қазақтың бастан кешкенін жазды. Қазақ әдебиетіне, сыншы, ақын ретінде келіп, үлкен прозалар жазды. Әлемдік әдебиетке өз жолын салып, шым-шытырық тарих болмысын, абыз даланың ұлылығын барынша кең, айқын, нанымды суреттеп, әдебиеттің мерейін асырған қаламгерге айналды.

Ол 1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы (бұрынғы Гурьев облысы), Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде дүниеге келген. Қарымды қаламгер 2015 жылы 11 желтоқсанда Астана қаласында өмірден озды.

Жазушы 1957 жылы Таушықтағы мектептің 1 сыныбына барып, 1948-1954 жылдары Оңды орталау, ал 1956-57 жылдары Үштағандағы орта мектепте оқиды. 1957 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің филология факультетіне түседі. Университетте әдебиет бірлестігін басқарып, жас талаптар шоғырын жарыққа шығарады. Соңғы курста оқып жүріп, «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарады. 1962 - 1965 жылдар аралығында «Лениншіл Жас» газетінде бөлім меңгерушісі болып істеді. 1965-1968 жылдары ҚазКСР Мәдениет министрлігінде, 1968-1970 жылдары Кеңес армиясының қатарында,1970-1975 жылдары «Қазақфильм» студиясында бас редактор, 1975-1984 жылдары Қазақстан КП ОК мәдениет бөлімінде нұсқаушы, сектор меңгерушісі,1984-1986 жылдары ҚазКСР Мәдениет министрінің орынбасары,1986-1988 жылдары Қазақстан жазушылар одағы басқармасының 2-ші хатшысы, 1989-1990 жылдары ҚазКСР тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы Орталық кеңесінің төралқа төрағасы, 1990 жылы Қазақстан КП ОК бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Еліміз тәуелсіздік алған соң 1991 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Мәдениет, тіл және ұлтаралық қатынастарды дамыту жөніндегі комитеттің төрағасы, 1992-1993 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы,1993-1995 жылдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, 1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, 1996-2002 жылдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы болып істеді.

Қоғам қайраткері 2002 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты. Әбіш Кекілбайұлы Қазақстан Жоғарғы Кеңесіне екі рет, Мәжілісіне бір рет баламалы негізде депутат болып сайланады.

Әбіш Кекілбайұлының алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ» 1962 жылы, «Бір шөкім бұлт» 1965 жылы жарық көрді. Ауыл өмірінен жазылған повесть, әңгімелер жинағы «Дала балладалары» - Әбіш Кекілбайұлының кең тынысты эпик, суреткерлік болашағын танытады. 1974 жылы «Дәуірмен бетпе-бет» сын мақалалар жинағы, «Бір уыс топырақ», 1979 жылы «Тырау тырау тырналар», Маңғыстау түбегінің өткені, бүгіні, болашағы туралы «Ұйқыдағы арудың оянуы» тарихи танымдық баян, 1982 жылы «Шыңырау» повестер жинағы, 1992-93 жылдары Таңдамалы екі томдық, 1995 жылы «Заманмен сұхбат» 1998 жылы «Азаттықтың ақ таңы», публицистикалық мақалалары, толғамдары, 1999 жылы 12 томдық шығармалар жинағы жарыққа шықты.

2001 жылы шыққан «Талайғы Тараз», 2002 жылы шыққан «Шандоз» тарихи тақырыпты ғылыми дәйекпен, дерекпен түсінікті ұғымды етіп жеткізудің жаңа бағыт-бағдарын белгілеп берді. 2009 жылы «Сыр десте» деп аталатын автордың көп жылдық ой-толғаулары, эссе, естелік, сөйлеген сөздерінің 5 томдық жинағы жарыққа шықты. Әбіш Кекілбайұлының көптеген шығармаларыТМД халықтары мен шетел тілдеріне аударылған. Ол ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының1986, Қазақстан Республикасы Президентінің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының -1995, «Отан» орденімен -1999, Түркі елдері қауымдастығының шешімімен «Түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін сыйлығын» алады. 2003 жылы «Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен марапатталды. Шандоз» «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-Алаң», «Конец легенды», «Плеяды - созвездие надежды»,«Всполохи» романдары, «Бір шөкім бұлт», «Күй», «Бәйгеторы», «Шыңырау», «Бәсеке», «Ханша дария хикаясы», «Құс қанаты», «Бір шоқ жиде», «Шеткері үй» повестері жарық көрді. К.Гоццидің - «Туранбике ханшайым», А.П.Чеховтың - «Ваня ағай», Вальехо Антонио Буэроның - «Бүгін мейрам, бүгін той», Генрик Ибсеннің- «Үрей», Л.Дарконың - «Сүйіктім менің, Электра!», У.Шекспирдің - «Ромео мен Джульетта», У.Шекспирдің -«Кориолан», У. Шекспирдің - «Король Лир», М.Фриштің «Ғылым қуған Дон-Жуан» шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Мемлекеттік қызметпен қаламгерлігі қатар жарасым тапқан тұлға адалдықты айшықтап жазып өтті. «Асау теңіздегі алып кеменің байсалды жүзгені сияқты, Әбіш Кекілбаевтың ақыл-ой тебіренісі де ешбір толқын бетін қайтара алмайтын салмақты құбылысқа ұқсайды. «Мен әдебиетші болмасам, саясатқа келмес ем. Суреткер болмасам, күрескер де болмас ем» деген сөз – Әбіш Кекілбай-

ұлының өмірлік кредосы, айнымас ақиқаты еді. Шындық пен шынайылықты, адалдық пен ақиқатты тұғыр еткен турашыл тұлға әрдайым халықтың үдесі мен мемлекеттің мүддесін биік қоятын», деді қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаев. Мемлекеттік хатшы Қырымбек Елеуұлымен Әбіш Кекілбайұлы бір өңірден шыққан жерлес қана емес, рухани үндес бауырдай болған тұлғалар.

ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Әбділдин: «Әбіш Кекілбаев тек талантты жазушы емес. Ол расында да мемлекет және қоғам қайраткері. Әсіресе Әбіштің елдің ішкі-сыртқы саясатына сіңірген еңбегі зор. Бұған қоса қазақтың тәуелсіз ел атанып, еңсе тіктеуіне бірден-бір рухани һәм саяси ықпалын тигізді», деп естелік қалдырды.

Қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков: «Әбіш Кекілбаевтың тойы – әдебиетіміздің, заты мәдениетіміздің тойы. Әбіш үлкен әдебиеттің есігін именбей ашып, оның төріне бірден шықты. Студент кезінің өзінде-ақ құлаш-құлаш мақала жазып, келелі, терең ойларымен әдеби ортаның назарын аударды. Әбіш Кекілбаев әдебиетке әуелі сыншы ретінде, ақын ретінде келіп, үлкен прозаға сосын көшті. Әлемдік әдебиетке өз жолын салып, шым-шытырық тарих болмысын, абыз даланың ұлылығын барынша кең, айқын, нанымды суреттеп, әдебиеттің мерейін асырған қаламгерге айналды. Мен оны қазақ жазушыларының ішінде тек кемеңгер Мұхтар Әуезовке ғана ұқсатамын», деп қаламгер шығармаларын талдап өтті.

Әбіш Кекілбайұлының «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984) романдары қазақ әдебиетінің үлкен табысы ретінде бағаланып, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды. Ал мемлекеттік қызметтегі елжанды еңбектері де жоғары бағаланып, Қазақстанның Еңбек Ері, Отан ордені, Назарбаев ордені, ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл медалі, ҚР Парламентіне 10 жыл медалі, Астана қаласына 10 жыл медалі, Құрмет белгісі ордені, Достастық ордені, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, Елбасының бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері (1995 ж.), Қазақстанның халық жазушысы, Маңғыстау облысының құрметті азаматы атақтарын алды.

Оның «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» тарихи романдары – тек тарихи шежіре емес, бүгінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астасып, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына ұмтылатын мінез тәрбиелерлік қуатты шығармалар. Әбіш Кекілбаевтың қай қасиетін сөз етсек те, ең алдымен, қазақ санасында оның әдебиет сыншысы, шебер, көркем шығарма жазушылығы алғы кезекке шығады. Әдебиетке бала кезінен мол дайындықпен келгені оның терең шығармаларынан айқын көрінеді. Әдеттегідей жасқана, имене әдебиеттің есігін ашқан жас өскін емес, білімі толық, кемелі келісті, қаламы төселіп, даусы орныққан дарын иесі екендігі шүбәсіз, нық басқан салмақтылықпен келді. Ол өзінің көркем сөз зергерлігімен біздің рухани өмірімізді байытты, көзімізді ашты, көкірегімізге ұлттық сенім, сана ұялатты.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда және әлеуметтік бейімдеуде психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің маңызы



Баймаханова Салтанат Решадовна
Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Қазіргі әлемде, сонымен қатар Қазақстанда да ахуалдары ауыр жағдайдағы отбасылар саны өсуде, себебі арнайы педагогика мен психологияда «аутизм, интеллекттің бұзылуы, психикалық тежеліс, сөйлеу тілінің даму тежелісі» түсініктері жиі қолданыла бастады. Кейінгі жылдары бұл өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау қазіргі күннің көкейтесті мәселелерінің біріне айнала бастағаны да белгілі. Бұл мәселенің басты себептерінің бірі өскелең ұрпақтың қалыптасуында айтарлықтай әсері бар, балалар мен жасөспірімдердің дамуы үшін аса маңызды отбасы, білім беру, денсаулық сақтау секілді салаларға әсер еткен соңғы онжылдықтағы әлеуметтік-психологиялық дағдарыстың зардаптары да болуы мүмкін.

Бала – бұл әрбір жас кезеңіне тән өзіндік морфологиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері бар, үнемі өсу және даму үстіндегі организм. Әрбір бала өмірінің әртүрлі кезеңдерінде әлеуметтік жағдайына да қарамастан, өзінің де қалауынсыз түрліше қиын жағдайларға тап болып әртүрлі деңгейдегі көмекке, қолдауға мұқтаж болуы мүмкін.

Осы орайда кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсететін мемлекеттік нысан «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» мекемесі туралы сөз қозғамақпын.

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті жеке даму бағдарламалары негізінде жеке, топтық, шағын топтың ішінде жүзеге асыратын арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің бірі және басқа арнайы білім беру ұйымдарына баратын балаларды қоспағанда, туғаннан 18 жасқа дейінгі психофизикалық дамуында бұзылысы бар балалар мен жасөспірімдерге кешенді психологиялық - педагогикалық көмек көрсету функцияларын жүзеге асыратын мекеме болып табылады.

Себебі, мұнда ерекше білім беруді қажет ететін балалармен арнайы мамандары атап айтатын болсақ педагог-психолог, логопед-мұғалімі, дефектолог:олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, ЕДШ нұсқаушысы мамандары кешенді жұмыс жасайды. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетіне келу үшін ең алдымен баланың ата-анасының немесе заңды өкілінің келісімі және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация мекемесінің тұжырымы қажет. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетіне келген соң, баланың ата-анасы немесе заңды өкілі мен мекеме арасында келісімшарт жасалып, балаңызға жеке даму бағдарламасын құру үшін 2 апта бақылау сабағына алынады. Содан соң, түзету кабинетінің арнайы мамандары балаңызға ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау мақсатында командалық бағалау өткізеді. Түзете-дамыту сабақтары 90 күнтізбелік күннен 365 күнтізбелік күн аралығында созылады. Келісімшарт уақыты біткен соң, балаға қорытынды командалық бағалау жүргізіледі. Сол кезде сіз балаңыздың нәтижесін, осы уақытқа дейінгі жеткен жетістігін көре аласыз.

2017 жылдың 11 шілдедегі «Коммуналдық мемлекеттік мекемелер құру туралы» №831 қаулысы негізінде Жалағаш ауданы әкімінің №215 қаулысы бойынша 2017 жылы 18 қазанында «Қызылорда облыстық білім басқармасының «Жалағаш ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. 2017 жылдан бері Жалағаш ауданы бойынша туғаннан 18 жасқа дейінгі психофизикалық дамуында бұзылысы бар балалар мен жасөспірімдерге кешенді психологиялық-педагогикалық көмегін көрсетіп келеді.

2024 жылы Жалағаш ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетіне жас ерекшелігі әртүрлі 105 (жүз бес) бала арнайы мамандардың түзете-дамыту көмегін алған. Оның ішінде 0-3 жас – 13 бала, 3-6 жас – 75 бала, 7-18 жас – 17 бала.

Сурдопедагог маманы 2024 жыл бойынша - 33 балаға түзете-дамыту сабағын жүргізген, оның ішінде есту қабілетінде бұзылысы бар – 3 бала, сөйлеу тілінде әртүрлі ерекшеліктері бар – 30 бала қамтылған. Сурдопедагог жұмыс жасау нәтижесінде түзелген бала (100%) – 1 бала, мақсаттың толық орындалмауы (50%) – 20 бала, жақсару (25%) – 4 бала, өзгеріссіз (0%) – 8 бала

Логопед маманы 2024 жылы - 34 балаға түзете-дамыту сабағын жүргізген, оның ішінде сөйлеу тілінде бұзылысы бар – 30 бала, психикалық және сөйлеу тілі даму тежелісі бар 4 бала қамтылған. Логопед маманында түзелген бала (100%) – 6 бала, мақсаттың толық орындалмауы (50%) – 14 бала, жақсару (25%) – 9 бала, өзгеріссіз (0%) – 5 бала.

Педагог-психолог маманы 2024 жылы 20 балаға түзете-дамыту сабағын жүргізген, оның ішінде қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы бар – 13 бала, психикалық және эмоцияналды-коммуникативтік даму тежелісі бар – 6 бала, мінез-құлық қиындығы бар – 1 бала қамтылған. Психолог маманының жұмыс жасау нәти-

жесінде түзелген бала (100%) – 7 бала, мақсаттың толық орындалмауы (50%) – 8 бала, жақсару (25%) – 5 бала.

Дефектолог маманы 2024 жыл бойынша – 25 балаға түзете-дамыту сабағын жүргізген, оның ішінде қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы бар – 17 бала, тірек-қимыл аппаратының бұзылысымен - 4 бала, психикалық дамуы тежелген – 2 бала, сөйлеу тілінің тежелісімен – 1 бала, зерде бұзылысымен – 1 бала қамтылған. Нәтижесінде, түзелгені (100%) - 13 бала, 50% мақсатқа жеткені – 3 бала, 25% жақсару – 4 бала, өзгеріссіз (0%) – 5 бала.

ЕДШ нұсқаушысы 2024 жыл бойынша – 16 балаға түзете-дамыту көмегін көрсеткен. Оның ішінде 14 тірек-қимыл аппаратында бұзылысы бар балаларға емдік дене шынықтыру жаттығуларын жасаған, қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысымен 2 балаға түзете-дамыту көмегін көрсеткен. Соның нәтижесінде, 100% мақсатқа жеткені – 2 бала, 50% мақсатқа жеткені – 6 бала, 25% жақсару – 5 бала, өзгеріссіз (25%) – 3 бала.

2024 жылы мекеме мамандарының түзете-дамыту жұмысының нәтижесі бойынша мақсаттың толық орындалуы – 24 бала (100%), мақсаттың толық орындалмауы – 41 бала (50%), жақсару – 21 бала (25%), өзгеріссіз – 19 бала.

Қорытындылай келе, мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау — біздің міндетіміз. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар басқа балалармен тең құқылы және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндігі бар. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар жандарға деген мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек етек жинап, ел болғалы толастамақ емес. Десек те, даму мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ел тарапынан бөлінетін көмек пен қамқорлық шектелмесе екен деген ойдамын. Бұл жандар ондай өмірді таңдап алмаса керек. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардан болашақта қолдарынан іс келетін саналы азаматтар мен азаматшалар шықпасына кім кепіл? Ерекше білім беруге қажеттілігі бар жандардың қозғалыс мүмкіндігі шектелгенімен, жан-дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу − белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты парызы.

Соңғы уақытта елімізде атқарылып жатқан істер ерекше білім беру жүйесінің қалануына негіз болары анық. Елімізде өркениетті қоғам құру үшін, тәрбиелі, дені сау азаматтар мен азаматшалар тәрбиелеу керек.

Бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу



Арғымбаева Айсұлу Ертазақызы
Болашақ университеті, ПМНО 22 оқу тобы

Отансүйгіштік – әрбір азаматтың бойында қалыптасуы тиіс асыл қасиеттердің бірі. Өз Отанын сүю, туған жерін құрметтеу, елінің тарихын білу, мемлекеттік рәміздерді қастерлеу және халқына адал қызмет ету – нағыз отансүйгіштіктің белгісі. Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу – бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Бастауыш мектеп – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы әрі маңызды кезеңі. Бұл жаста оқушының дүниетанымы кеңейіп, адамгершілік қасиеттері, туған жеріне, отбасына, еліне деген сүйіспеншілігі қалыптаса бастайды. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі оқушыларға білім берумен қатар, олардың бойында ұлттық құндылықтарды, патриоттық сезімді және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуі қажет.

Отансүйгіштік – адамның туған жеріне, еліне, халқына деген сүйіспеншілігі мен құрметін білдіретін рухани қасиет. Ол адамның өз елінің тарихын, мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін құрметтеуінен және қоғамға пайдалы іс жасауға ұмтылуынан көрінеді.

Бастауыш сынып оқушыларына отансүйгіштік тәрбие беру кезінде олардың жас ерекшеліктері ескерілуі керек. Бұл кезеңде балалар нақты мысалдар, қызықты әңгімелер, ойындар, суреттер мен шығармашылық тапсырмалар арқылы жақсы үйренеді.Мысалы, оқушыларға Қазақстанның табиғаты, тарихи орындары, белгілі тұлғалары, ұлттық мерекелері туралы мәлімет беру олардың туған еліне деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздердің мағынасын түсіндіру арқылы елге деген құрмет сезімі қалыптасады.

Отансүйгіштік тәрбиені бірнеше бағытта жүзеге асыруға болады. Бірінші бағыт – туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.Туған жер – әр адамның жүрегіне жақын, қадірлі мекен. Оқушыларға өз ауылы, қаласы, өлкесінің тарихы мен табиғаты туралы мәлімет беру маңызды. Туған өлкенің көрікті жерлері, тарихи ескерткіштері, табиғи байлықтары туралы әңгімелер баланың өз мекеніне деген мақтаныш сезімін арттырады.Мұғалім оқушыларға «Менің туған өлкем», «Менің Отаным – Қазақстан», «Туған жерімнің табиғаты» тақырыптарында шығарма жаздырып, сурет салдыруына болады. Мұндай жұмыстар оқушының өз ойын жеткізуіне және туған жерін тереңірек тануына мүмкіндік береді.

Екінші бағыт – ұлттық құндылықтарды дәріптеу.Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары – ұрпақ тәрбиесінің маңызды негізі. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, батырлар жыры мен халық ертегілері арқылы тәрбие беруге болады. Мысалы, «Отан – отбасынан басталады», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген мақалдардың мағынасын түсіндіру арқылы балалар туған жердің қадірін түсінеді.Сонымен бірге Наурыз мерекесін атап өту, ұлттық ойындар ұйымдастыру, қолөнер бұйымдарымен таныстыру оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырады.

Үшінші бағыт – мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы және Әнұраны – тәуелсіз еліміздің басты нышандары. Оқушыларға мемлекеттік рәміздердің мәні мен мағынасын түсіндіру олардың азаматтық санасын қалыптастыруға ықпал етеді.Сынып сағаттарында мемлекеттік рәміздер туралы әңгімелер өткізіп, олардың тарихы мен маңызын түсіндіруге болады. Әнұранды орындау кезінде құрмет көрсету, мемлекеттік мерекелердің мәнін түсіну де патриоттық тәрбиенің құрамдас бөлігі болып табылады.

Төртінші бағыт – тарихи тұлғалар мен батырлардың өмірін үлгі ету.Қазақ халқының тарихында елінің тәуелсіздігі мен жерінің тұтастығы үшін еңбек еткен көптеген тұлғалар бар. Оқушыларды батырлар, билер, ағартушылар, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің өмірімен таныстыру арқылы олардың бойында табандылық, адалдық, батылдық және жауапкершілік қасиеттерін дамытуға болады.Мысалы, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Бауыржан Момышұлы, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы туралы балаларға түсінікті әңгімелер айтуға болады. Олардың елге сіңірген еңбегін түсіндіру арқылы оқушылар жақсы қасиеттерді бойына сіңіреді.

Бесінші бағыт – еңбекке және қоғамдық жауапкершілікке тәрбиелеу.Отанды сүю тек сөзбен емес, нақты іспен де көрінеді. Өз сыныбын таза ұстау, мектеп мүлкіне ұқыпты қарау, табиғатты қорғау, үлкендерге көмектесу және қоғамдық жұмыстарға қатысу – отансүйгіштік тәрбиенің қарапайым көріністері.Мұғалім оқушыларға мектеп ауласын көгалдандыру, гүл отырғызу, табиғатты қорғауға арналған акциялар мен қайырымдылық шараларына қатысу сияқты жұмыстарды ұсына алады. Осындай іс-шаралар балалардың жауапкершілігін арттырып, қоғамға пайдалы болуға үйретеді.

Бастауыш сыныпта патриоттық тәрбиені нәтижелі ұйымдастыру үшін мұғалім оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін пайдалануы керек.Әңгімелесу әдісі. Мұғалім туған жер, Отан, ел тарихы және ұлттық құндылықтар туралы әңгімелесу арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді. Балаларға сұрақтар қойып, өз пікірлерін айтуға мүмкіндік береді.Ойын әдісі. «Менің Қазақстаным», «Кім жыл-

дам?», «Мақалды жалғастыр» сияқты танымдық ойындар балалардың сабаққа қызығушылығын арттырады. Ойын арқылы оқушылар ұлттық дәстүрлер мен мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін бекітеді.

Шығармашылық жұмыстар. Сурет салу, өлең оқу, шығарма жазу, қабырға газетін әзірлеу және шағын жобалар дайындау оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады. Мысалы, «Мен елімді мақтан тұтамын» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастыруға болады.

Сынып сағаттары мен мерекелік іс-шаралар. Тәуелсіздік күні, Республика күні, Наурыз мерекесі және басқа да маңызды күндерге арналған тәрбиелік шаралар оқушылардың ел тарихына деген қызығушылығын арттырады. Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу – болашақ ұрпақтың рухани дамуына және елдің келешегіне бағытталған маңызды жұмыс. Отансүйгіштік қасиет баланың туған жеріне деген сүйіспеншілігінен, ұлттық мәдениетті құрметтеуінен, мемлекеттік рәміздерді қастерлеуінен және қоғамға пайдалы болуға ұмтылуынан көрінеді.

Бұл қасиеттерді қалыптастыруда бастауыш сынып мұғалімінің орны ерекше. Ұстаз оқушыларға сапалы білім берумен қатар, олардың бойында адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік пен елжандылық қасиеттерін дамытуы қажет. Бүгінгі бастауыш сынып оқушысы – ертеңгі ел азаматы. Сондықтан әрбір баланың жүрегіне туған жерге деген құрмет пен Отанға деген сүйіспеншілікті сіңіру – ұстаздар мен ата-аналардың ортақ міндеті. Еліне адал, білімді, саналы және жауапты ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің жарқын болашағына үлес қосамыз.

Отанға қызмет ету – абыройлы міндет

Мырзабаев Нұрбол Төлендіұлы

Отанды сүю – туған жерге деген құрметтен, елдің тарихы мен мәдениетін бағалаудан, оның болашағына жауапкершілікпен қараудан басталады. Ал туған елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы. «Отанға қызмет ету – абыройлы міндет» деген ұғымның астарында терең мағына, үлкен жауапкершілік пен ел алдындағы азаматтық парыз жатыр.

Қазіргі таңда жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, олардың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Осы бағытта мектеп қабырғасында оқытылатын алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің маңызы ерекше. Өйткені бұл пән оқушыларға әскери білім мен дағды беріп қана қоймай, оларды тәртіпке, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа және Отан алдындағы міндетін терең түсінуге тәрбиелейді.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық – жасөспірімдердің азаматтық көзқарасын қалыптастырып, ел қауіпсіздігіне қатысты түсінігін кеңейтетін маңызды пән. Сабақ барысында оқушылар әскери қызметтің ерекшеліктерімен танысып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері туралы білім алады. Сонымен қатар саптық дайындық, азаматтық қорғаныс, алғашқы медициналық көмек көрсету, төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік шаралары секілді маңызды бағыттарды меңгереді.

Әскери дайындықтың басты мақсаты – әрбір оқушыны әскери қызметке ғана бейімдеу емес, ең алдымен, оны саналы, тәртіпті, жауапкершілігі жоғары азамат етіп қалыптастыру. Себебі Отанға қызмет ету тек әскери киім киіп, қару ұстаумен шектелмейді. Елдің дамуына үлес қосу, заңды құрметтеу, қоғамдық тәртіпті сақтау, өз міндетіне адал болу да – отансүйгіштіктің айқын көрінісі.

Әсіресе бүгінгі жаһандану дәуірінде өскелең ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен тарихи сананы қалыптастырудың мәні зор. Жас буын ел тарихын біліп, тәуелсіздіктің қадірін түсініп, бейбіт өмірдің бағасын сезінуі қажет. Өйткені елдің ертеңгі қауіпсіздігі мен тұрақты дамуы білімді, отаншыл әрі жауапты азаматтардың қолында.

Бұл ретте алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерінің атқаратын қызметі айрықша. Олар оқушыларға әскери білім берумен қатар, жас ұрпақтың бойына батылдық, табандылық, төзімділік, өзара көмек және көшбасшылық қасиеттерді сіңіреді. Түрлі әскери-патриоттық іс-шаралар, саптық байқаулар, танымдық кездесулер мен практикалық сабақтар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың ел алдындағы жауапкершілігін сезінуіне ықпал етеді.

Сондай-ақ мектеп пен отбасының бірлескен тәрбиесі де маңызды. Ата-ананың өнегесі, ұстаздың тәлімі, қоғамның қолдауы жасөспірімнің азамат болып қалыптасуына негіз болады. Отанға деген сүйіспеншілік құр сөзбен емес, күнделікті іс-әрекетпен, адал еңбекпен және жауапты көзқараспен қалыптасады.

Елін қорғау – ерлік болса, елге адал қызмет ету – азаматтықтың белгісі. Сондықтан әрбір жас өз болашағына бейжай қарамай, сапалы білім алып, бойындағы қабілетін дамытып, қоғамға пайдалы азамат болуға ұмтылуы тиіс. Өйткені тәуелсіздіктің тұғырлы, мемлекеттің ғұмырлы болуы – өскелең ұрпақтың білімділігі мен отаншылдық рухына тікелей байланысты.

Отанға қызмет ету – тек міндет емес, ол әрбір азаматтың жүрек қалауымен атқаратын абыройлы борышы. Туған жердің тыныштығын сақтау, елдің бірлігі мен тәуелсіздігін нығайту – баршамызға ортақ жауапкершілік. Отанын сүйген ұрпақ қана ел болашағын жарқын ете алады.